

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



«БЕКІТЕМІН»

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университетінің Басқарма
төрағасы-Ректордың у.м.а

Сугирбаева Г.Д.

қолы Т.А.Ә.

«07» 07 2025 ж.

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТТІҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Университеттің кеңейтілген
Басқарма отырысында қаралды.
Хаттама № 7, «07» 07 2025 ж.

Шымкент 2025 ж.

Р/с.	Мазмұны	беті
1	Кіріспе	5
1.1	Университеттің кадрлық құрамы, профессор-оқытушылардың саны және сапалық деңгейі	10
1.2	Ғылыми кеңес пен кеңейтілген Басқарма отырысының құрамы, қаралған мәселелер, шешімдер және олардың орындалуы.	13
1.3	Қорытынды.	14
1.4	Ұсыныстар.	14
1.5	SWOT-талдау	15
2	Оқу процесін ұйымдастыру	16
2.1	Реестрге тіркелген білім беру бағдарламалары саны (ҚР, QS ТОП-700): Инновациялық ББ, Бірлескен ББ, Қосдипломды ББ	16
2.2	Жетекші рейтингтерде орын алатын білім беру бағдарламаларының саны (Атамекен, НААР, QS-EECA пәндік рейтингтеріндегі орны (ТОП-500) және т.б.).	18
2.3	Студенттер контингенті	19
2.4	Магистранттар мен докторанттар контингенті	22
2.5	Қысқы/көктемгі емтихан сессиясының мониторингі	23
2.6	Жазғы семестрді ұйымдастыру және мониторингі	32
2.7	20__-20__ оқу жылында университеттің профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыруы	38
2.8	Бейресми білім беру бағдарламасы, Күміс университеті білім беру бағдарламасы, 6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бағдарламалар бойынша мәліметтер.	39
2.9	Қайта даярлау курстары	40
2.10	Академиялық ұтқырлық	41
2.11	Халықаралық байланыстар	51
2.12	Оқытушылық қызметке тартылған шетелдік сарапшылардың үлесі	53
2.13	Ағылшын тілінде оқытатын ОПК туралы мәліметтер (пайыздық үлесі)	66
2.14	Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдар өкілдері туралы мәліметтер	67
2.15	Қорытынды.	68
2.16	Ұсыныстар.	69
2.17	SWOT-талдау	70
3	Оқу-әдістемелік жұмыстар	73
3.1	Кафедра пәндерінің оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен камтамасыз етілуі.	73
3.2	Білім алушылардың өзіндік жұмыс түрлері бойынша тапсырмалар мен курстық жұмыстардың орындалуы және бағалануы	81
3.3	Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының ашық сабақтарда оқытудың жана белсенді инновациялық әдістері мен мультимедиялық құралдарды қолдануы	83
3.4	Факультет, кафедралардағы ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік семинарлардың жұмысы	95
3.5	Профессор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік жұмыстарының көрсеткіші (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулар, силлабус – оқу кешендері, зертханалық, практикалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары)	102
3.6	Электрондық оқу басылымдарын дайындау.	112
3.7	Оқу процесіне инновациялық педагогикалық әзірлемелерді ендіру.	115

3.8	Жаппай ашық онлайн курстарын (ЖАОК) әзірлеу.	118
3.9	Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру	120
3.10	Қорытынды.	122
3.11	Ұсыныстар.	122
3.12	SWOT-талдау	123
4	Қорытынды аттестаттау	123
4.1	Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстары	123
4.2	Қорытынды аттестаттау нәтижелері	127
4.3	Бітірушілердің ПББ (Педагогтердің білімін бағалау) нәтижелері	130
4.4	Бітірушілердің жұмысқа орналасуы	131
4.5	Қорытынды.	133
4.6	Ұсыныстар.	133
4.7	SWOT-талдау	134
5	КӘСІПТІК ПРАКТИКА	134
5.1	Кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы және бағалау нәтижелері	134
5.2	Кәсіптік практиканың жұмыс бағдарламалары, білім алушыларға ұсынылатын құжаттармен қамтамасыз етілуі	137
5.3	Магистранттар мен докторанттардың практикасы	138
5.4	Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдар өкілдері туралы мәліметтер	142
5.5	Кафедра филиалдары туралы мәліметтер	146
5.6	Қорытынды.	147
5.7	Ұсыныстар.	148
5.8	SWOT-талдау	148
6	Тәрбие жұмысы	149
6.1	Университет, факультет пен кафедра бойынша топтарда өткізілген тәрбиелік іс-шаралар жайлы мәлімет (мазмұны мен формасы туралы).	149
6.2	Азаматтық және патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде студенттердің өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі	151
6.3	Білім деңгейі бойынша білім алушылардың жалпы санынан волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің үлесі	151
6.4	Патриоттық сананы қалыптастыру	151
6.5	Рухани-адамгершілік даму бағыты.	153
6.6	Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу	154
6.7	Құқықтық тәрбие	156
6.8	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	157
6.9	Жастар бастамаларын қолдау	159
6.10	Ақпараттық-насихаттау жұмысы	161
6.11	Қорытынды, ұсыныстар	164
7	Кәсіби бағдар жұмыстары	166
7.1	Факультет/кафедра бойынша өткізілген кәсіби бағдар беру іс-шаралары жайлы (мазмұны, формасы туралы толық мәлімет).	166
7.2	Түркістан облыс аудандары, Шымкент қаласы бойынша бөлінген мектептер саны.	168
7.3	Қорытынды.	169
7.4	Ұсыныстар.	169
7.5	SWOT-талдау	170
8	Ғылыми-зерттеу жұмыстары	170

8.1	Факультеттің/кафедраның ғылыми-кадрлық әлеуеті, ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттары, оның орындалуы, ғылыми-зерттеу жұмыс жобалары, бағдарламалардың жоспарлануы мен іске асырылуы	170
8.2	Республикалық, халықаралақ жобалар: ERASMUS+, HORIZON, ҚР ҒЖБМ ҒК бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жобалар, ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобалар, Стартап жобалар, оның ішінде бастамалық (инициативалық) жобалардың саны, жетекшілері мен орындаушылар туралы мәліметтер	181
8.3	Жарияланымдар: баспадан шығарылған монографиялар, ғылыми мақалалар, конференция еңбектері (атауы, авторлары, жарияланған орны (Clarivate Analytics, Scopus базаларындағы), көлемі)	184
8.4	Патенттер және алдыңғы патенттер, инновациялық патенттер, авторлық туындылар (өнертабыстарды), зияткерлік меншік объектісінің мемлекеттік тіркелуінің болуы, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің өндіріске енгізілгені, оқу үдерісіне енгізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен енгізу туралы актілер (саны және актінің көшірмесі).	186
8.5	Ғылым саласындағы ОПК жетістіктер мен марапаттар (ҚР салалық министрлігімен бекітілген ресми тізімі бойынша): елеулі жетістіктері	190
8.6	Ғылыми атақ алу (ҚР ҒЖБМ немесе ОҚПУ дипломын алған жағдайда)	202
8.7	Қорытынды	204
8.8	Ұсыныстар	208
8.9	SWOT-талдау	208
9	Материалдық база және оқулықтармен қамтамасыз етілуі	209
9.1	Білім беру бағдарламаларына арналған зертханалық және арнайы кабинеттер	209
9.2	ББ бойынша қажетті кітап қоры және кітап қорын толықтыру	212
9.3	Студенттік жатақханалардағы енгізілген төсек-орындардың саны	218
9.4	Қорытынды.	218
9.5	Ұсыныстар.	218
9.6	SWOT-талдау	219
10	Сапа менеджмент жүйесі	219
10.1	Сапа менеджменті жүйесін жақсарту жұмыстары туралы	219
10.2	Ішкі аудит қорытындысы бойынша атқарылған іс-шаралар туралы	228
10.3	Аккредиттелген білім беру бағдарламасы	228
10.4	Университет KPI жүйесі	231
10.5	Мониторинг	232
10.6	SWOT-талдау	237
10.7	Қорытынды	237
10.8	Ұсыныстар	240

Кіріспе

Университет өзінің миссиясы мен пайымын айқындай отырып, дамудың жаңа бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірледі. Бағдарлама ҚР Стратегиялық жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі – СЖЖ) құжаттарына, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023-2029 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасына (бұдан әрі – Тұжырымдама) және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) даму жоспарына негізделген.

Осы бағдарламада университеттің 2023-2029 жылдарға арналған дамуының жаңа кезеңдері баяндалған. Біз салыстырмалы талдау үшін тиісті индикаторларды пайдалана отырып, басымдықтарымыздың, бағыттарымыз бен мақсаттарымыздың барысын бақылайтын боламыз. Осы құралдардың көмегімен ресурстарды тиімді пайдалана аламыз, Университеттің миссиясына адал бола отырып, сыртқы ортаның қиындықтарына жауап бере аламыз.

Даму бағдарламасы университетті одан әрі дамытудың және оның білім беру нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен нақты бағыттарын тұжырымдайды.

2024-2025 оқу жылында университетке Өзбекәлі Жәнібеков есімінің беруілуіне орай «Жәнібеков» орталығының материалдық базасын одан ары жабдықтау мен тұлғаның есімін таныстыру бағытында іс-шаралар саны мен сапасы артты. Бұл орайда ЖОО-ның басшылығы тарапынан материалдық-техникалық жабдықтауда (музыкалық аппаратураның жаңарту, архивтерге іс-сапарға жіберу т.б.), рухани-тәрбиелік маңызы үлкен «Шаңырақ» ғимаратына Ө.Жәнібеков пен Ж.Аймауытовқа қатысты ескерткіш тақтаның орнатылуына, мәдени-шығармашылық тұлғалармен, ғалымдармен, мемлекет қызметкерлерімен кездесулерді жоғары деңгейде өтулеріне т.б. қолдауларының болуы тәрбие жұмыстарының жандануына игі ықпал етті.

2024-2025 оқу жылы университет құрамында 6 факультет жұмыс атқарды. Олар физика-математика, жаратылыстану, филология, тарих және педагогика, өнер және білім, дене шынықтыру және спорт факультеттері. Кафедралардың жалпы саны -21.

2024-2025 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің кадрлар әлеуеті потенциалы 784 қызметкер құрады. Оның ішінде 428 оқытушы-профессорлар құрамы, штат бойынша 392. Ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылардың штат бойынша көрсеткіші 51,64 пайыз болды.

Университеттің білім беру қызметі білім берудің үш саласы бойынша жүзеге асырылады: Педагогикалық ғылымдар, Өнер және гуманитарлық ғылымдар, Жаратылыстану ғылымдары. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейі: бакалавриат – 40 ББ (*оның ішінде 7 ІР*), магистратура – 21 ББ (*оның ішінде 1 ІР*), докторантура – 13 ББ, күміс университеті - 13 білім беру бағдарламасы негізінде білім алушыларды дайындау бойынша жүзеге асырылады.

Инновациялық білім беру бағдарламалары

2024-2025 оқу жылында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті педагогикалық білім беру сапасын күшейту мақсатында Дүниежүзілік Банктің «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде келесі инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді. Бакалавриатқа: 6B01513 Математика, 6B01515 Информатика, 6B01516 Биология, 6B01603 Тарих және қоғамтану, 6B01902 Арнайы педагогика, 6B01708 Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 6B01709 Қазақ тілі мен әдебиеті. Магистратураға: 7M01509 Цифрлық педагогика.

Бірлескен білім беру бағдарламалары

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша бірлескен «6B01512 Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

Қосдипломды ББ

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша қос диплом «6B01707 Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (НААР / IAAR) рейтингісі бойынша – 8 орын, педагогикалық жоғары оқу орындары арасында 2-орын және Атамекен ҰКП рейтингісінде

23 білім беру бағдарламасы бойынша - топ-10 орын иеленді. Сонымен қатар аккредиттелген білім беру бағдарламасы бойынша – 73% құрайды.

2024 жылдың 1 қыркүйегіне университет бойынша жалпы контингент 8111, оның ішінде бакалавриат бойынша-7443 студент, магистратурада 583 магистрант және докторантурада 85 докторант болды.

2025 жылдың 1 ақпанында университет бойынша жалпы контингент 7883 оның ішінде бакалавриат бойынша 7266 студент, магистратурада 470 магистрант, докторантурада -84 докторант және тілдік дайындық бойынша -33 білімгер, қайта даярлау бойынша -30.

2025 жылдың 1 маусымында университет бойынша жалпы контингент 7733, оның ішінде бакалавриат бойынша 7144 студент, магистратурада 469 магистрант, докторантурада -84 докторант және тілдік дайындық бойынша -26 білімгер, қайта даярлау бойынша -10.

2024 жылы 1084 бітірушінің 976-ы жұмыспен қамтылды, оның ішінде мамандық бойынша жұмысқа орналасқандары – 649 (66%). Жалпы түлектердің 90 пайызы жұмысқа орналасты.

2024-2025 оқу жылында университетте 76 ОПК ағылшын тілінде дәрістер жүргізді. Олардың жалпы ОПК санындағы пайыздық үлесі 17,70%-ды құрады

2024-2025 оқу жылында 317 оқытушы-профессорлар біліктілігін арттырып, жалпы 491 біліктілік артыру сертификатына ие болды.

2024 күнтізбелік жылға университет бойынша 300 лицензия беріліп, 905 білім алушы Courserаны пайдаланып 2740 сертификатқа ие болды. Курстар жартылай пәндерге енгізіліп қарастырылды.

2024-2025 оқу жылына университет бойынша 4-оқулық (3-жоспарланған), 55-оқу құралдары (53-жоспарланған), 57 оқу-әдістемелік құралдар (55-жоспарланған), 23-әдістемелік нұсқаулықтар (20-жоспарланған) баспадан шығарылған.

ЖАОК жоспарларын іске асыру барысында 9 онлайн курс, 24 пән бойынша 308 бейнелекциялар әзірленді.

2024–2025 оқу жылында университет факультеттерінде ЖАОК әзірлеу және жүзеге асыру мақсатында ЖАОК онлайн білім беру платформаларында орналастыруға бағытталған және оқытушылардың біліктілігін арттыру курстарынан өткендігіне сертификаттар алу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды.

2024-2025 оқу жылында кәсіптік практиканы өткізуге арналған 169 мекемемен 254 келісім шарт жасалды. Жалпы 5477 студент Шымкент қаласындағы 147 практика базасында кәсіптік практикадан өтті. 4 курс білім алушыларының (1750 студент) 5,4 пайызға жуығы сұраныс хат негізінде (94 келісім шарт) педагогикалық практикадан өтуге жіберілді. Жалпы университет бойынша «өте жақсы» бағаланған білім алушылар 24%-ды құрайды. «Жақсы» бағаланғандар үлесі – 72%. Кәсіптік практика бойынша үлгерім көрсеткіші мен сапа көрсеткіші – 96% болды.

Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты 17 мекемемен (мектеп, балабақша, колледж, балаларды түзету дамыту орталығы) ынтымақтастық келісім шарттары жасалды. Ынтымақтастық келісім шарты негізінде 16 білім беру бағдарламасының білім алушылары үшін әдістемелік пәндерден практикалық сабақтар кафедра филиалдарында жүргізіледі. Дуальды оқыту жүйесі элементтерін енгізу арқылы түлектердің практикалық даярлық сапасын көтеру процесіне 14 практик мамандар тартылды

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша, Интернационалдандыру дамыту бағыты бойынша нәтижелі жұмыстар атқарылды.

Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 81 білім алушы шетелдің жоғары оқу орындарында білім алып, өзара тәжірибе алмасты: оның ішінде университеттің 38 білім алушысы Польша, Чехия, Түркия, Өзбекстан, елдерінің университеттерінде білім алса, 19 магистрант пен 24 докторант шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консульдығының қолдауымен Стамбул қаласындағы Ибн Халдун университетінде білім алушылар мен қызметкерлерге арналған «Жазғы мектеп-2025» бағдарламасы ұйымдастырылып, 5 білім алушы мен 1 қызметкер жіберілді.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы 36 білім алушы Қазақстанның әр түкпірінен, атап айтқанда, Алматы, Атырау, Көкшетау, Өскемен, Тараз, Павлодар қалаларынан келген студенттер университетте бір семестр бойы білім алса, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 52

білім алушысы Алматы, Павлодар, Ақтау, Тараз, Қызылорда, Түркістан қалаларында білім алып, тәжірибе алмасып келді.

ОПҚ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 34 ОПҚ шетелдік ЖОО-ларда (Польша, Қырғызстан, Өзбекстан) дәрістер оқып, тәжірибе алмасты және халықаралық гранттық жобалар конкурсына 2 жоба жіберіліп, қаржыландыру көлемі 8 080 АҚШ доллары құрайтын 1 жоба жеңіп алынды.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ОПҚ жалпы жылдық айналымы – 64 оқытушы, оның ішінде 37 ОПҚ отандық ЖОО-ларда дәріс оқыса, 27 ОПҚ отандық ЖОО-лардан тартылды.

Халықаралық ынтымақтастық қатынастарын нығайту мақсатында 14 шетелдік және 6 отандық ЖОО-лармен келісімшарттарға қол қойылды.

Солтүстік (Арктикалық) федералды университетпен (Ресей) қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша 7M01702-Орыс тілі мен әдебиеті педагогын даярлау білім беру бағдарламасына 3 магистрант қабылданып, білім алуда. Сондай-ақ, Анкара университетімен (Түркия) «7M01901-Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасы реестрге тіркеліп, келіссөздер жүргізілді.

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша бірлескен «6B01512 Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша қос диплом «6B01707 Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

Тәрбие және әлеуметтік жұмысты жақсарту: Жоғары білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті маман даярлауда білім алушыларға тәрбие беру, олардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын сақтау, қосымша үйірмелерде кәсіби білімін жетілдіру мен дара тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және білім алушылардың әлеуметтік мәселелерінде оларға тиімді шешімдер қабылдау бағыттарында тәрбие жұмысы жүргізіледі.

Тәрбие жұмысы мемлекеттік және ұлттық идеологияны ұстана отырып еліміздегі «Біртұтас тәрбие тұжырымдамасы» және Абайдың «Толық адам» идеясы негізінде ұлттық тәрбие құндылықтары арқылы болашақ педагогтарды тәрбиенің алты бағыты (Рухани-адамгершілік даму, Патриоттық сананы қалыптастыру, Құқықтық тәрбие, Салауатты өмір салтын қалыптастыру, Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу бағыты, Жастар бастамаларын қолдау және волонтерлік қызмет) бойынша тәрбиелеуді жүзеге асырады.

2024-2025 оқу жылының барысында 59 студентке жеңілдік тағайындалды, 57 білімгерге оқу ақысынан 30% жеңілдік тағайындалса, 2 тұл жетім білімгерге оқу ақысынан 100% жеңілдік тағайындалды.

Университеттің болысында 2 жатақхана, жекеменшік әріптестік негізінде 6 жатақхана бар, жалпы орындар саны 3123. Оқу жылының басында Platonus LMS жүйесі арқылы студенттерден жатақханаға орналасу бойынша өтініштер қабылданып, сол өтініштердің 100%-ы толық өңделді. Нәтижесінде, 1484 студент жатақханамен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы ерекше студенттерге ерекше көңіл бөлінді. Жатақханаларда 21 жетім бала және 27 мүгедектігі бар білім алушыларға 100%-дан 50%-ға дейінгі жеңілдіктер көрсетілді. Бұл шаралар университетіміздің білім алушыларға деген қамқорлығы мен әлеуметтік әділдік қағидаларын жүзеге асыруға бағытталғандығын айқын көрсетеді.

Бүгінгі күнге ЖОО-да жалпы саны 15 құрайтын әлем чемпионы, 16 Азия чемпионы, 145 Қазақстан чемпионатының жүлдегерлері мен Халықаралық турнирлерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

“МҰРА” ұлттық шығармашылық орталығы - білімгерлерге ұлттық тәрбие беру, ұлттық дәстүрлі өнер игеруді, жастардың тұлғалық қабілетін шындауды мақсат тұтады. Орталықтағы үйірмелерге 213- дан астам студенттер қатысады және қабілетін арттыруда. Үйірмелер бойынша жоспарланған 72 сағаттық курсты игерген студенттерге сертификат беріледі.

Ғылыми-зерттеу қызметін дамыту. Университеттің ОПҚ біліктілігінің жоғары деңгейі ғылым мен білім берудегі жыл сайынғы жетістіктерімен расталады, олар: «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері, ғылыми-зерттеу жобалары, республикалық және

халықаралық конкурстарға, конференцияларға, симпозиумдарға және т.б. қатысу.

2024-2025 оқу жылында 3 Халықаралық және 2 Республикалық конференция өткізілді. Конференция жинақтарына алыс-жақын шетелдер мен республикамыздың оқу ордаларынан келіп түскен 2000-нан аса мақала жинақталып, 5 жинақ дайындалды.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2024» республикалық байқауына 8 үміткер қатысып, 2 оқытушы жеңіске жетті. ЖОО арасындағы “Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024” атағына п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Кудышева Айнаш Амангельдыевна және х.ғ.к., доцент Шертаева Найля Турдығалиевна ие болды.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2025 жылғы 20 тамыздағы №1442 бұйрығына сәйкес 2025-2028 жылдар аралығына «8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау» бағытында: «8D01501 – Математика педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша және дәл осы комитет төрағасының 2025 жылғы 29 шілдедегі № 1310 бұйрығына сәйкес 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтерді даярлау бағытында D013 – Химия педагогтерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестер ашылды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығымен профессор ғылыми атағын алған оқытушылар саны – 2; қауымдастырылған профессор атағын алғандар саны – 4.

ҒЗЖ ынталандыру бойынша 53 өтініш келіп түсті, жалпы 8,7 млн. қаржы көлемінде бір реттік үстемақы тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым мен техниканың дамуына үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған 2024 жылғы мемлекеттік ғылыми стипендияны алуға 15 үміткер қатысып, 1 үміткер Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы, қауымдастырылған профессор (доцент), PhD Нұриманов Бекарыс Тілегенұлы жас ғалымдарға арналған стипендия иегері атанды.

Ғылыми жобаларға жетекші бола алатын ғалымдардың саны 55-ке жетті. Kazakh National H-index Ranking деректері бойынша профессор-оқытушы құрамының 160-тан астамында H-индексі бар. Ал h-индексі 3-тен жоғары ғалымдардың саны 32-ге жетті.

2024-2025 оқу жылында 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде қаржыландыру көлемі 450 000 000 теңге көлемінде жоба жеңіп алынды. 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсына осы оқу жылында 42 жоба жіберілген. Нәтижесінде гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша 228 млн теңге көлеміндегі 3 жоба, ал жас ғалымдардың гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша қаржы көлемі 60 млн теңге көлеміндегі 2 жоба ҰҒК тарапынан мақұлданды. Қазіргі таңда университетімізде ғылым бағыты бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде 1 жоба, ҚР Білім және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру конкурсы негізінде 8 жоба, жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру бойынша 4 жоба іске асырылуда. 2024-2025 оқу жылында жалпы 13 ғылыми-зерттеу жобалары бойынша қаржы көлемі 1 050 622 301 теңгені құрайды.

2024-2025 оқу жылындағы Scopus (Elsevier) деректер базасындағы жарияланымдар саны 115-ті құрайды. 2024 жылғы қорытынды бойынша университет ғалымдарының Scopus (Elsevier) деректер базасындағы халықаралық рецензияланатын журналдардағы Q1-Q2 санатындағы жарияланымдарының саны 55-тен асты. 2022 жылы Web of Science, Scopus базаларында тіркелген ғылыми басылымдарында жарық көрген жалпы мақаладан Q1, Q2 (top 50%) категориясы бойынша мақала үлесі 47,6% болса, 2024 жылы 63,8% жетті. Ал Халықаралық коллаборация бойынша шетелдік ғалымдардың үлесімен шыққан мақала саны 2024 жылы 22,6% құрап отыр.

Индикативті жоспар *kpi.okmru.kz* жаңа жүйесінде жүргізіледі. Жоғары оқу орнындағы ОПК жұмысын бағалаудың негізгі критерийлерінің бірі оқытушының Индикативтік жоспары болып табылады, ол сонымен бірге университеттің KPI ішкі механизмі ретінде әрекет етеді. ОПК

Индикативтік жоспары оқу процесінде 10 жылдан астам уақыт болған ОПК тиімділік рейтингін өзгертті. Жаңартылған Индикативтік жоспар жоғары мектептің жаңа талаптарына жауап береді және оның негізгі индикаторлары жоғары оқу орнының ОПК қызметіне айтарлықтай жоғары талаптар қояды.

Университетте сыртқы және ішкі электрондық құжат айналымын автоматтандыру үшін <https://okmpu.documentolog.kz> ЭҚЖ жүйесі енгізілді. Мемлекеттік органдармен хат алмасу [dokumentolog.kz](https://okmpu.documentolog.kz) жүйесінде жүргізіледі. Қазіргі уақытта университеттің бизнес-процестерін жөнге салу, ішкі нормативтік құжаттаманы енгізу жүргізілуде. Платонус 6.0 автоматтандырылған ақпараттық жүйемен жүргізіледі.

ІІМ Халықаралық ғылыми-педагогикалық журнал ilim.okmpu.kz рецензияланған ғылыми жарияланымдарды ұйымдастыруға арналған ашық бағдарламалық платформасы ендірілді, ІІМ журналы OJS платформасында құрылды. 2024 жылдың 1 шығарылымы шығарылды, процессте 2 шығарылым.

«Web.ІРБИС» автоматтандырылған кітапханалық жүйесімен жүргізіледі. ОҚПУ ғылыми кітапханасының жаңа сайты құрылды <http://library.okmpu.kz>

Кітапхананың Web сайтында кітапхана тарихы, кітапхана құрылымы, кітапханаға жаңа түскен әдебиеттердің бюллетендері, баспалардың прайс-парақтары, мерзімді басылымдардың тізімі, электрондық каталог, іс-шаралар, хабарламалар, ақпараттық ресурстар ұсынылған.

2024-2025 оқу жылында «Web ІРБИС» және «ІРБИС64» бағдарламалық қамтамасыз ету мақсатында жаңа сайтты dupal модулінде жасалып, «Web ІРБИС» кітапхана сайтын және «ІРБИС64» электрондық каталогын іске қосылды.

"ІРБИС64" заманауи электрондық каталогы <http://irbis.okmpu.kz/> пайдаланушыларға электрондық каталогтарға, библиографиялық жазбаларға, электрондық құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта қашықтағы пайдаланушыларға «ІРБИС» электрондық каталогы қол жетімді.

Бүгінгі таңда университет медиорталығының бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара түсіністік, сенім және ынтымақтастық қатынастарын жолға қою бойынша тиімді жұмыс тәжірибесі жеткілікті.

Республикалық телеарналарда біздің оқытушылар 8 бағдарламаға қатысты. Ғылым және жоғары білім министрлігінің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларына 31 публикация. Министрлік пен Ақорда тарапынан келген 56 тапсырма уақтылы әрі жоғары деңгейде орындалып, жіберілді.

Сонымен қатар әр ай сайын министрліктің баспасөз қызметіне барлық әлеуметтік желіге орналастырылған посттардың сілтемелері жіберіледі, ай сайын атқарылған жұмыс жөнінде есеп беріледі. Осы уақытқа дейін министрлік тарапынан сын-ескертпелер түскен емес. Сәйкесінше министрліктің бағалау рейтингі бойынша көптеген көрсеткіштеріміз жоғары бағаланып 3 орынға дейін көтерілді. Министрліктің баспасөз қызметі тарапынан университеттің медиорталығына келген барлық тапсырмалар дер кезінде сапалы әрі уақтылы орындалуда.

1.1. Университеттің кадрлық құрамы, профессор-оқытушылардың саны және сапалық деңгейі

2024-2025 оқу жылындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің басқарма мүшелерінің құрамы 5 адамнан тұрады:

- Басқарма төрағасы – Ректор;
- Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор;
- Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
- Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор;
- Басқарма мүшесі – Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор;
- Ғалым хатшы.

«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар Кеңесінің 2024 жылғы 18 шілдедегі №5 шешіміне сәйкес:

18.07.2024 жылы бекітілген «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдық құрылымы 02.09.2024 ж. бастап іске асырылды.

1. Қоғамның Басқарма төрағасы – Ректоры жетекшілік жасайтын құрылым бөлімдері мен кеңестері төмендегідей өзгерістер бекітілді:

- 1) Заң департаменті Заң бөлімі болып өзгертілді.
- 2) Әскери дайындық орталығы құрылып, құрамына әскери кафедра енгізілді.

2. Қоғамның Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істері жөніндегі проректордың жетекшілік жасайтын құрылым бөлімдері мен кеңестері төмендегідей өзгерістер бекітілді:

- 1) Маркетинг департаментінің атауы Маркетинг бөлімі болып өзгертілді.

3. Қоғамның Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың жетекшілік жасайтын құрылым бөлімдері мен кеңестері өзгеріссіз бекітілді.

4. Қоғамның Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректоры жетекшілік жасайтын құрылым бөлімдері мен кеңестері төмендегідей өзгерістер бекітілді:

1) Аккредитация және мониторинг бөлімі Ғылыми зерттеулер департаментінен шығарылып, Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректордың бағыныстылығына берілді.

1) Археологиялық орталықтың атауы «Николай Павлович Подушкин атындағы археологиялық орталығы» деп қайта аталды.

«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар Кеңесінің 2024 жылғы 16 қыркүйектегі №4 шешіміне сәйкес:

1. 16.09.2024 жылы бекітілген «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдық құрылымы 01.10.2024 жылдан бастап іске асырылды:

1) Қоғамның Басқарма мүшесі – Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор 1,0 штат бірлігі ашылды.

2) Қоғамдық кәсіптер орталығының атауы “Мұра” ұлттық-шығармашылық орталығы болып өзгертілді;

3) Өзбекәлі Жәнібеков орталығы Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінен шығарылып, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және Әлеуметтік істер жөніндегі проректордың жетекшілігіне берілді.

4) Тест орталығының атауы Сапаны бақылау және білімді бағалау орталығы болып өзгертіліп, Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың жетекшілігіне берілді.

5) Аккредитация және мониторинг бөлімінің атауы Аккредитация бөлімі болып өзгертілді.

6) Интернационалдандыру департаменті ашылды.

7) Интернационалдандыру офісінің атауы Академиялық ұтқырлық бөлімі болып өзгертіліп, Интернационалдандыру департаментінің құрамына енгізілді;


8) Халықаралық бағдарламалар бөлімі ашылып, Интернационалдандыру департаментінің құрамына енгізілді;

9) Халықаралық ынтымақтастық және мониторинг бөлімі ашылып, Интернационалдандыру департаментінің құрамына енгізілді.

10) Медиаорталық Басқарма төрағасы – Ректордың жетекшілігінен шығарылып, Басқарма мүшесі – Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың жетекшілігіне берілді.

Әскери дайындық орталығының атауы әскери дайындық және патриоттық тәрбие орталығы болып өзгертілді.

2024-2025 оқу жылы университет құрамында 6 факультет жұмыс атқарды. Олар физика-математика, жаратылыстану, филология, тарих және педагогика, өнер және білім, дене шынықтыру және спорт факультеттері. Кафедралардың жалпы саны - 21.



Университеттің кадрлық құрамы, оқытушылар саны

2024-2025 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің кадрлар әлеуеті потенциалы 784 қызметкер құрады. Оның ішінде 428 оқытушы-профессорлар құрамы, штат бойынша 392. Ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылардың штат бойынша көрсеткіші 51,64 пайыз болды.

Құрметті атақтары, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар орташа жастағы және пайыздық қатынастағы штаттағы ОПҚ-ның үлесі

	Кадрлық әлеуеті		Штат бойынша	Барлығы (штат + қ.ж.а)
1.	ОПҚ-ның саны, барлығы: оның ішінде: -ғылыми атағы және дәрежесі барлар (КСРО, ҚР ЖАК-берген); -ғылым докторлары, профессорлар (КСРО, ҚР ЖАК-берген); -ғылым кандидаттары, доценттер (КСРО, ҚР ЖАК-берген); -Ұлттық ғылым академиясының мүшелері: - ғылым магистрлері; - <u>PhD докторлары</u> ; ҚР Еңбегі сіңірген жаттықтырушы; -басқа да қоғамдық ғылыми академиялардың мүшелері;	саны саны /% саны /% саны /% саны% саны% саны% саны%	392 221/56,38% 18/4,5% 169/43,1% 154/39,2% 31/7,9% 3/0,8% 2/5,1%	428 221/51,64% 18/4,2% 169/39,4% 154/35,9% 31/7,2% 3/0,7% 2/0,4%
2.	Штаттық кесте бойынша ОПҚ-мен жабдыкталуы:	саны /%	100	100
3.	Диссертация қорғаған ОПҚ барлығы: Оның ішінде: -профессор - философия докторы (PhD) -қауымдастырылған профессор (доцент) - нострификациядан өткен	саны саны саны саны -	- 2 1 6 -	-

4.	Қазақ тілінде сабақ жүргізетін ОПК-ның үлесі:	саны /%	312/83%	317/77,5%
5.	Ғылыми дәрежесі және атағы бар ОПК-ның орташа жасы:	жас	52	52
6.	Ғылыми дәрежесі мен атағы бойынша ОПК пайызы (%)	51,64%		
7.	Оқу жылында біліктілігін арттырудан өткен ОПК-ның саны:	саны/%	100%	100%

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде хат алмасу айналымы 4 жүйеде қолданылады:

1. info@okpmu.kz;
2. Единая платформа высшего образования (<https://epvo.kz/>)
3. Е-Өтініш (<https://eotinish.gov.kz/>);
4. <https://okmpu.documentolog.kz/>

1.2. Ғылыми кеңес пен кеңейтілген Басқарма отырысының құрамы, қаралған мәселелер, шешімдер және олардың орындалуы.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Ғылыми кеңесі мүшелері 43 адамнан тұрады. Оның 30-ы – түрлі деңгейдегі басшылық құрамнан, 10-ы – профессор-оқытушылар, 3-і – білім алушы жастар: 1 докторант, 1 магистрант, 1 Студенттік Парламент төрағасы.

2024-2025 оқу жылындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің басқарма мүшелерінің құрамы алғашқыда 4 адамнан тұрды:

- Басқарма төрағасы-Ректор Г.Д.Сугирбаева;
- Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Б.Қ.Исабек;
- Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А.Кудышева (арасында декреттік демалыста болуына байланысты у.м.а. Академиялық істер департаментінің директоры Д.Т.Бердалиев атқарды);
- Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор Е.Р.Керімбеков.

08.01.2025 ж. бастап 5 Басқарма мүшесі - Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Хангелді Нұрдаулет Ескелдіұлы қосылды.

Бүгінге дейін барлығы 11 Ғылыми кеңес мәжілісі өтті. Оның 5-ы жоспарлы, 6-ы кезектен тыс. Осы Ғылыми кеңес мәжілістерінде негізгі мәселелер бойынша 147 шешім қабылданды. Қаралған әртүрлі мәселе бойынша 100, жалпы алғанда 247 шешім қабылданды.

Барлығы 247 шешімнің 7 шешімі орындалу үстінде. Олардың орындалу мерзімі 2025 жылдың 2-жартысына, 2025-2026 оқу жылына белгіленген. Толыққанды орындалмаған шешім – 1. Қабылданған шешімдердің орындалу көрсеткіші – 96,7 пайыз.

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы мәлімет

№	Есепті кезең	Барлық шешім	Орындалғаны	ішінара орындалғаны	орындалмағаны	Орындалу пайызы %
1	2023-2024 оқу жылы	168	159	6	3 (келесі жылға жоспарланған)	94,6
2	2024-2025 оқу жылы	247	239	7	1	96,7

Басқарма отырысы тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет:

2024-2025 оқу жылында 14 Басқарма отырысы өтті. Оның 6-ы барлық құрылым басшыларының шақыртылуымен кеңейтілген түрде өтті. Барлығы 44 мәселе көтеріліп, 53 шешім қабылданды. Орындалған шешім саны – 53.

1.3. Қорытынды:

1. 2024-2025 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің кадрлар әлеуеті потенциалы 784 қызметкер құрады. Оның ішінде 428 оқытушы-профессорлар құрамы, штат бойынша 392. Ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылардың штат бойынша көрсеткіші 51,64 пайыз болды. 2024-2025 оқу жылында базалық білімі сәйкес емес ОПК жұмыс атқармады;

2. 2024-2025 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, 17 қызметкерлер сертификаттарын иемденді;

3. 2024-2025 оқу жылында ЖОО арасындағы “Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы” атағына п.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор - Кудышева Айнаш Амангельдыевна; х.ғ.к., доцент, “Химия” кафедрасының профессоры-Шертаева Наилия Турдығалиевна ие болды;

4. 2024-2025 оқу жылында “Информатика” кафедрасының аға оқытушысы Д.Т. Белесоваға философия докторы (PhD) дәрежесі; Химия ғылымдарының кандидаты, “Химия” кафедрасының профессор міндетін атқарушысы Галия Муталиевна Мадыбековаға профессор ғылыми атағы; Педагогика ғылымдарының кандидаты, “Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі” кафедрасының профессор міндетін атқарушысы Нурмамбек Рамашовқа профессор ғылыми атағы; Педагогика ғылымдарының кандидаты, физика-математика факультетінің деканы міндетін атқарушы Альмира Байдабековна Ибашоваға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы; География ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы, “География” кафедрасының меңгерушісі Тажекова Акмарал Джаксыбековнаға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы; Биология ғылымдарының кандидаты, “Биология” кафедрасының доцент міндетін атқарушы Роза Убайдуллаевна Мамыковаға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы; Тарих ғылымдарының кандидаты, “Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер” кафедрасынан қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы Гүлзағира Жаксылыққызы Өтенге Қазақстан қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы; Философия докторы (PhD), “Қазақ тілі мен әдебиеті” кафедрасынан қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы Бекарыс Тілегенұлы Нұриманға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы; Философия докторы (PhD), аға оқытушы, “Физика” кафедрасының меңгерушісі Уалиханова Баян Сапарбековнаға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

5. 2024-2025 оқу жылында «Болашақ» бағдарламасы шеңберіндегі 500 ғалым жобасы аясында «Болашақ» халықаралық стипендиясына іріктеу конкурсының нәтижесі бойынша 9 оқытушы-профессор оқуға жіберілді.

1.4. Ұсыныстар:

1. Басшылық тарапынан ынталандыру мақсатында курстардың бағдарламасын жасауға және оны жүргізуге атсалыса қатысқан ОПК-ны марапаттау мәселесі қарастырылса;

2. Барлық құрылымдық бөлімдер мен факультеттерде 2024-2025 оқу жылындағы Ғылыми кеңес шешімдері мен Басқарма отырысы тапсырмаларының орындалу барысына толыққанды талдау жасалып, кемшіліктерді түзету бойынша жұмыстар жүргізілуі тиіс.

3. Факультет декандары мен құрылымдық бөлім басшылары 2025-2026 оқу жылына іс-шаралар мұқият жоспарлауы керек.

4. Ғылыми кеңес шешімдері мен Басқарма отырысы тапсырмаларының мерзімінде, сапалы орындалуы қамтамасыз етілуі қажет.

1.5. SWOT-талдау.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- Университет басшылары тарапынан ОПК біліктілігін арттыруға жағдай жасалуы; - Педагогтік білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғалардың университет базасында қысқа мерзімде (6 ай) педагогтік қайта даярлаудан өтуі; - Білім беру бағдарламалары мен университеттің даму стратегиясын табысты жүзеге асырады; - университеттің оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметтерін ұйымдастырудағы негізгі мәселелерді оңтайлы шешеді; - университеттің білім алушылары мен оқытушы-профессорлар құрамы үшін қажетті жағдай жасайды (ынталандыру, әлеуметтік көмек түрлері т.с.с.); - оқулықтар, оқу құралдары мен монографияларды шығаруды тиімді қарастырады және ұсыныс жасайды.	- Қайта даярлау тыңдаушылары туралы мәліметті басқарудың Платонус жүйесі арқылы орындау мүмкіндігінің жоқтығы; - Профессор-оқытушылардың жылына кемінде 33% біліктілік арттыруы кейбір кафедра меңгерушілері тарапынан дұрыс қадағаланбауы. - Курсты жүргізетін тренерлердің аздығы. - Жыл басында кейбір мәселелердің орындалу мерзімінің дұрыс жоспарланбауынан шешімдердің сапалы жүзеге асырылмауы. - Жаппай ашық онлайн курстардың өз дәрежесінде орындалмауы.
Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары
- Оқытушы-профессорлардың өз біліктілігін өзіне тиімді уақытта арттыруы; - Университет ОПК-ның біліктілік арттыру курсын жүргізуші жетекші-дәріскер болуына мүмкіндік берілуі. - Университет ректорының, проректорларының, факультет декандарының, құрылымдық бөлім басшыларының қызмет формалары мен әдістері туралы есептерін тыңдау нәтижелі іске бағдарланған стратегиялық жоспарға сәйкес ауқымды жұмыс жасауға мүмкіндік береді; - университет қызметкерлері мен шығармашылық ұжымын мемлекеттік, ведомстволық сыйлықтарға, құрметті атақтарға ұсыну жөніндегі мәселелерді қарастырады. - университет ОПК ғылыми әлеуетін арттыру бағытында ҚР ҒЖБ министрлігі тиісті комитетіне ұсыныс жасау қызметін тиімді жүзеге асырады.	- Қайта даярлау курсында онлайн оқуға шек қойылған жағдайда тыңдаушылар санының азаюы.

2. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 РЕЕСТРГЕ ТІРКЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ САНЫ (ҚР, QS ТӨП-700): ИННОВАЦИЯЛЫҚ ББ, БІРЛЕСКЕН ББ, ҚОСДИПЛОМДЫ ББ

Университет бойынша 2024-2025 оқу жылында жалпы - 75, оның ішінде бакалавриатта - 40, магистратурада -22, докторантурада- 13 білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярланды. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2025 жылғы 4 наурыздағы № 90 бұйрығы мен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің мемлекеттік аудит нәтижесі негізінде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын Реестрде жаңарту бойынша 2025 жылдың 13 ақпанындағы №14-0/665-вн хаты негізінде университеттің барлық білім беру бағдарламалары жаңартылды.

Бакалавриат бойынша Реестрде жаңартылған білім беру бағдарламалары

№	ББ коды	ББ атауы	«Қабылданды» мәртебесін алған күні	Тіркеу №
1	6B01102	Психология (IP)	22.06.2025	6B01100092
2	6B01202	Мектепке дейінгі білім (IP)	18.06.2025ж	6B01200090
3	6B01301	Бастауыш білім (IP)	12.06.2025ж	6B01300095
4	6B01401	Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау	25.05.2025ж	6B01400061
5	6B01409	Дене шынықтыру және спорт (IP)	12.06.2025ж	6B01400339
6	6B01410	Музыкалық білім (IP)	3.06.2025ж	6B01400342
7	6B01405	Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау	21.05.2025ж	6B01400055
8	6B01513	Математика (IP)	31.05.2025ж	6B01500486
9	6B01514	Физика (IP)	5.06.2025ж	6B01500516
10	6B01515	Информатика (IP)	21.05.2025ж	6B01500487
11	6B01517	Химия (IP)	30.06.2025ж	6B01500536
12	6B01516	Биология (IP)	19.05.2025ж	6B01500488
13	6B01603	Тарих және қоғамтану (IP)	2.05.2025ж	6B01600084
14	6B01709	Қазақ тілі мен әдебиеті (IP)	26.05.2025ж	6B01700302
15	6B01704	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	31.05.2025ж	6B01700066
16	6B01706	Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	3.06.2025ж	6B01700118
17	6B01708	Орысжәне орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті (IP)	26.05.2025ж	6B01700276
18	6B01703	Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау	26.05.2025ж	6B01700168
19	6B01802	Әлеуметтік педагогика (IP)	18.06.2025ж	6B01800008
20	6B01902	Арнайы педагогика (IP)	1.06.2025ж	6B01900073
21	6B02301	Аударма ісі	12.06.2025ж	6B02300052
22	6B02302	Филология	30.05.2025ж	6B02300029
23	6B01404	Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау	1.07.2025ж	6B01400179
24	6B01518	География (IP)	11.07.2025ж	6B01500537
25	6B05101	Биология (IP)	3.07.2025ж	6B05100049

Магистратура бойынша жаңартылған білім беру бағдарламалары

№	ББ коды	ББ атауы	«Қабылданды» мәртебесін алған күні	Тіркеу №
1	7M01201	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	17.06.2025ж	7M01200012
2	7M01301	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	10.06.2025ж	7M01300019
3	7M01401	Бастапқы әскери дайындық педагогін даярлау	9.06.2025ж	7M01400052
4	7M01405	Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау	5.06.2025ж	7M01400035
5	7M01501	Математика педагогін даярлау	12.06.2025ж	7M01500073
6	7M01502	Физика педагогін даярлау	5.06.2025ж	7M01500045
7	7M01504	Химия педагогін даярлау	26.05.2025ж	7M01500099
8	7M01601	Тарих педагогін даярлау	5.06.2025ж	7M01600013
9	7M01701	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	5.06.2025ж	7M01700054
10	7M01703	Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау	10.06.2025ж	7M01700088
11	7M01901	Арнайы педагогика	9.06.2025ж	7M01900014
12	7M01403	Музыкалық білім педагогін даярлау	24.06.2025ж	7M01400060
13	7M01404	Көркем еңбек және сызу педагогін даярлау	27.06.2025ж	7M01400080
14	7M01503	Информатика педагогін даярлау	30.06.2025ж	7M01500032
15	7M01509	Цифрлық педагогика	30.06.2025ж	7M01500333
16	7M01505	Биология педагогін даярлау	23.06.2025ж	7M01500100
17	7M02101	Дизайн	27.06.2025ж	7M02100079
18	7M01702	Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	20.06.2025ж	7M01700066
19	7M01402	Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау	17.07.2025	7M01400024

Докторантура бойынша жаңартылған білім беру бағдарламалары

№	ББ коды	ББ атауы	«Қабылданды» мәртебесін алған күні	Тіркеу №
1	8D01301	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	17.06.2025ж	8D01300006
2	8D01405	Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау	12.06.2025ж	8D0400020
3	8D01502	Физика педагогін даярлау	5.06.2025ж	8D01500018
4	8D01504	Химия педагогін даярлау	10.06.2025ж	8D01500025
5	8D01601	Тарих педагогін даярлау	9.06.2025ж	8D01600005
6	8D01703	Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау	9.06.2025ж	8D01700047
7	8D 01403	Музыкалық білім педагогін даярлау	25.06.2025	8D01400021
8	8D01501	Математика педагогін даярлау	27.06.2025ж	8D01500023
9	8D01503	Информатика педагогін даярлау	30.06.2025ж	8D01500024
10	8D01404	Көркем еңбек, графика және жобалау педагогін даярлау	25.06.2025ж	8D01400022

Инновациялық білім беру бағдарламалары

2024-2025 оқу жылында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті педагогикалық білім беру сапасын күшейту мақсатында Дүниежүзілік Банктің «Орта білім

беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде келесі инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді. Бакалавриатқа: 6B01513 Математика, 6B01515 Информатика, 6B01516 Биология, 6B01603 Тарих және қоғамтану, 6B01902 Арнайы педагогика, 6B01708 Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 6B01709 Қазақ тілі мен әдебиеті. Магистратураға: 7M01509 Цифрлық педагогика

Бірлескен білім беру бағдарламалары

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша бірлескен «6B01512 Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

Қосдипломды ББ

Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша қос диплом «6B01707 Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

Магистратура бойынша Ресейдің Солтүстік Арктикалық федералды университетімен «7M01702 Орыс тілі мен әдебиеті» қос диплом білім беру бағдарламасы 2022-2023 оқу жылында 1 магистрант бітірді, 2023-2024 оқу жылында 1 магистрант бітірді.

2.2. Жетекші рейтингтерде орын алатын білім беру бағдарламаларының саны (Атамекен, НААР, QS-ЕЕСА пәндік рейтингтеріндегі орны (ТОП-500) және т.б.).

АРТА (НААР) рейтингі: Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Қазақстан Республикасының ЖОО-на сұраныстың тәуелсіз рейтингі-2025» рейтингтік зерттеуіне бакалавриаттың 33 білім беру бағдарламасы бойынша, оның ішінде: «6B01-Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша 29 білім беру бағдарламасы, «6B02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша 3 білім беру бағдарламасы, «6B05-Жаратылыстану, математика және статистика» бағыты бойынша 1 білім беру бағдарламасы; магистратура деңгейі бойынша 21 білім беру бағдарламасы, оның ішінде: «7M01-Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша 19 білім беру бағдарламасы, «7M02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша 1 білім беру бағдарламасы, «7M05-Жаратылыстану, математика және статистика» бағыты бойынша 1 білім беру бағдарламасы; докторантура деңгейі бойынша «8D01-Педагогика ғылымдары» бағыты бойынша 12 білім беру бағдарламасы қатысты.

АРТА (НААР) өткізген “Жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі -2025” нәтижесінде Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ 8 орынға ие болып, ҚР жетекші жоғары оқу орындарының «Топ-20» кірді.

Докторантура білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО институционалдық рейтингі 6B01- Білім ғылымдары -5 орын.

Магистратура білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО институционалдық рейтингі 6B01- Білім ғылымдары -1 орын.

Бакалавриат білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша ЖОО институционалдық рейтингі 6B01- Білім ғылымдары -4 орын.

ҚР ТОП-50 профессорлық-оқытушылық құрамның бас рейтингісін жарияланды. Рейтингте оқытушылардың кәсіби деңгейі, біліктілігі, педагогикалық шеберлігі мен ғылыми белсенділігі сарапқа салынып, Жәнібеков университетінің профессоры — Найманбаев Бекмурат Рахимбердиевич үздіктер қатарында енді.

Рейтингке қатысқан жалпы саны 66 білім беру бағдарламаларының ішінде жүлделі орын алған білім беру бағдарламалары:

V016-Музыка мұғалімдерін дайындау бакалавриат БББ тобы бойынша 1-ші орын алды.

M013-Химия педагогтерін даярлау магистратура БББ тобы бойынша 1-ші орын алды.

M010-Математика педагогтерін даярлау магистратура БББ тобы бойынша 1-ші орын алды.

M012-Информатика педагогтерін даярлау магистратура БББ тобы бойынша 1-ші орын алды.

M007-Көркем еңбек, графика және дизайн мұғалімдерін даярлау магистратура БББ тобы бойынша 1-ші орын алды.

D007-Көркем еңбек, графика және дизайн мұғалімдерін даярлау докторантура БББ тобы бойынша 1-ші орын алды.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету тәуелсіз агенттігінің (НАОКО) Бас институционалдық рейтингі – IQAA-Ranking рейтингінде педагогикалық университеттер арасынан 2-орынға ие болды.

Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі (IQAA) «Қазақстанның жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының 2025 жылғы ұлттық рейтингі» нәтижесінде Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті педагогикалық жоғары оқу орындары арасында 2-орынды иеленді. Аталған рейтинг еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарының академиялық көрсеткіштері, ғылыми-зерттеу жұмыстары, интернационалдандыру деңгейі және жұмыс берушілер арасындағы беделі сияқты бірқатар маңызды критерийлер бойынша жүргізілді.

Бұл жетістік – университет ұжымының сапалы білім беру, ғылыми-зерттеу мен халықаралық әріптестікті дамыту бағытында жүргізген жүйелі жұмысының нәтижесі.

2.3 СТУДЕНТТЕР КОНТИНГЕНТІ

Бакалавриатта 3 білім беру саласы, 12 даярлау бағытында 40 білім беру бағдарламасы, Магистратурада 2 білім беру саласында, 8 даярлау бағытында 22 білім беру бағдаламасы, Докторантурада 1 білім беру саласының 5 бағытында 13 білім беру бағдарламасы бар.

Контингент қозғалысы:

2024 жылдың 1 қыркүйегіне университет бойынша жалпы контингент 8111, оның ішінде бакалавриат бойынша-7443 студент, магистратурада 583 магистрант және докторантурада 85 докторант болды.

2025 жылдың 1 ақпанында университет бойынша жалпы контингент 7883 оның ішінде бакалавриат бойынша 7266 студент, магистратурада 470 магистрант, докторантурада -84 докторант және тілдік дайындық бойынша -33 білімгер, қайта даярлау бойынша -30.


2025 жылдың 1 маусымында университет бойынша жалпы контингент 7733, оның ішінде бакалавриат бойынша 7144 студент, магистратурада 469 магистрант, докторантурада - 84 докторант және тілдік дайындық бойынша -26 білімгер, қайта даярлау бойынша -10.

Жалпы университет бойынша оқудан шыққан саны-378

Бакалавр бойынша -263, оның 67-сі бітіруші түлек, 28-і басқа жоғары оқу орнына ауысқан, 168-і оқудан шыққан.

Магистратура бойынша -114., оның 33-сі бітіруші түлек, 1-і басқа жоғары оқу орнына ауысқан., 80-і оқудан шыққан.

Докторантура бойынша-1 -і оқудан шыққан.



**Бакалавриат бойынша 2024-2025 оқу жылының 1-5 курстар контингенті (1.06.2024ж.
контингентке сәйкес)**

№	Білім беру бағдарламалары	коды	Курстар					Жалпы
			1	2	3	4	5	
1	Педагогика және психология	6B01101	12	25	12	12		61
2	Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқыту педагогикасы	6B01201	57	37	30	68		192
3	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдіст. мұғалімін даярлау	6B01301	80	201	153	118		552
4	Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау	6B01401	31	14	8	21		74
5	Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	6B01402	161	221	538	311		1231
6	Музыка мұғалімін даярлау	6B01403	45	38	74	35		192
7	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	6B01404	94	48	83	57		283
28	6B01901-Арнайы педагогика	67	15	67	15	100%
29	6B02101-Дизайн	9	1	6	1	66%
30	6B02301-Аударма ісі	7	1	6	1	85%
31	6B02302- Филология	1	1	1	1	100%
32	6B05101- Биология	17	10	15	10	88%
33	5B012000-Кәсіптік оқыту	2		1		50%
Жалпы		1264	827	1217	823	96%

4.5. ҚОРЫТЫНДЫ

• 2024-2025 оқу жылындағы университетте дайындалатын бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші курстардың білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру университеттің Академиялық саясатына және оқу процесінің грфигі мен академиялық күнтізбесіне сәйкес жүргізілді.

• 2025 жылдың 17 наурыз- 8сәуір айында өткен 1592 бітірушілердің педагогтердің білімін бағалау тестін 1023 бітіруші тапсырған. ПББ тестінен өткендер саны 361, тестен өтпей қалғандар саны 662. Дәлілді себеппен ПББ тапсырмайтын білім алушылар жоқ. Университет бойынша пәндік білім орта балы 23.

• Диплом жұмыстары мен диплом жобаларын орындауда жоғары оқу орны мен өндіріс арасындағы ғылыми ынтымақтастықты күшейту арқылы эксперимент жұмыстарын үздіксіз жүргізуге қол жеткізу. Диплом жұмыстары мен диплом жобаларының эксперименттік және практикалық мәселелер бойынша байланысын толығырақ қамту үшін практика базаларымен және жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатып жұмыс жасау.

• Диплом жұмыстары мен жобаларын ғылыми зерттеу нәтижелерімен мүмкіндігінше байланыстырып, тақырыпқа сай мақала жариялау және оның сапасын арттыру көзделуі.

• Атамекен базасындағы мәліметтерге сәйкес бітірушілердің жұмысқа орналасу бойынша көрсеткіш 96 пайыз.

4.6.ҰСЫНЫСТАР

• Диплом жобалары мен жұмыстарының тақырыптарын бекіту барысында білім саласындағы өзекті мәселелерді кеңінен қарастыру.

• Диплом жобалары мен жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне енгізу актілерін арттыру.

• Әдістеме бойынша жазылған магистранттардың диссертацияларында оқыту әдістемесінің тиімділігін зерттеу эксперименттерінде мониторингін көрсету.

• Диплом жобалары мен жұмыстарындағы және диссертациялардағы зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияларда мақала ретінде шығару.

• 7M011 Педагогика және психология білім беру бағдарламаларына лицензия алу бойынша жұмыстар күшейтілсін.

• 8D01502-Физика педагогін даярлау, 8D01501 - Математика педагогін даярлау докторантура білім беру бағдарламалары бойынша Диссертациялық кеңес ашу бағытында жұмыстар күшейтілсін.

• Ғылыми зерттеулер жүргізу, мақалалар мен жарияланымдар жазу бойынша жүйелі ғылыми семинарлар мен шеберлік сабақтары ұйымдастыру тұрақты түрде жүргізілсін.

• Педагогикалық бағытта ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша докторанттардың ғылыми жетекшілеріне семинар ұйымдастырылсын және докторанттардың тағылымдамадан өту географиясын кеңейту.

4.7. SWOT-ТАЛДАУ

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
- Бітіруші курс білім алушыларына арналған іс шаралардың көбейуі, бітірушілерді жұмысқа бөлу процесінің жүйелі түрде жүзеге асырылуы; - Бітірушілердің білімін бағалауды анықтайтын педагогтердің білімін бағалау тестін тапсыруы.	Бітіруші түлектердің басқа өңірлерден ұсынылған бос жұмыс орындарынан бас тартуы.
Мүмкіндіктері	Қауіптер
Бітіруші түлектер beam.kz платформасы арқылы пайдалы ақпараттармен танысып, табысты мансап құруға жол ашылуы.	Жастардың жұмыссыздығы халықтың табыс деңгейінің төмендеуі мен өмір сүру сапасының нашарлауымен тығыз байланысты. Жастардың өз орнын таба алмауының салдарынан қоғамда келеңсіз жайттар орын алады.

5 КӘСІПТІК ПРАКТИКА

5.1. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Кәсіптік практика білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына және 2024-2025 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес білім алушылар оқу, психологиялық-педагогикалық, педагогикалық, өндірістік, тілдік, оқу-далалық және дипломалды практикаларынан өтті.

Кәсіптік практика туралы мәлімет

Практика түрі	Өту мерзімі	Ұзақтығы	Кредит	Студент саны
Оқу практикасы	20.01.25–30.01.25	2 апта	2	1443
Психологиялық-педагогикалық практика	20.01.25–02.05.25	15 апта	4	2086
Педагогикалық практика (3 курс)	24.09.24–11.12.24	15 апта	6	2065
Педагогикалық практика (4 курс)	20.01.25–14.03.25	8 апта	8	1750
Өндірістік практика (2 курс)	20.01.25–02.05.25	15 апта	4	126
Өндірістік практика (3 курс)	24.09.24–11.12.24	15 апта	6	4
Өндірістік практика (4 курс)	20.01.25–14.03.25	8 апта	8	96
Диплом алды практика	17.03.25-11.04.25	4 апта	4	1739


Тілдік практика	26.05.25-30.05.25	1 апта	1	513
Оқу-далалық практика	09.06.25-20.06.25	2 апта	2	148
	26.05.25-06.06.25	2 апта	2	96
	26.05.25-13.06.25	3 апта	3	3

2024–2025 оқу жылдарындағы педагогикалық практика базаларының талдауына сүйенсек, 2 курс білім алушылары негізінен жалпы орта білім беретін мектептерде (ЖОМ/ЖОББМ) практикадан өткен, алайда 2024–2025 оқу жылында олардың саны 43-тен 28-ге азайған. 3 курс бойынша база саны 2023–2024 жылы 77 болса, келесі жылы 91-ге өскен, бұл практика базаларымен байланыс кеңейіп жатқанын көрсетеді. 4 курс білім алушылары үшін де база саны артқан: 2023–2024 оқу жылында 65 болса, 2024–2025 жылы 97-ге жеткен. Жалпы алғанда, практика базасына орташа бөлінген білім алушылар саны 4 курста төмен болғанымен, мекеме түрлерінің әртараптандырылуы практика сапасының артуына ықпал етеді.

Педагогикалық практика базаларының түрлері

Практика базаларының түрлері	Практика базаларының саны					
	2 курс бойынша		3 курс бойынша		4 курс бойынша	
	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
ЖОМ/ ЖОББМ	43	28	30	50	16	33
мектеп-гимназия	13	13	13	11	11	12
мектеп-лицей	10	9	9	9	9	10
лицей	3	3	4	2	1	2
мамандандырылған мектеп	4	3	3	4	4	4
жеке меншік мектеп	7	8	-	-	7	10
мектеп-интернат	1	1	1	3	1	4
балабақшалар	4	3	8	4	2	9
басқа мекемелер	12	14	4	2	10	10
зияткерлік мектеп	3	2	2	3	4	2
бастауыш мектеп	2	0	3	3	0	1
Барлығы	102	84	77	91	65	97
Орташа бөлінген білім алушылар саны	20	25	25	23	11	20

2024-2025 оқу жылында 4 курс 1750 студенттің 5,4 пайызға жуығы (95 студент) сұраныс хат негізінде (94 келісім шарт) 86 мекемеде педагогикалық практикадан өтуге жіберілді. Сұраныс хат негізінде педагогикалық практикаға жіберу бойынша, 2023-2024 оқу жылы 776 студенттің 9,4 пайызы (73 студент) сұраныс хат негізінде 60 мекемеге жіберілген, яғни былтырғы оқу жылына қарағанда 4 пайызға кеміді. Сұраныс хат жіберілу себептері: жүктілігі бойынша анықтама (31), баласының болуы (59), жұмыс істейтіні (2), медициналық анықтама (8)



Педагогикалық практикаға сұраныс хатпен жіберілу себептері/ мекемелер саны (2024-2025 оқу жылы)

Оқу практикасының бағалау нәтижелері

Физика-математика факультетінің 105 студенті оқу практикасына жіберілген. Бағалау нәтижесінде 42 білім алушы «өте жақсы», 56 білім алушы «жақсы» деген баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алған – 1 білім алушы. Оқу практикасы бойынша бағаланбаған 4 білім алушының 2-еуі оқудан шыққан, 1-еуі 2023-2024 оқу жылында бағаланған, 1-еуі практикадан өтпеген (1503-24 тобының білім алушысы Жүрсінбекұлы Саятхан).

Жаратылыстану факультетінің 205 білім алушысының 25% «өте жақсы», 75% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар жоқ. Сонымен қатар, 1 студент себепсіз келмегендіктен F бағасын алған (1504-14 тобының білім алушысы Қалдыбек Әдемі Ержігітқызы).

Тарих және педагогика факультетінің 191 білім алушысының 31% «өте жақсы», 62% «жақсы» баға алған, 6% қанағаттанарлықсыз баға алған. Сонымен қатар, 1 студент себепсіз келмегендіктен F бағасын алған (1301-14к тобының білім алушысы Ерсариев Касымбек Карсыбаевич), 3 білім алушы оқудан шыққан.

Филология факультетінің оқу практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 585 білім алушының 22% «өте жақсы», 77%т «жақсы» және 1% «қанағаттанарлық» баға алған, ал 1 студент F алған. Барлығы 8 білім алушы (оқудан шығу, курстан қалу, себепті/себепсіз келмеу) бағаланбаған: 1 – себепті (2301-44 тобының білім алушысы Усербаева Наркыз Жумабекқызы), 2 – себепсіз, 1 – курстан курсқа қалған, 4 – оқудан шыққан.

ДШ және спорт факультетінің 224 білім алушысының 17% «өте жақсы», 75% «жақсы», 1% қанағаттанарлықсыз баға алған. Сонымен қатар, 7 студент себепсіз және 7 студент себепті келмегендіктен F бағасын алған. 16 студент оқудан шыққан, 1 студент басқа ЖОО ауысқан.

Өнер және білім факультетінің оқу практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 182 білім алушының 17% «өте жақсы», 82%т «жақсы» және 1% «қанағаттанарлық» баға алған, ал 1 студент себепті F алған (1404-24: Мұхтарқызы Назерке). Барлығы 5 білім алушы (оқудан шығу, курстан қалу, себепті/себепсіз келмеу) бағаланбаған: 1 – себепті, 4 – оқудан шыққан.

Психологиялық-педагогикалық практиканың бағалау нәтижелері

Физика-математика факультетінің 215 студенті психологиялық-педагогикалық практикасына жіберілген. Бағалау нәтижесінде 54 білім алушы «өте жақсы», 160 білім алушы «жақсы» деген баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алған жоқ. Жаратылыстану факультетінің 220 білім алушысының 36% «өте жақсы», 63% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар жоқ. Тарих және педагогика факультетінің 386 білім алушысының 47% «өте жақсы», 51% «жақсы» баға алған, 1% қанағаттанарлықсыз баға алған. Филология факультетінің психологиялық-педагогикалық практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 500 білім алушының 16% «өте жақсы», 79% «жақсы» және 1% «қанағаттанарлық» баға алған, ал 8 студент F алған. ДШ және спорт факультетінің 210 білім алушысының 4% «өте жақсы», 77% «жақсы», 6% қанағаттанарлықсыз баға алған. Өнер және білім факультетінің психологиялық-педагогикалық практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 139 білім алушының 24% «өте жақсы», 72%т «жақсы» баға алған.

Педагогикалық практикасының (3 курс) бағалау нәтижелері

Физика-математика факультетінің 235 студенті педагогикалық практикаға жіберілген. Бағалау нәтижесінде білім алушылардың 30% «өте жақсы», 66% «жақсы» деген баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алған жоқ. Педагогикалық практика бойынша бағаланбаған 9 білім алушының 1-еуі оқудан шыққан, 8-і практикадан өтпеген.

Жаратылыстану факультетінің 177 білім алушысының 49% «өте жақсы», 50% «жақсы» баға алған, 1% «қанағаттанарлық» баға алған. Сонымен қатар, 2 студент F бағасын алған: 1 студент академиялық демалысқа шыққан, 1 студент уақытылы бағаланбаған.

Тарих және педагогика факультетінің 295 білім алушысының 40% «өте жақсы», 55% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар жоқ. Сонымен қатар, 13 студент F бағасын алған: 2 студент академиялық демалысқа шыққан, 3 – оқудан шыққан, 5 – академиялық ұтқырлықпен оқуға жіберілген, 3 студент себепсіз практикаға бармаған.

Филология факультетінің оқу практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 629 білім алушының 25% «өте жақсы», 72% «жақсы» бағаланған. «Қанағаттанарлық» баға алғандар жоқ. 9 студент F алған. Барлығы 20 білім алушы (оқудан шығу, курстан қалу, себепті/себепсіз келмеу) бағаланбаған: 1 – жалған құжат жасаған, 6 – себепсіз, 2 – академиялық ұтқырлықпен оқуға жіберілген, 11 – оқудан шыққан.

ДШ және спорт факультетінің 556 білім алушысының 15% «өте жақсы», 79% «жақсы», қанағаттанарлықсыз бағаланғандар жоқ. Сонымен қатар, 19 студент себепсіз және 1 студент қорғауға келмегендіктен F бағасын алған.

Өнер және білім факультетінің педагогикалық практика нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша 186 білім алушының 16% «өте жақсы», 78% «жақсы» және 1% «қанағаттанарлық» баға алған, ал 1 студент себепті, 1 студент себепсіз F алған. Барлығы 5 білім алушы: 1 – басқа ЖОО ауысқан, 1 – академиялық ұтқырлықпен оқуға жіберілген, 6 – оқудан шыққан.

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық практика (4 курс) бойынша бағалау нәтижелері университеттің 1604 білім алушысының 22% «өте жақсы», 76% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар - 1%.

Өндірістік практиканың бағалау нәтижелері бойынша жалпы, 221 білім алушысының 17% «өте жақсы», 65% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар - 3%.

Тілдік практиканың бағалау нәтижелері бойынша жалпы, 513 білім алушысының 22% «өте жақсы», 69% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар - 6%.

Оқу-далалық практиканың бағалау нәтижелері бойынша жалпы, 1739 білім алушысының 25% «өте жақсы», 73% «жақсы» баға алған, ал қанағаттанарлықсыз баға алғандар - 3%.

5.2. КӘСІПТІК ПРАКТИКА ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАЛАРЫ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУ

«СМЖ ОҚПУ Е 7.05-2023 Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру мен өткізу ережесі» талаптарына кәсіптік практикалардың мақсат-міндеттері сәйкес келеді, төмендегідей үйлесімді жұмыстар атқарылды:

1. Кәсіптік практиканың барлық түрі мен мерзімі білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалды. Кәсіптік практиканың бағдарламасы дайындалды, практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындарымен (мекемелерімен, ұйымдарымен) келісіледі және Академиялық кеңес шешімімен Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор оқу жылының басында 28.08.2024ж. бекітілді.

2. Кәсіптік практиканың барлық түрлері бойынша базалық мекемелермен келісім шарт практика басталғанға бір айдан кеш емес мерзімде 3 жылға жасалды.

3. Кәсіптік практиканың барлық түрлеріне бойынша бағдарлама, жұмыс жоспар-кестесі бекітілді.

4. Кәсіптік практика бағдарламасына сәйкес әдістемелік нұсқаулықтар жасалынды, білім алушылар жұмыс жоспар кестесіне сай өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындады.

5. Практика алдында жетекшілер мен әдіскерлер қатысуымен орнықтыру (ұйымдастыру) конференциясы, практика аяқталғаннан соң қорытынды конференциясы өткізілді.

6. Педагогикалық практика басталған күні мектеп директоры немесе орынбасары және пәннің әдістемелік бірлестік жетекшісі топ студенттерімен педагогикалық кеңес өткізді. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарына сәйкес меңгерген пәндеріне орай практиканттарға білім беру мекемелеріндегі сыныптар бөлінді, бөлінген сыныпта пән бойынша сабақ беріп, сынып жетекшілік қызметті де қоса атқарды.

7. Студент практика есебін кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған арнайы комиссия алдында қорғайды және студенттің практикадан өту есебін қорғау хаттамасы түзілді.

Оқу практикасы болашақ кәсіптің мәні мен мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін педагогикалық танысу практикасы болып табылады.

Оқу практикасының мақсаты – білім алушылардың ұстаздық кәсібіне деген тұрақты қызығушылығы мен оң көзқарасын дамыту, болашақ кәсіби қызметтің түрлерін,

функцияларын және міндеттерін зерделеу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу практикасы барысында студенттер «Білім туралы» ҚР Заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт, оқу пәнінің бағдарламасы мен жоспарының құрылымы мен мазмұнын талдау, орта мектеп мұғалімінің / бастауыш сынып мұғалімі/ мектепке дейінгі білім ұйымының тәрбиешісінің еңбек қызметтерін (оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеушілік, әлеуметтік-коммуникативтік) білім, іскерлік пен дағдылар тұрғысынан талдау, педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын талқылау, заманауи ұстаздың бейнесін жасау, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларға сәйкестігін зерттеу, білім беру ұйымының мультимедия ортасын қалыптастыруда сынып жетекшісінің/ пән мұғалімінің кәсіби қызметінің ерекшелігін талдап, маңыздылығын болжауға бағытталған жұмыстар жасады.

Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты - студенттерді кәсіби салаға табысты бейімделу үшін қажетті құзыреттіліктерді алу үшін кәсіпорынның немесе ұйымның әлеуметтік ортасына тарту.

Психологиялық-педагогикалық практика барысында студенттер практика базасы (мектеп, орталық, т.б.) жұмысының міндеттері және негізгі бағыттарымен танысты, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жүйесімен танысты, сынып ұжымын және оқушылардың оқу мотивациясын зерттеді, сынып сағаттарына қатысты, ұйымдастырды, «Мектеп оқушының көзімен» тақырыбында бақылау жүргізді, бөлінген сыныпқа «Социометрия» әдісімен зерттеу жүргізіп (таблица түрде), нәтижелерді талдады және қорытынды жасады.

Педагогикалық практиканың мақсаты - білім беру жүйесінде оқытудың оқу-тәрбие процесін жобалау мен жүзеге асыруға байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыру, студенттердің әлеуметтік және кәсіби бейімделуіне жағдай жасау, практикалық педагогикалық тәжірибені игерту.

Практика барысында 3 курс студенттері психологиялық, педагогикалық және пәндік-әдістемелік тапсырмаларды орындады. Атап айтқанда, бір оқушының танымдық процестерінің (зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял, түйсік) ерекшеліктерін анықтады, ашық тәрбие сағатын, сынып сағаттарын заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолданып өткізді. Пәндік-әдістемелік тұрғыдан 1 бақылау сабағын, 6 күнделікті сабақтар, 4 мұғалім мен студент-практиканттардың сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасты.

Педагогикалық практиканың мақсаты (4 курс) - білім алушылардың нақты қызмет (іс-әрекет) жағдайында кәсіби лауазымын апробациялауға мүмкіндік жасау, яғни оқу-тәрбие үдерісін мен білім беру ортасын жобалау, жүргізу және бағалау саласында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, практикалық дағдыларын дамыту.

Практика барысында 4 курс студенттері психологиялық, педагогикалық және пәндік-әдістемелік тапсырмаларды орындады. Атап айтқанда, оқушылардың жекелік психологиялық қасиеттерін зерттеді, ашық тәрбие сағатын, 6 сынып сағаттарын заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолданып өткізді. Пәндік-әдістемелік тұрғыдан 1 бақылау сабағын, 12 күнделікті сабақтар, 7 мұғалім мен студент-практиканттардың сабақтарына қатысып, тәжірибе алмасты. Сонымен қатары, сыныптан тыс іс-шара мен ғылымизерттеу жұмыстарын жүргізді.

5.3 МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ПРАКТИКАСЫ

5.3.1 Зерттеу практикасы

2024-2025 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 2-курстың 13 докторанттары 02.09.2024ж. - 08.11.2024ж аралығында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің маман даярлаушы кафедраларында зерттеу практикадан өтті. 13 докторант зерттеу практикадан нәтижелі өтті.

Зерттеу практика (докторантура)

ББ атауы	Оқу тобы	Жіберілген (саны)	Тапсырған (саны)	Бағалары
----------	----------	-------------------	------------------	----------

				A, A-	B+, B, B-	C+, C, C-, D+, D	F
8D01407-Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау	D1407-13	2	2	2	-	-	-
8D01501 – Математика педагогін даярлау	D1501-13	2	2	2	-	-	-
8D01502 – Физика педагогін даярлау	D1502-13	1	1	1	-	-	-
8D01503 – Информатика педагогін даярлау	D1503-13	3	3	3	-	-	-
8D01504 – Химия педагогін даярлау	D1504-13	2	2	2	-	-	-
8D01601 - Тарих педагогін даярлау	D1601-13	2	2	2	-	-	-
8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	D1701-13	1	1	1	-	-	-
		13	13	13			

2024-2025 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 2-курс (қысқы қабылдау) 2 докторанты 20.01.2025ж - 28.03.2025ж аралығында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің маман даярлаушы кафедраларында зерттеу практикадан өтті.

Зерттеу практика (докторантура)

ББ атауы	Оқу тобы	Жіберілген білім алушылардың саны	Тапсырған білім алушылардың саны	Бағалары				Келмегені
				A, A-	B+, B, B-	C+, C, C-, D+, D	F	
8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	D1301-13к	2	2	2	-	-	-	-
8D01407-Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау	D1407-13к	1	1	1	-	-	-	-
8D01501 – Математика педагогін даярлау	D1501-13к	1	1	1	-	-	-	-
8D01502 – Физика педагогін даярлау	D1502-13к	1	1	1	-	-	-	-
8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	D1701-13к	1	1	1	-	-	-	-
8D01702-Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	D1702-13к	1	1	1	-	-	-	-
8D01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау	D1703-13к	2	2	2	-	-	-	-
Барлығы		9	9	9	-	-	-	-

5.3.2 Педагогикалық практика

2024-2025 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 1-курстың 42 докторанты үшін 10.02.2024ж-18.04.2024ж. Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің маман даярлаушы кафедраларында педагогикалық практикадан ұйымдастырылды.

Педагогикалық практика (докторантура)

ББ атауы	Оқу тобы	Жіберілген (саны)	Тапсырған (саны)	Бағалары				Келмегені
				A, A-	B+, B, B-	C+, C, C-, D+, D	F	
8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	D1301-14	4	4	3	1	-	-	-
8D01405- Құқық және экономика негіздері педагогін даярлау	D1405-14	1	1	1	-	-	-	-
8D01407-Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау	D1407-14	4	4	4	-	-	-	-
	D1407-14к	1	1	1	-	-	-	-
8D01501 – Математика педагогін даярлау	D1501-14	5	5	4	1	-	-	-
8D01502 – Физика педагогін даярлау	D1502-14	2	2	2	-	-	-	-
8D01503 – Информатика педагогін даярлау	D1503-14	2	2	2	-	-	-	-
8D01504 – Химия педагогін даярлау	D1504-14	4	4	3	1	-	-	-
8D01505 - Биология педагогін даярлау	D1505-14	3	3	2	1	-	-	-
8D01601 - Тарих педагогін даярлау	D1601-14	6	6	5	1	-	-	-
	D1601-14к	1	1	1	-	-	-	-
8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	D1701-14	2	2	2	-	-	-	-
	D1701-14к	1	1	1	-	-	-	-
8D01702-Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	D1702-14	1	1	1	-	-	-	-
8D01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау	D1703-14	4	4	3	1			
	D1703-14к	1	1	1	-	-	-	-
Барлығы		42	42	36	6	-	-	-

5.3.3 Магистранттардың зерттеу практикасы

2024-2025 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе бойынша 2-курстың 126 магистранты 24.02.2024ж-02.05.2025ж. аралығында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ маман даярлаушы кафедраларында және мекемелерде зерттеу практикасынан өтуге жіберілді. 128 магистрант зерттеу практикадан нәтижелі өтті.

Зерттеу практикасы

ББ атауы	Оқу тобы	Жіберілген білім алушылардың саны	Тапсырған білім алушылардың саны	Бағалары				Келмегені
				A, A-	B+, B, B-	C+, C, C-, D+, D	F	
7M01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	M1201-13	4	4	2	2	-	-	-
7M01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	M1301-13	5	5	2	3	-	-	-
7M01401- Бастапқы	M1401-13	1	1	1	-	-	-	-

әскери дайындық педагогін даярлау								
7M01403 Музыкалық білім педагогін даярлау	M1403-13	1	1	1	-	-	-	-
7M01501 – Математика педагогін даярлау	M1501-13	16	16	9	6	-	-	-
7M01502 – Физика педагогін даярлау	M1502-13	9	9	5	4	-	-	-
7M01503 – Информатика педагогін даярлау	M1503-13	7	7	4	3	-	-	-
7M01504 – Химия педагогін даярлау	M1504-13	11	11	8	4	-	-	-
7M01505 – Биология педагогін даярлау	M1505-13	19	19	13	3	-	-	-
7M01506 – География педагогін даярлау	M1506-13	2	2	2	2	-	-	-
7M01601 – Тарих педагогін даярлау	M1601-13	13	13	7	6	-	-	-
7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	M1701-13	7	7	5	2	-	-	-
7M01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	M1702-83	7	7	7	-	-	-	-
7M01703 – Шетел тілі, екі шетел тілі педагогін даярлау	M1703-13	16	16	15	1	-	-	-
7M01901 – Арнайы педагогика	M1901-13	8	8	3	5	-	-	-
Барлығы		126	126	84	41	-	-	-

5.3.4 Магистранттардың педагогикалық практикасы

2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе бойынша 1-курстың 316 магистранты 10.03.2025ж.- 02.05.2025ж аралығында Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ маман даярлаушы кафедраларында педагогикалық практикада болды.

314 магистрант педагогикалық практикадан нәтижелі өтіп, 1 магистрант F алды, 02.05.2025ж. 1 магистрант академиялық демалысқа шығуына байланысты бағаланбаған.

Педагогикалық практика (магистратура)

ББ атауы	Оқу тобы	Жіберілген білім алушылардың саны	Тапсырған білім алушылардың саны	Бағалары			
				A, A-	B+, B, B-	C+, C, C-, D+, D	F
7M01201-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	M1201-14	3	3	-	3	-	-
	M1201-14к	1	1	-	1	-	-
7M01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	M1301-14	17	17	3	13	-	-
7M01402 – Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау	M1402-14	5	5	2	3	-	-
	M1402-14к	2	2	2	-	-	-
7M01403-Музыкалық білім педагогін даярлау	M1403-14к	1	1	1	-	-	-
7M01404-Көркем еңбек және сызу педагогін даярлау	M1404-14к	2	2	2	-	-	-
7M01501 – Математика педагогін даярлау	M1501-14	24	24	13	11	-	-
	M1501-24	21	21	17	4	-	-

7М01502 – Физика педагогін даярлау	M1502-14	18	18	6	12	-	-
7М01503 – Информатика педагогін даярлау	M1503-14	10	10	8	2	-	-
	M1503-24	15	15	6	9	-	-
7М01509-Цифрлық педагогика	M1509-14 IP	7	7	3	4	-	-
7М01504 – Химия педагогін даярлау	M1504-14	21	21	15	6	-	-
	M1504-24	21	21	16	5	-	-
7М01505 – Биология педагогін даярлау	M1505-14	16	16	12	4	-	-
	M1505-24	12	12	7	5	-	-
	M1505-14к	3	3	1	2	-	-
7М01506 – География педагогін даярлау	M1506-14	3	3		3	-	-
	M1506-14к	2	2		2		
7М01601 – Тарих педагогін даярлау	M1601-14	9	9	8	1	-	-
	M1601-14к	3	3	1	2	-	-
7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	M1701-14	18	18	10	8	-	-
7М01702 – Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	M1702-84	5	5	3	2	-	-
7М01703 – Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау	M1703-14	22	22	3	18	-	1
	M1703-24	18	18	8	10	-	-
	M1703-34	18	18	4	14	-	-
	M1703-84	6	6	6			
	M1703-14к	3	3	1	2		
7М01901 – Арнайы педагогика	M1901-14	7	7	4	3	-	-
	M1901-84	1	1		1		
	M1901-14к	2	2	1			
7М02101-Дизайн	M2101-14	1	1	1	-	-	-
Барлығы		316	316	164	150		1

5.4 ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ТАРТЫЛҒАН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ, БИЗНЕС ҚҰРЫЛЫМДАР ӨКІЛДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2024-2025 оқу жылында Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу және жетілдіру жұмыстарын жүргізетін алқалы органы Академиялық комитеттің құрамына келесі жұмыс берушілер тартылды:

1. Умарова Бикен Хусаиновна- Шымкент қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының директорының м.а.

2. Утемисова Салтанат Бортаевна- Шымкент қаласы білім басқармасының ғылыми-әдістемелік орталығы, Мектепке дейінгі дамыту орталығы директорының м.а.

3. Мекенбаев Саян Керімбекович- Шымкент қалалық №10 Күрес түрлерінен Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры.

4. Исмаилова Индира Кунтуевна - Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры.

5. Байтоқаева Лаура Секрікболовна – Химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры.

6. Жусупова Айман Султанбековна- Н.Ондасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясының директоры.

7. Орынбек Арман Шымбайұлы- №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясының директоры.

8. Саржанова Жанар Ержановна- Д.И.Менделеев атындағы № 15 мектеп лицейінің директоры.

9. Каипов Алмасходжа Серикович- Ы.Алтынсарин атындағы № 65 мектеп гимназиясының директоры.

Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының жұмысшы тобына келесі жұмыс берушілер мен басқа да мекемелердің өкілдері тартылды.

6B01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша:

Ы. Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясының психологі, Физика-математика бағытындағы НЗМ, педагог-психологы, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы, А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясының психологі.

7M01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы, 6B01201 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағдарламалары бойынша: Шымкент қаласы білім басқармасының ғылыми-әдістемелік орталығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің әдіскері, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушы-тренері, Нидерланды (ISSA) қауымдастығының мүшесі, Step by step» қоғамдық қорының директоры, Сайрам ауданының білім бөлімі, Мектепке дейінгі мекеме бойынша әдіскері, «Шымкент қаласының әйелдер мен балалар қолдау орталығының» қоғамдық бірлестігінің төрайымы №69 «Еркебұлан» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі, ЖМ «Қос Ана» бөбекжай - балабақша әдіскері, «Алдияр» бөбекжай - балабақшасының құрылтайшы – меңгерушісі, №98 «Мерей» бөбекжай бақшасының меңгерушісі.

7M01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау, 6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламалары бойынша: Шымкент қаласы Білім басқармасы әдістемелік орталығының директоры, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» Шымкент қаласы филиалының директоры, «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ директоры, 3. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің оқу-ісінің орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, Қ. Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейінің оқу-ісінің орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі, А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназия бастауыш сынып мұғалімі, «Асыл Әлем» қоғамдық бірлестігі, Шымкент қаласы әкім жанындағы, қоғамдық кеңес мүшесі.

6B01401 Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша: №5 М.Мұса атындағы жалпы орта білім беру мектебінің Алғашқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, №7 Қ. Спатаев атындағы мектеп-лицейінің бастапқы әскери дайындық оқытушы-ұйымдастырушысы, №26 Жамбыл атындағы мектеп-гимназиясының Алғашқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, №62 Н.Төрехұлов атындағы жалпы орта мектебінің Бастапқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы, №72 С. Нұрмағамбетов атындағы жалпы орта мектебінің Бастапқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушы-оқытушысы.

6B01402 Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша: Шымкент қ. №10 Күрес түрлері балалар-жасөспірімдер спорт мектеп директорының оқу-спорт жөніндегі орынбасары, Шымкент қаласының №18 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры 3. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің, денешынықтыру пәнінің мұғалімі №1 А. Пушкин атындағы мектеп-гимназиясының денешынықтыру пәнінің мұғалімі.

7M01403 – Музыкалық білім педагогін даярлау, 6B01403-Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: «Өрлеу» БАҰО АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ филиал директоры, Муками атындағы №13 жалпы орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі, 3. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейінің, музыка пәнінің мұғалімі, №38 атындағы Н.Д. Оңдасынов мектеп-гимназиясының музыка

пәнінің мұғалімі, №46 мектеп-лицейдің музыка пәнінің мұғалімі, №50 А.Байғұрсынов атындағы мектеп-гимназиясы, музыка пәнінің мұғалімі, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясының музыка пәнінің мұғалімі, «Киелі Қазығұрт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

7M02101-Дизайн, 6B01404 Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау және 6B02101 Дизайн білім беру бағдарламалары бойынша: Химия-биология бағытындағы НЗМ, өнер пәнінің мұғалім-модераторы, №65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, өнер пәнінің мұғалім-модераторы, №47 Т.Тәжібаев атындағы мектеп-гимназия, Көркем еңбек және сызу пәні мұғалімі.

6B01405 Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша: Физика-математика бағытындағы НЗМ, экономика пәнінің мұғалімі, модератор, құқық пәнінің мұғалімі-модератор, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп –лицейі, құқық пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейінің құқық пәнінің мұғалімі, Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясының құқық пәнінің мұғалімі.

6B01407 Бейнелеу өнері, графика және жобалау мұғалімін даярлау 6B01408 Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: Химия-биология бағытындағы НЗМ, өнер пәнінің мұғалім-модераторы, «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» оқытушысы, №47 Т.Тәжібаев атындағы мектеп-гимназия, Көркем еңбек және сызу пәні мұғалімі.

7M01501 Математика педагогін даярлау, 6B01501-Математика мұғалімін даярлау және 6B01508-Математика-Физика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: М.Әуезов атындағы ОҚУ, Жаратылыстану факультетінің деканы, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының директоры, Физика-математика бағытындағы НЗМ, математика пәнінің мұғалімі, №65 Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі, №80 ІТ мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі.

7M01502 Физика педагогін даярлау, 6B01502 Физика мұғалімін даярлау және 6B01510 Физика-Информатика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Физика кафедрасының доценті, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының физика пәнінің мұғалімі, №47 Т. Тәжібаев атындағы мектеп-гимназиясы, (информатика) физика пәнінің мұғалімі, №65 Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының физика пәнінің мұғалімі, № 7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейдің физика пәнінің мұғалімі.

7M01503 Информатика педагогін даярлау, 6B01503 Информатика мұғалімін даярлау және 6B01509 Математика-Информатика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: М.Әуезов атындағы ОҚУ информатика кафедрасының меңгерушісі, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша КДИ, психология инклюзивті білім беру және кәсіби даму кафедрасының аға оқытушы, Физика-математика бағытындағы НЗМ, информатика пәнінің мұғалімі, М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №8 гимназия информатика пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейінің информатика пәнінің мұғалімі, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының информатика пәні мұғалімі, №65 Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының информатика пәнінің мұғалімі, №47 Т. Тәжібаев атындағы мектеп-гимназиясы, информатика пәнінің мұғалімі.

7M01504 Химия педагогін даярлау, 6B01504 Химия мұғалімін даярлау және 6B01507-Химия-Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: М.Әуезов атындағы ОҚУ Химия кафедрасының доценті, Шымкент университеті, Химия және биология кафедрасының меңгерушісі, Физика-математика бағытындағы НЗМ, химия пәнінің

мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, химия пәнінің мұғалімі, №4 Х. Досмұхамедов атындағы жалпы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі, химия пәнінің мұғалімі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-гимназиясының жоғары санаттағы химия пәнінің мұғалімі, №2 мамандандырылған үш тілде оқытылатын мектеп - интернатының химия пәні мұғалімі, №15 Д.И. Менделеев атындағы мектеп-лицейі, химия пәнінің мұғалімі.

7M01505 Биология педагогін даярлау, 6B01505-Биология мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша: М.Әуезов атындағы ОҚУ Биология кафедрасының доценті, Шымкент қалалық білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» директоры, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп- гимназиясының биология пәнінің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, биология пәнінің мұғалімі-модератор, Cambridge Line лицейінің биология пәнінің мұғалімі, С. Ерубаяев атындағы №24 ІТ мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі.

7M01506 География педагогін даярлау, 6B01506 География мұғалімін даярлау және 6B01511 –География-Тарих мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Биология және география» кафедрасының доценті, Ә.Қуатбеков атындағы ҚХДУ доценті, Физика-математика бағытындағы НЗМ, география пәнінің мұғалімі- модераторы, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының «Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, география пәнінің тренері, Н.Ондасынов атындағы №38 мектеп гимназиясының география, тарих пәнінің мұғалімі, №23 З.Космодемьянская атындағы мектеп –лицейі, география пәнінің мұғалімі, №33 Қ. Қасымұлы атындағы ЖОМ, география пәнінің мұғалімі.

7M01601 Тарих педагогін даярлау, 6B01601 Тарих мұғалімін даярлау және 6B01602-Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: «AMANAT» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты Шымкент қалалық филиалының төрағасының орынбасары, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ доценті, Г.С.Титов атындағы №20 мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, №47 Т. Тәжібаев атындағы мектеп-гимназиясы, тарих пәнінің мұғалімі, №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, Шымкент қаласы білім басқармасы, әдістемелік орталықтың тарих пәні әдіскері, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицей, тарих пәнінің мұғалімі, Ә.Жәнібеков атындағы №19 мектеп жалпы орта білім беретін мектеп, тарих пәнінің мұғалімі.

7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау, 6B01701 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау және 6B01704-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау, 6B02302 – Филология білім беру бағдарламалары бойынша: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, Әдістемелік орталық «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» бөлімінің басшысы, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Назарбаев зияткерлік мектебі, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп – гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №1 А.Пушкин атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

7M01702 Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау, 6B01702 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау және 6B01705-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша: М.Әуезов атындағы ОҚУ, орыс тілі және әдебиеті кафедрасының доценті, «Мирас» университетінің доценті, *М. Өтебаев атындағы жоғарғы жаңа технологиялар колледжінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр-оқытушысы*, О.А. Жолдасбеков атындағы № 9 мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

7M01703 Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау, 6B01703 Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау және 6B02301 Аударма ісі білім беру бағдарламалары бойынша: Ж.А.Тәшенев атындағы университетінің «Ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы, Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Шетел тілдері кафедрасының оқытушысы, ҚР ағылшын тілі мұғалімдері мен оқытушыларының

қауымдастығы «KAZTEA» заңды тұлғалар бірлестігі президенті, «Өрлеу» «Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ, ф.з.к.Түркістан облысы, Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ ағылшын тілі кафедрасының тренері, Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-эмбебап кітапханасы басшысы, Н.Д. Ондасынов атындағы №38 мектеп-гимназияның жоғары санатты ағылшын тілінің мұғалімі, №1 А.Пушкин атындағы мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, №72 С. Нұрмағамбетов атындағы жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

6B01706 Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша: Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, Өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Назарбаев зияткерлік мектебі, №7 мектеп - лицейдің Өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Пушкин атындағы №1 мектеп – лицейдің Өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Б.Алтынсарин атындағы №65 мектеп – гимназияның Өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

6B01801 Әлеуметтік педагогика маманын даярлау білім беру бағдарламасы бойынша: М.Х.Дулати атындағы №8 үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы, А. Назарбеков атындағы №87 ЖОМ әлеуметтік педагогы, Ө. Жолдасбеков атындағы атындағы №9 ІТ мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогы, А.Асқаров атындағы №77 мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогы.

7M01901 Арнайы педагогика, 6B01901 Арнайы педагогика маманын даярлау білім беру бағдарламасы бойынша: «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу кафедрасының меңгерушісі, Шымкент қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығы КММ, «Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмысты үйлестіру және өзін-өзі тану» бөлімінің басшысы, Шымкент қалалық пән мұғалімдерінің «ULAGAT» педагогикалық қауымдастығы төрайымы, Түркістан облысы білім басқармасының адами әлеуетті дамыту басқармасының «№6 Психологиялық-медициналық -педагогикалық кеңес беру» әдіскері, Шымкент қаласы білім басқармасы №2 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті КММ меңгерушісі, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған Ленгір көмекші мектеп-интернаты» КММ әдіскері, Шымкент қаласы білім басқармасының «Қосалқы мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, «Шымкент қаласындағы қалалық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі басшысы, «Рахмет саған, Анашым» мүмкіндігі шектеулі балалардың аналарының қоғамдық бірлестігі басшысы, Шымкент қаласы білім басқармасының мемлекеттік арнаулы (коррекциялық) №28 «Гаухар» балабақшасы (сөйлеу функциялары ауыр және жеңіл бұзылған балаларға арналған) КММ мұғалім-логопеді, Шымкент қалалық пән мұғалімдерінің «ULAGAT» педагогикалық қауымдастығы мүшесі, Ш. Уалиханов атындағы №18 ЖОМ оқу және түзету жұмыстары бойынша директордың орынбасары.

6B05101 Биология білім беру бағдарламасы бойынша: Шымкент қалалық білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» қосымша білім беру педагогы, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп- гимназиясының биология пәнінің мұғалімі, «Сайрам – Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің Экологиялық ағарту және туризм бөлімінің бөлім бастығы – аға мемлекеттік инспекторы, Cambridge Line лицейінің биология пәнінің мұғалімі, Химия-биология бағытындағы НЗМ, биология пәнінің мұғалімі-модераторы, С.Ерубаев атындағы №24 ІТ мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі.

2024-2025 оқу жылында білім алушыларға практикалық білім мен дағдыларды үйрету мақсатында 36 практиктер қосымша жұмыс атқарушы ретінде жұмысқа қабылданды.

5.5. КАФЕДРА ФИЛИАЛДАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2024-2025 оқу жылында төмендегі мекемелермен кафедра филиалдары жұмыс жасалды:

1. З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі
2. №69 «Еркебұлан» бөбекжай балабақшасы

3. №28 «Гаухар» балабақшасы
4. Қосалқы мектеп интернаты
5. Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы
6. Қ.Сыпатаев атындағы №7 мектеп-лицейі
7. Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейі
8. Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта мектебі
9. Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектеп
10. Ө.Жолдасбеков атындағы №9 мектеп-лицейі
11. №80 ІТ мектеп лицейі
12. А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы
13. Н.Д.Ондасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы
14. №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернаты
15. Г.С.Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы
16. Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы
17. №132 жалпы білім беретін мектебі
18. №99 мектеп-гимназиясы
19. Оразбай атындағы №115 негізгі орта мектебі

2024-2025 оқу жылында төменде көрсетілген кафедралар кафедра филиалдарын жанартты.

Кафедра филиалдарын құру (2024-2025 оқу жылы)

Кафедра атауы	Мекеме атауы
Әлем тарихы және дінтану	Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы
Аударма ісі және шетел тілдері	Оразбай атындағы №115 негізгі орта мектебі
Орыс тілі мен әдебиеті	Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы З.Космедемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі №132 жалпы білім беретін мектебі
Ағылшын тілі	№99 мектеп-гимназиясы
География	№7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицейі
Бастауышта оқыту әдістемесі	№7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицейі З.Космедемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі

5.6. ҚОРЫТЫНДЫ

1. 2024-2025 оқу жылында кәсіптік практика «СМЖ ОҚПУ Е 7.05-2023 Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру мен өткізу ережесі» талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

2. 2024-2025 оқу жылында кәсіптік практиканы өткізуге арналған **169** мекемемен **254** келісім шарт жасалды, оның ішінде **81** мекемемен 3 жылға екі жақты келісім шарт, **88** мекемемен үш жақты келісім шарт тіркелді.

3. 2024-2025 оқу жылында **5477 студент** (2-4 курстар) Шымкент қаласындағы практика базаларында кәсіптік практикадан өтті.

4. 2024-2025 оқу жылында 4 курс **1750** студенттің **5,4 пайызға** жуығы сұраныс хат негізінде (94 келісім шарт) педагогикалық практикадан өтуге жіберілді.

5. 2022-2023 оқу жылы бойынша кәсіптік практиканың бағалау қорытындысы Ғылым және жоғары білім министрлігі талаптарына сай келеді. Жалпы университет бойынша бағалардың таралуы төмендегідей:

- 5 (өте жақсы) (А, А-) - 24%;
- 4 (жақсы) (В+, В, В-, С+) – 72%;
- 3 (қанағаттанарлық) (С, С-, D+, D) - 1%;
- 2 (қанағаттанарлықсыз) (F, F-) - 2%.

Үлгерім көрсеткіші – 96 пайыз, сапа көрсеткіші – 96 пайыз.

6. Магистранттар мен докторанттардың өндірістік, педагогикалық, зерттеу практикаларынан өту талаптарға сай орындалды.

5.7 ҰСЫНЫСТАР

1. Студенттердің ғылыми-педагогикалық зерттеулер, жобалар жүргізу дағдыларын әдістемелік пәндерде дамыту, педагогикалық практика барысында жүзеге асыруға мүмкіндік жасауды қолға алу.

2. Студенттердің практика барысында кәсіби дағдыларын бағалаудың жаңа әдістерін қарастыру.

3. Студенттер жауапкершілігін және практика барысында үнемі қадағалау/бақылау жасауды күшейту.

4. Практика тапсырмаларын конструктивті үйлесімділік қағидалары негізінде критериалды бағалауды күшейту.

5. Педагогикалық практика барысында студенттерге психологиялық көмек көрсетуді қарастыру.

6. Әдістемелік пәндердің мазмұнын практикалық дағдыларды (ҚМЖ құрастыру, бағалау тапсырмаларын әзірлеу) дамытуға бағыттау.

7. Практика сағаттарын үйлестіруде практика жүктемесін ескеру (әр жетекшіге 12-15 студенттен тұратын 2 топшадан артық емес бөлу).

8. Практикант-студенттердің өткізетін ашық сабақтарын университет тарабынан бейне сүйемелдеу, монтаждау жұмыстары бойынша қолдау жасау мүмкіндігін қарастыру.

9. Университет қабырғасында өтілетін педагогикалық оқу практикасын өткізуді жетілдіру үшін оқу-әдістемелік кабинеттер ашу, мультимедиялық құралдармен жабдықтауды қолға алу.

10. Зерттеу практикасының сапасын көтеру мақсатында ҚР ғылыми кітапханаларымен, ғылыми зерттеу институттарымен байланыс жұмыстарын арттыру.

5.8. SWOT-ТАЛДАУ

Strengths (күшті жақтары)	Weaknesses (әлсіз жақтары)
– Кәсіптік практиканы өткізуге арналған келісім шарттар Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты мектептермен жасалған. – Инновациялық бағыттағы мекемелермен, атап айтқанда Дарынды балаларға арналған №1 мамандардырылған ІТ лицей-интернаты, Химия-биологиялық бағыттағы НЗМ, Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектебі, №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп интернаты, Білім-инновация ер балаларға арналған №1 лицей-интернаты, Білім-инновация қыз балаларға арналған №2 лицей-интернаты, «Alan» халықаралық мектебімен келісім шарттар бар. – Педагогикалық, психологиялық, пәндік-әдістемелік бағыттағы тапсырмалар жүйесі педагогтың кәсіби күзінеттіліктерін	– Инновациялық бағыттағы мекемелер кәсіптік практикаға шектеулі студенттерді ғана қабылдайды. – Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды практика базаларында пайдалана алу мүмкіндіктерінің төмендігі.

калыптастырады. – Жоғары деңгейде практикадан өткен студенттер жұмысқа шақырту алды, «Alan» халықаралық мектебі, «Жалын» БЗЛЗМ беру мектебі жұмысқа қабылданған студенттер бар. – Педагогикалық практика барысында студенттер алғыс хаттармен марапатталды. – Практика базалары кеңейтілді және ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатылды. – Білім алушылар Шымкент қаласындағы беделді лицей, гимназияларда кәсіптік практикадан өтті.	
Opportunities (мүмкіндіктері)	Threats (қауіптер)
– Жұмыс берушілермен қарым-қатынасты ұлғайту түлектеріміздің жұмыспен қамтылуына септігін тигізеді. – Практика базаларымен бірлесе отырып арнайы семинарлар ұйымдастыру. – Дипломалды практикада эксперименттік-зерттеу жұмыстарын заманауи практика базаларында ұйымдастыру. – Бітіруші курс білім алушыларының кәсіптік практиканы аяқтағаннан кейін, бос орын болған жағдайда практикадан өткен білім беру мекемесінде жұмысқа орналасу мүмкіндігі. Оқытудың клиникалық моделін оқу процесіне енгізуді қарастыру.	– Инновациялық бағыттағы білім беру мекемелерінің келесі оқу жылында студенттерді қабылдамауы. – Практика базаларында арнайы кабинеттердің, мысалы «Музыка» кабинеттерінің болмауы білім алушылардың педагогикалық шыңдалуына әсер етеді. – Педагогикалық практика барысында ұйымдастырылатын жиынтық бағалау процесі студенттердің сабақты ұйымдастыруды практикадан өткізуге кедергі жасайды.

6. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

6.1 УНИВЕРСИТЕТ, ФАКУЛЬТЕТ ПЕН КАФЕДРА БОЙЫНША ТОПТАРДА ӨТКІЗІЛГЕН ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР ЖАЙЛЫ МӘЛІМЕТ (МАЗМҰНЫ МЕН ФОРМАСЫ ТУРАЛЫ).

2024-2025 оқу жылында университеттегі тәрбие және әлеуметтік мәселелер бойынша негізгі жұмыстарды Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті ЖОО-ның басқа да құрылымдық бөлімдерімен бірлесе отырып жүзеге асырды.

Оқу жылы басында университеттің тәрбие жұмыстарының жылдық жұмыс жоспары түзіліп, университеттің ҒК (29.08.2024 ж.) бекітілді. Жоспарға сәйкес барлық тәрбие құрылымдарының *(тәрбие департаментіне қарасты бөлімдер, факультеттер мен кафедралар)* 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмыс жоспарлары түзіліп бекітілді. Тәрбие жұмысы жоспарларын түзуде негізінен назарды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды жастар бойына сіңіру, мемлекетшілдік, отанды сүю, қоғамдық сананы жоғары деңгейге көтеру мақсатында «Адал азамат, «Толық адам» идеялары және жоғары білім беру саласына тікелей қатысты ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдаулары мен Ұлттық құрылтайларда белгілеп көрсеткен тапсырмаларын орындау басты назарда болды.

Атап айтқанда, білім алушылардың әлеуметтік мәселелерімен толық танысу, соған сай оларға жайлы жағдай туғызу, олардың мұқтаждықтарын барынша заң аясында

«қанағаттандыру» бағытында жұмыстар жүргізілді. Оның ішінде мұқтаж білім алушылар жатақханамен толық қамтылды. Әлеуметтік қолдау, тәрбиелік іс-шараларды мазмұнды өткізу бағыттарындағы жұмыстар легі ЖОО барлық құрылымдарымен және Шымкент қала әкімдігінің Ішкі саясат бөліміне қарасты мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар т.б. өзара бірлескен жоспарларға сай жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылының I қыркүйек айына университеттегі жалпы білім алушылар саны - 8111 болды. Оның ішінде бакалавриат бойынша 7443 (грантта 3688, ақылыда-3759), магистратурада -583 (оның гранты-475, ақылы-8) және докторантура бойынша 85 (оның гранты-77, ақылы-8) білім алушымен тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Олардың арасында 180 шетелдік студенттер бар (Өзбекстан Республикасы -178; Үндістан-1, Ресей-1). Жалпы алғанда оқу жылының I жартысында мемлекеттік гранттағы-4240, ақылы бөлімдегі 3825 білім алушы тәрбие жұмыстарына тартылды.

Көктемгі сессия қорытындылары мен студенттердің денсаулық, отбасы жағдайларына байланысты академиялық демалысқа шығуы, өзге ЖОО-на ауысуы, білім алушының университетпен білім беру келісім шартындағы талаптарды (оның ішінде ішкі тәртіп ережелерін сақтамауы) орындамауына байланысты оқудан шығарылғандарын қоса есептегенде 2025 жылдың I маусым күніне ЖОО-да жалпы саны 7733 білім алушыны құрады. Оның ішінде мемлекеттік гранттағы-4299, ақылы бөлімдегі 3434 білім алушымен тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде, бакалавриат бойынша 7144 (грантта 3748, ақылыда-3396), магистратурада -469 (оның гранты-450, ақылы-19) және докторантура бойынша 84 (оның гранты-75, ақылы-9) білім алушы бар. Оларға қосымша педагогикалық қайта даярлау-10 (оның бәрі ақылы-10), тілдік дайындық-26 (оның бәрі грант-26) білім алушыны да тәрбиелік шараларға тарту күнтізбесінде тұр. Жалпы алғанда 168 шетелдік студенттер бар (Өзбекстан Республикасы -167 студент бакалавриатта, Үндістан-1 (докторант))

ҚР ЖОО арасында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ жатақханамен студенттерді толықтай орынмен қамтыған бірден бір оқу орны. Биылғы оқу жылында университетіміздің жатақханаларындағы жалпы орындар саны 3123-ке жетті. Оқу жылының басында Platonus LMS жүйесі арқылы студенттерден жатақханаға орналасу бойынша өтініштер қабылданып, сол өтініштердің 100%-ы толық өңделді. Нәтижесінде, 1484 студент жатақханамен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, әлеуметтік жағдайы ерекше студенттерге ерекше көңіл бөлінді. Жатақханаларда 21 жетім бала және 27 мүгедектігі бар білім алушыларға 100%-дан 50%-ға дейінгі жеңілдіктер көрсетілді. Бұл шаралар университетіміздің білім алушыларға деген қамқорлығы мен әлеуметтік әділдік қағидаларын жүзеге асыруға бағытталғандығын айқын көрсетеді.

1 КЕСТЕ.

р/с	Факультет бойынша	ОҚПУ бойынша оқу топтарының жалпы саны (бакалавриат)	Оқу топтарына бекітілген топ тәлімгерлерінің жалпы саны	Студенттердің арасында әлеуметтік қолдауды қажет ететіндердің жалпы саны	Тұл жетім және жартылай жетім	Мүгедек білім алушылар саны	Орамал тартатын немесе хиджаб киетін студенттер саны
1	Физика - математика	46	23	3	4/65	3	12
2	Жаратылыстану	59	43	17	7/59	9	16
3	Филология	113	56	25	25/625	13	64
4	Тарих және педагогика	64	32	52	6/32	14	32
5	Өнер және білім	45	33	4	9/6	19	6
6	Дене шынықтыру және спорт	60	25	26	26/30	13	4
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	387	212	127	77/817	71	134

6.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ ДЕНГЕЙІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ ЖӘНЕ ПІКІРТАЛАС ҚОЗҒАЛЫСЫ АРҚЫЛЫ ТАРТЫЛҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ.

2024–2025 оқу жылында студенттер арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту бағытындағы жұмыстар қарқынды әрі жүйелі түрде жалғасын тапты. Осы орайда, университетіміздің «Болашақ» пікірсайыс орталығы аймақтық, қалалық және университетішілік деңгейлерде барлығы 5 пікірсайыс турнирін ұйымдастырып, студенттердің ой-өрісін кеңейтуге және пікір таластыру мәдениетін қалыптастыруға елеулі үлес қосты. Оқу жылының ішінде пікірсайысшыларымыздың үздік өнер көрсетуі нәтижесінде 18 жүлделі орынға ие болып, университетіміздің абыройын аймақтық және республикалық деңгейде асқақтатты. Бұл жетістіктер студенттердің шығармашылық қабілеті мен сындарлы ойлау деңгейінің жоғары екендігін айқын дәлелдейді. Сонымен қатар, Platonus LMS жүйесіндегі «Студенттік бірлестіктер» және «Интегралды GPA» модульдері арқылы білім алушылар университеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен жан-жақты танысып, қоғамдық өмірге белсене араласу мүмкіндігін кеңейтті. Бұл жаңашылдық студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттырып, оларды қоғамдық қызметке тартуда тиімді құрал болып отыр. Атап өтерлігі, 2024–2025 оқу жылында студенттердің қоғамдық қызметке, оның ішінде өзін-өзі басқару және пікірталас қозғалысына қатысуы 18%-ға жетті. Бұл көрсеткіш студенттердің азаматтық ұстанымының қалыптасып, университет өміріне деген қызығушылығының артып келе жатқанын білдіреді.

6.3 БІЛІМ ДЕНГЕЙІ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫНАН ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСАТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҮЛЕСІ.

2024-2025 жылы университеттің студенттері волонтерлік қызметке белсенді түрде қатысып, түрлі іс-шараларда ерікті көмек көрсетті. Жыл бойы университеттің 20 ірі іс-шарасына студенттер волонтер ретінде атсалысты. Сонымен қатар, қалалық тазалық акцияларына қатысып, қоғамдық орындарды абаттандыру және экологиялық мәдениетті насихаттау жұмыстарын жүргізді. Қайырымдылық шараларына да белсене араласып, мұқтаж жандарға көмек көрсетуге бағытталған жобаларға қатысты. Жалпы алғанда Волонтерлік қызметпен айналысатын студенттердің үлесі университет білім алушыларының 20% құрады.

6.4 ПАТРИОТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

2024-2025 оқу жылында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің тәрбие жұмыс жоспарларында патриоттық тәрбие бойынша әртүрлі деңгейде, яғни жалпы университет және жекеленген оқу топтары студенттерімен, магистранттарымен жалпы саны 88 іс-шара жоспарланып орындалды. Жоспардан тыс 62 іс-шара қосымша өтті.

р/с	Факультет бойынша	Жоспар ланған іс- шаралар саны	Жалпы өткізілген іс- шаралар саны	Жоспар дан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	5	11	6
2	Жаратылыстану	12	45	33
3	Филология	9	15	6
4	Тарих және педагогика	49	50	1
5	Өнер және білім	3	6	3
6	Дене шынықтыру және спорт	10	23	13
	Жалпы ОҚПУ бойынша	88	150	62

28.08.2024ж. күні оқу орнымызда қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 93 жыл толуына орай «Өзбекәлі Жәнібеков – ұлтқа қызмет етудің үлгісі» атты дөңгелек үстел өтті. <https://www.facebook.com/share/p/12FmvaYZdmc>

29.08.2024ж. күні қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 93 жыл толуына орай "Ұлт қайраткері – ұрпақ жадында" атты ұрпақтарымен кездесу өтті.

Кездесуге келген қонақтар алдымен Өзбекәлі Жәнібеков ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін «Қазақстан» мәжіліс залында өткен ауқымды басқосуда ұлы Бауыржан Өзбекәліұлы, келіні Гауһар Жұмасейітова, немересі Өзбекәлі Жәнібек қорының президенті Әзел Бауыржанқызы естеліктер айтты. Ал, көзкөрген замандастар мен жәнібековтанушылар Сайлаукүл Барақова, Құлбек Ергөбек естеліктерімен бөлісіп, тұлғатану дәуірі енді басталғанын айтты. Кездесуді Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма төрағасы-ректор міндетін атқарушы Гүлжан Дәулетбекқызы Сүгірбаева жүргізді. Қайраткерге арналған деректі фильм көрсетіліп, қонақтарға кәде сыйлар тарту етілді. <https://www.facebook.com/share/p/19kEuzm1hE/>

3.10.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде Шымкент қалалық Ардагерлер кеңесі мен университеттің «Қарттары бар елдің қазынасы мол» атты біріккен іс-шарасы өтті.

https://www.instagram.com/p/DAsBZF7yuSioVdV_jtefm8PQZeQZZKv79uSgwY0/?igsh=MWZneHJmZDZxbHFWOO==

24.10. 2024 ж. 25 қазан – Республика күніне орай «Еңсесі биік егемен елім» атты мерекелік концерт Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде Мерейлі мерекеде ҚР Мәдениет қайраткері, «Эстрада» үйірмесінің жетекшісі Хадиша Шалабаева, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, ҚР Ерен еңбегі медалінің иегері Үрәлхан Сейілбекова, ҚР «Ерен еңбегі» медалінің иегері Ерлан Жандарбай өнер көрсетті. Кеш барысында университеттің ректорының міндетін атқарушы Гүлжан Сүгірбаева ұжымды мерекемен құттықтап, озық еңбегімен ерекшеленгендерді алғыс хаттармен марапаттады. «Еңсесі биік егемен елім» атты мерекелік концерт https://www.instagram.com/p/DBgoZg-TIII/?img_index=1

13.12. 2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік» атты мерекелік концерттің ұйымдастырды. Басқарма төрағасы-ректор міндетін уақытша атқарушы Гүлжан Сүгірбаева құттықтау сөз сөйлеп, Тәуелсіздік тағылымдарына тоқталып өтті. Салтанатты кешке қонақ ретінде қатысқан «Шымкент-цирк» мекемесі эстрадалық-үрмелі оркестрі мен «Өнер және білім» факультеті оқытушыларының өзара шығармашылық байланыстарын көрсету бағытында оркестрдің сүйемелдеуімен жанды дауыста тақырыпқа сай әндер шырқалды.

«Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік» атты мерекелік концерт <https://www.instagram.com/p/DDhew4FtRoJ>

13.12.2024 ж. «Тәуелсіздік - тұғырым» тақырыбында желтоқсаншылармен кездесу өтті. Тағылымды шараны тарих және педагогика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Азамат Әмірханов ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/p/DDeFJUAtzzx/?igsh=MWNybDRiMjNuOXEYdg=>

13.03.25 ж. Оқу ордамызда КСРО халық мұғалімі, Ұлы Отан соғысының ардагері болған Құмаш Нұрғалиевке арналған тағылымды кездесу өтті. «Құмаштың ерлігі» озық тәрбие сағаты, «Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев» эссе-байқауы мен жас ақындар мүшәйрасының, білім беруді ақпараттандырудың озық үлгілері бойынша студенттердің жоба жұмыстарының жеңімпаздары анықталып, марапатталды.

https://www.instagram.com/p/DHJEvLutiMC/?img_index=19&igsh=ZHRoYmNzc3M3eGtw

19.05.2025 ҚР Еңбек ері, Халық жазушысы, университет түлегі Мұхтар Шахановпен кездесу кеші өтті. Кеш шымылдығы филология факультеті студенттерінен құралған «Алқа» клубының «Жеңіс пен жеңіліс арифметикасы» әдеби композициясымен ашылды. Университет мақтанышы, республикалық айтыстардың жүлдегері Даниал Болысбек домбырамен арнау

айтса, өнерпаздар ақын сөзіне жазылған, бар қазақты тербеген әндерді нәшіне келтіре орындады. <https://www.instagram.com/p/DJ1g2dWxA2c/>

6.5 РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ДАМУ БАҒЫТЫ.

2024-2025 оқу жылында тәрбиенің негізгі салалық бағыты саналатын «Рухани – адамгершілік даму бағыты» бойынша 75 іс-шара жоспарлы және 42 жоспардан тыс, жалпы 117 іс-шара орындалды. Жалпы қызығушылық пен ынта басымдығы байқалады.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	5	7	2
2	Жаратылыстану	6	12	6
3	Филология	8	20	12
4	Тарих және педагогика	45	48	3
5	Өнер және білім	2	4	2
6	Дене шынықтыру және спорт	9	26	17
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	75	117	42

01.09.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «1 қыркүйек – Білім күніне» орай бірінші курс студенттеріне арналған дәстүрлі мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Өз өмірінде тұңғыш рет студенттер қатарына қосылған жастарды Басқарма төрағасы-ректор міндетін атқарушы, доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлжан Сүгірбаева құттықтап, алғашқы қадамдарына сәттілік тіледі. Қаламыздағы керікті мәдени орталығы «Түркістан сарайы» кешенінде өткен бұл іс-шараға университетке жанадан түскен 1 курс студенттері толық қатысып, Қазақстан эстрада жұлдыздарының әндерін тамашалады.

https://www.instagram.com/zhanibekovuniversity/p/C_ccCnEt0U9/?img_index=

05.10.2024 ж. Қазақстанда тұңғыш рет ресми түрде аталып өткен «Жоғары оқу орындары қызметкерлері» күнін Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-ті «Қазақстан» акт залында, оқу ордасы қызметкерлері, ғылым мен білім саласы мамандары, оқу орны ардагер ұстаздарының қатысуымен ерекше атап өтті. «Жоғары оқу орындары қызметкерлері» күні https://www.instagram.com/p/DAIGGGzN4MW/?img_index=2

23.10.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде "Қаныш және ғылыми майдан" кітабының тұсаукесері өтті. Тұсаукесер шараға "Отбасы хрестоматиясы" жобасының авторы, шығыстанушы, ағартушы Санжар Керімбай қатысып, оқырмандармен ой бөлісті. <https://www.instagram.com/reel/DBdTKOIN6ed/?igsh=bm85cWo3azlsN3V3>

1.11.2024ж. Есей Жәнісұлы қонаққа келіп, өз өмір жолы мен шығармашылығымен бөлісті. Ол кісінің балалар журналистикасындағы еңбегі ерекше, әрі көптеген жас оқырман үшін рухани тәрбие мен білім көзі. Әңгіме барысында оның шеберлігіне, тыңдаушысын баурап алатын ықыласына және балаларға деген қамқорлығына тәнті болдық. Есей Жәнісұлы бізге қарапайым өмір қағидаттарын сақтап, өз құндылықтарыңды жоғалтпау қаншалықты маңызды екенін тағы да еске салды. Бұл кездесу бізге ұмытылмас әсер қалдырып, жаңа шабыт берді. Мұндай рухани бай тұлғамен сұхбаттасу - өзімізге деген сенімді арттырып, болашаққа жаңа мақсаттар қойып, ұмтылуға деген күш берді. Есей Жәнісұлы сынды дара тұлғалар әрбір жасқа үлгі болары анық. <https://www.instagram.com/p/DB89lnXtwTe/?igsh=dnQ3c3d2dXl3MHBn>

25.11.2024 ж. «Қазақстан» залында Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Жастар – Тәуелсіз еліміздің болашағы» атты рухани танымдық семинар өткізілді. Семинар барысында білім алушылар қонақтарға өз сұрақтарын қойып, қанағаттанарлық жауаптар алды.

https://www.instagram.com/p/DC33S9SOGazd8jLyZ9TY32_0p4SHFsbTQdgLMc0/?igsh=MT hxOWpiZnd0YmI4MA==

06.12.2024ж. "Мұра" ұлттық шығармашылық орталығы, Домбыра үйірмесінің «Күй күдіреті» атты іс-шара өтті. Іс-шара ұйымдастырушылары қазақтың күй өнерін дәріптеу күйшілік мектептерді таныстыра отырып, шығармашылыққа баулу, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту және ұлттық тәлім-тәрбиені насихаттауды көздеді. https://www.instagram.com/p/DDPb0ayoAzg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiN WFIZA==

7.02.2025ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасы шығарған "Дін мен дәстүр" III кітабының таныстырылымы өтті. https://www.instagram.com/p/DFxcwfZNmCe/?img_index=7&igsh=MXVzZGZlOWpseHFsdo==

14.03.2025ж. Көрісу күні атап өтілді. «Көрісу - көңіл жылуы» деп аталған мерекелік шараны университет Басқарма төрағасы-ректор міндетін атқарушы Гүлжан Сүгірбаева құттықтау сөзбен ашып, наурыз жоралғының мәніне тоқталды.

Дәстүрлі өнерпаздар жырдан шашу шашып, қатысушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ұжым көрісу күнін ұлттық киіммен қарсы алып, бір-біріне жақсы тілек білдірді. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ, ОҚМА, Ж. Тәшенев атындағы университетінің, ОАӘУ және Ә.Қуатбеков атындағы ХДУ білім алушылары арнайы көрісуге келіп, барша жастар Шымкент қаласындағы Жастар ресурстық орталығына дейін шеру жасады. <https://www.instagram.com/p/DHLEHBkNBbU/?igsh=MTg4bnFuMHZ6bnVtdg==>

13.05.2025 университетімізде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, қазақ тіліндегі тұңғыш заңның авторы, ақын, композитор Әкім Ысқақтың «Жақыныңды жоғалтпашы» атты шығармашылық кеші өтті. Әдеби кездесуге Шымкент қаласының ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, кітапханашылар мен университет ұжымы, студенттер қатысты. Әсерлі басқосу «Алқа» әдеби бірлестігінің кеш иесінің шығармашылығына негізделген «Жүректегі жазулар» қойылымымен ашылды. ҚР Президент оркестрінің әншісі Бибігүл Сауытова, жас өнерпаз Үсен Ұлшат, тағы басқалар ақын сөзіне жазылған әндерді орындады. https://www.instagram.com/p/DJloFTaMOxg/?img_index=1

6.6 ЭТНОСАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аталған бағыт бойынша 2024-2025 оқу жылында ЖОО-да 30 іс-шара жоспарланып, 36 іс-шара орындалды. 6 жоспардан тыс орындалды.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	3	5	2
2	Жаратылыстану	4	4	0
3	Филология	4	4	0
4	Тарих және педагогика	13	14	1
5	Өнер және білім	3	3	0
6	Дене шынықтыру және спорт	3	6	3
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	30	36	6

Аталған бағыттағы тәрбиелік шараларға қаладағы мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып отырады. 2024 жылы 12 қыркүйек күні «Coworking» орталығында Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Этносаясатты түсіндіру» және «Деструктивті діни ағымдардың зияндылығын насихаттау» мақсатында кездесу өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C_0OG8ESPM8N24OfDbRiAeIT3GA5Ih08S1hkEE0/?igsh=Y2ZqOTVycGxlanV030.

10.2024ж. Шымкенттегі «Достық үйінде» қалалық ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» фестивалі өтті. Фестиваль барысында қазақтың ұлттық киімдерінің этно стильдік және заманауи үлгілері бойынша Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Ақ баян» сән театрының топтамасы І-орын иеленді.

https://www.instagram.com/p/DBv1EPgtG61/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

13.11.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде «ҚХА қоғамдық құрылымдарының қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы рөлі» атты республикалық лекторий өтті. Қоғамдық келісім мен халықтар арасындағы ынтымақты дәріптеуге келген қонақтар университет Басқарма төрағасы-ректор міндетін атқарушы Гүлжан Сүгірбаеваның қабылдауында болды. Бұдан кейін мәжіліс залында өткен жиында ҚХА төрағасы орынбасары Лугмар Буларов, Кеңестік және қазақ кино және театр актері, театр педагогы, профессор, Қазақстанның халық әртісі Тілектес Мейрамов, Шымкент университеті жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, география ғылымының кандидаты Алтынбай Сәулембаев жастарға қоғамдық келісім негізінде өмір сүрудің мән-мағынасын түсіндірді. Осы мақсатта жұмыс істеп жатқан ұйымдардың жұмысына тоқталды. Жиынды университет жастар ісі және тәрбие департаментінің директоры Қайрат Анарбеков жүргізіп, қорытындылады. Қонақтар студенттер сауалына жауап берді.

<https://www.instagram.com/p/DCUTgO5tasZ/?igsh=aWRvY2o2OXh0ajc0>

22-23.11.2024 ж. күндері аралығында Ресей Федерациясы Мәскеу қаласының «Московский дом национальностей» орталығында «ЭТНО – ЭРАТО 2024» XXIII ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҰЛТТЫҚ КОСТЮМ ЖОҒАРҒЫ СӘН БАЙҚАУЫ өтті. Осы орайда, байқаудың имидждік маңызын ескере отырып байқау ережесіне сай, оқу орнымыздың студенттік «Ақбаян» сән театрының екі номинация бойынша 1) «Лучший этнический, сценический костюм в действии»: «Ер Тұран» киім топтамасы 2) «Лучший восточный костюм»: «Рази Джемаль - Тайна совершенство» киім топтамасының қатысып ІІ- орын иеленді.

06.12.2024ж. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да Аналар мектебінің ашылу салтанаты өтті. Бұл жиын Шымкент қаласына Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Республикалық Аналар кеңесінің 10 жылдығына тұспа-тұс келіп отыр. Осы жиынға Республикалық Аналар кеңесінің төрайымы, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Нәзипа Шанаи іс сапармен келіп, өңірдегі атқарылып жатқан істермен танысты.

https://www.instagram.com/p/DDPb0ayoAzg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

29.04.2025ж. Университетімізде еліміздің ертеңі - жастарға діни сауаттылық пен рухани тәрбие беру, сондай-ақ түрлі теріс діни ағымдардан сақтандыру мақсатында «Жат ағым жолдан адастырады» атты тағылымды форум өтті.

Форумды Шымкент қаласының Дін істері басқармасының басшысы Бактияр Өнербаев ашып, жастардың рухани тәрбиесі мен қоғам алдындағы жауапкершілігі жайлы салиқалы ой-пікірімен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/DI0seU_oPkY/?img_index=17&igsh=MTV1eWM2NXNnaGZicQ==

12.05.2025ж. «Дін.Қоғам.Жастар» тақырыбында факультет студенттеріне семинар-тренинг өткізілді. Тренингтің негізгі мақсаты - деструктивті және радикалды діни ағымдар мен ұйымдардың алдын-алу және жастар арасындағы діни көзқарастарды қалыптастыру. Семинар – тренингті орталық мамандары жастардың рухани және психологиялық дамуындағы

діннің рөлін ерекше екендігін атап өтіп, жастардың ішкі үйлесімділігі мен әлеуметтік ортаға бейімделу мәселелеріне тоқталды.

Дін істері басқармасы Дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы Жолмұхан Т.М Теолог маман дін мен қоғам арасындағы тығыз байланысты түсіндіріп, жастардың дін туралы білімін арттырудың маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, дін – адамның рухани және моральдық тұрғыдан дамуына жол ашады.

Дене шынықтыру және спорт факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бекбосынов.А. жастардың діни сенімдері мен әлеуметтік жағдайы арасындағы байланысқа тоқталып, діннің қоғамдағы орны мен жастарға тигізетін әсері туралы ой қозғады.

<https://www.instagram.com/reel/DJjZcQvqUZK/?igsh=MTN5dmw3YnRqMnJjNA==>

6.7. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ.

2024-2025 оқу жылында аталған бағыт бойынша 36 іс-шара жоспарланып, 52 іс-шара орындалды. 16 жоспардан тыс орындалды.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	2	5	3
2	Жаратылыстану	6	9	3
3	Филология	5	8	3
4	Тарих және педагогика	18	21	3
5	Өнер және білім	1	4	3
6	Дене шынықтыру және спорт	4	5	1
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	36	52	16

2024 ж. 29 қазан күні «Психологиялық қолдау» орталығының ұйымдастыруымен Бас ғимарат Қазақстан залында факультет студенттеріне “Жыныстық қатынаспен айналысуға немесе өзге де сексуалдық сипаттағы қызмет көрсетуге тартудың қылмыстық жауаптылығы, қылмыстың құрбаны болмаудың жолдары және оның денсаулыққа қаупі” тақырыбында іс - шара өтті.

https://www.instagram.com/reel/DBts5AeNJ7M/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

30.01.2025ж. ЗАНДЫ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ» ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛІ ӨТТІ. Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру және өзекті құқықтық мәселелерді талқылау мақсатында кезекті дөңгелек үстелі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде өтті. Шараға Шымкент қаласы ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Алишер Абузарович Айсаев, Шымкент қаласы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Бауыржан Қанатұлы Карбеков, Шымкент университетінің жастар саясаты департаментінің директоры, есірткіге қарсы қозғалыс «Есірткісіз болашақ» тобының мүшесі Ерсұлтан Ермекұлы Төлен және «Respublica» партиясының жанындағы Жастар қанатының төрағасы, есірткіге қарсы қозғалыс «Есірткісіз болашақ» тобының мүшесі Заңғар Орынбай, Ө. Жәнібеков атындағы университеттің тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Қайрат Сапарханұлы Анарбаев қатысты.

Сала өкілдері жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, заңдық жауапкершілік мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар, құқықтық сауаттылықты арттырудың маңыздылығы мен оның қоғамда тәртіпті сақтаудағы рөлі кеңінен талқыланды. Шара барысында студенттер өз пікірлерін еркін білдіріп, сұрақтар қойып, мазмұнды жауаптар алды.

https://www.instagram.com/reel/DFcu29_tVFN/?igsh=NW5obmk2dGc0d2V0

14.02.2025ж. Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің және Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ "Психологиялық қолдау" орталығының ұйымдастыруымен «Лудомания», «Отбасындағы зорлық-зомбылық», «Суицид» және «Қыздар кеңесі» тақырыбында университет студенттеріне зиянды әдеттерден сақтану үшін ақпараттандыру және білім беру мақсатында іс-шара ұйымдастырылды.

«Психологиялық қолдау» орталығының маман – психологы Жайлау И.Е қатысушыларға арнайы келген спикерлерді таныстырып, іс-шараның мақсатын түсіндірді. Шымкент ҚПД КҚБ аса маңызды істер жөнінде аға жедел полиция подполковнигі Айсаяев А және Әл-Фараби АПБ, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция лейтенанты Төлеген Н.Н отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелеріне тоқталып, оның алдын алу жолдарын түсіндірді. Жастар ресурстық орталығының психологы Сайдахан Ж.М - суицид мәселесін көтеріп, жастарды психологиялық қолдаудың маңыздылығын атап өтті. «Лудомания», «Отбасындағы зорлық-зомбылық», «Суицид» және «Қыздар кеңесі»

<https://www.instagram.com/reel/DGDKCEVKRpC/?igsh=ZjVhc3o4cWxjZXxs>

4.03.2025ж. «Тәртіпті өзіңнен баста!» қоғамдық акциясы аясында тәрбиелік және құқықтық маңызы бар іс-шара өтті. Жиында Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы ПБ Жергілікті полиция қызметі бөлімі регионалдық полиция бөлімшесінің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аға учаскелік полиция инспекторы Хабибулла Юсупов, Әл-Фараби ауданы прокурорының орынбасары Князь Валиев студенттерге құқықбұзушылық пен жат әдеттердің заңды жауапкершілігі, буллинг, ерте жүктіліктен сақ болу туралы жан-жақты түсінік берді. Жол ережесін сақтауға байланысты заң тәртібіне енгізілген өзгерістер түсіндірілді. Ал, мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Жазира Әлжанова ЖОО-ғы мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын, үздік студенттерге мемлекеттік қызметке іріктеусіз кіру тәртібі, мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа пилоттық жобасы туралы ақпарат берді. Іс-шараны Басқарма-мүшесі Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Баршагүл Исабек жүргізіп, жастардың тәртіп және тәрбие мәселесінде бірлескен шараның маңызына тоқталды және мамандарға алғыс білдірді. Студенттер назарына тақырыпқа сай арнайы бейнероликтер көрсетілді.

https://www.instagram.com/p/DGxUVEBM80d/?img_index=8&igsh=MWVpbGRzbGY2OXdnCA=

7.04.2025ж. «XXI ғасырдағы сандық тұзақтар» немесе «Өзіңізді қаржылық алаяқтардан қалай қорғауға болады?» тақырыбында іс-шара өтті. Кездесуде ҚР қаржылық мониторинг агенттігі цифрлық алаяқтардан қалай сақтануға болатыны туралы қызықты әрі пайдалы сағат өткізді.

https://www.instagram.com/p/DII21jkNZM6/?img_index=12&igsh=MWpoZ21hdGpiaXljNw==

16.04.2025ж. «Заң мен тәртіп қоғамдағы басты талап» тақырыбында Шымкент қаласының прокуроры Мұқанов Ғабит Қасымбекұлымен кездесу өтті. Кездесу еркін форматта өтті, онда студенттер есірткі, интернет-алаяқтық және басқа да өзекті тақырыптарға қатысты сұрақтар қойып, барлық сұрақтарына жауап ала алды.

https://www.instagram.com/reel/DI_bOgdNvsE/?igsh=MmN5Yzh6dmJucXp

11.06.2025ж Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ студенті Аяулым Қанжаралы Шымкент қалалық прокуратурасы ұйымдастырған байқауға белсене қатысып, марапатқа ие болды. Ол бүгінде Филология факультеті, Ағылшын тілі кафедрасының «Екі шет тілі мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 3-курсында оқиды. «Жасөспірімнің көзімен қылмыспен күрес» атты сайысқа Аяулым бүгінгі қоғамдағы өзекті тақырыптарды қамтитын мультфильм форматындағы бейнематериалын ұсынды

<https://www.instagram.com/p/DKw0xDhyUcH/?igsh=MXA0YzNmaTNhbWZlZQ==>

6.8 САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

2024-2025 оқу жылында аталған бағытта факультеттер бойынша 41 шара жоспарланып, жалпы 62 іс-шара өткізілді. Яғни 21 іс-шара жоспардан тыс орындалды.

Бүгінгі күнге ЖОО-да жалпы саны 15 құрайтын әлем чемпиондары, 16 Азия чемпиондары, 145-тен аса Қазақстан чемпионатының жүлдегерлері мен Халықаралық

турнирлерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар. Олардың 34-гі биылғы оқу жылында осындай атаққа ие болды. Атап айтқанда 1 Әлем чемпионы, 2 Азия чемпионы, 7 Халықаралық турнирлердің жеңімпаздары, 8 Республикалық, 16 Қалалық турнирлердің жеңімпаздары

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	4	7	3
2	Жаратылыстану	6	7	1
3	Филология	4	9	5
4	Тарих және педагогика	14	16	2
5	Әнер және білім	2	3	1
6	Дене шынықтыру және спорт	11	20	9
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	41	62	21

«Тұран» спорт клубында 8- спорт түрінен 106-дан аса студенттер спорттық үйірмелерде жаттығу жасауда.

№	Спорт түрі	Студенттер саны	Жаттықтырушы
1	Тоғызқұмалақ	20	А.Тұрдалиев
2	Каратэ	20	М.Темірханов
3	Жеңіл атлетика	20	М. Ганотта
4	Күрес түрлері	8	А.Ускеналив
5	Шахмат	10	А.Яхьяев
6	Баскетбол	10	И.Сотов
7	Волейбол	8	О.Жұматаев
8	Футбол	10	А.Жұмабаев
Студенттердің жалпы саны		106	

2024 ж. қараша айының 27 күні Мирас университетінің ұйымдастыруымен «Жас зерттеуші – 2024» Халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференциясы аясында «Спорт векторы» тақырыбында Шымкент қаласының ЖОО-арасында ұлттық спорт түрлері (тоғызқұмалақ, қол күресі, арқан тартыс) бойынша жарыс өткізді. Аталмыш жарысқа Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ командасы қатысып, жалпы командалық есепте 1-орынды иеленді. Атап айтқанда:

Тоғызқұмалақтан: Қалыбек Дастан 1-орын иеленді.

Қол күрестен: Роман Данияр 1-орын иеленді.

Мансұр Мұхағали 2-орын иеленді.

Салыбек Асылбек 2-орын иеленді.

Арқан атртыстан: Абдразақ Ерасыл, Көпбай Сабыр, Қайратұлы Асет, Сатман Али, Холжанов Нурсултан 1-орын иеленді.
https://www.instagram.com/p/DDHOCAtBmC/?img_index=1

2024 ж. қараша айының 29 күні «Respublica» партиясы Шымкент қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Re CUP» 2024 кубогына арналған Шымкент қаласындағы ЖОО арасында спорттық турнир өтті. Аталған турнирде Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ денешынықтыру және спорт факультетінің студенттері топ жарды. Спорттық сайыста студенттеріміз өздеріне қарсылас шақ келтірмей, бірінші орынды жеңіп алды!
https://www.instagram.com/p/DDHOCAtBmC/?img_index=1

2024 ж. Желтоқсан айының 21-22 күні Шымкент қаласы шахмат федерациясының ұйымдастыруымен Республикалық ашық рапит жарысы өтті. Аталмыш жарысқа университетіміздің студенті Рабил Аян және «Тұран» спорт клубының шахматтан жаттықтырушысы Яхияев Әбдіқадыр қатысты.

Нәтижесінде 1-орынды «Тұран» спорт клубының шахматтан жаттықтырушысы Яхияев Өбдіқадыр иеленсе, 2-орынды университетіміздің студенті Рабил Аян иеленді.

2025ж. 8 мамыр мен 14 маусым аралығында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Түркістан қаласында Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары студенттері арасындағы ХІІІ жазғы универсиадасы өтті. Бұл жарысқа Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің спортшылар құрама командасы да белсенді қатысты. Алталмыш жарысқа университетіміздің студенттері 8 спорт түрі бойынша қатысты. Атап айтқанда: 1. Тоғызқұмалақ. 2. Үстел теннисі. 3. Шахмат. 4. Каратэ (WKF). 5. Дзюдо. 6. Еркін күрес. 7. Қазақ күресі. 8. Бокс.

Универсиада қорытындысы бойынша 79 ЖОО арасында 14-орынға ие болдық. Жалпы 15 медаль жинақтап, 4 алтын, 4 күміс, 7 қола медальдарға қол жеткіздік.

№	Тегі, аты-жөні	Орны	Спорт түрі	Оқу тобы
1	Қыздар құрама командасы	1-орын	Каратэ (WKF)	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
2	Жарылхасын Баян Арсланқызы	1-орын	Каратэ (WKF)	1402-44
3	Ермекбай Жәудір Маратжанқызы	1-орын	Каратэ (WKF)	1402-44
4	Абен Меруерт Алдабергенқызы	1-орын	Каратэ (WKF)	1402-11-1
5	Ерназарова Жанерке Бекдатқызы	2-орын	Каратэ (WKF)	1402-43
6	Сеилбек Әсет Асқарұлы	2-орын	Каратэ (WKF)	1402-34
7	Турсынбек Ақылжан Нұржанұлы	2-орын	Қазақ күресі	1402-72
8	Абдуали Әмина Омирсеитқызы	2-орын	Дзюдо	1402-13
9	Сатбаева Камшат Серікқызы	3-орын	Каратэ (WKF)	1402-12
10	Баймахан Анель Амирқызы	3-орын	Каратэ (WKF)	1402-12-4
11	Досан Қаныбек Қуандықұлы	3-орын	Каратэ (WKF)	1402-11-1
12	Зайндин Али Абдужамильұлы	3-орын	Каратэ (WKF)	1402-22
13	Турсынбек Венера Рустамқызы	3-орын	Қазақ күресі	1402-52
14	Нұртай Ғажайып Нұрғалиқызы	3-орын	Қазақ күресі	1402-11-2
15	Изтаева Жұпаркүл Пантайқызы	3-орын	Дзюдо	1402-14

<https://www.facebook.com/photo?fbid=714083524347832&set=pcb.714084074347777>

2025- жылдың сәуір айына жоспарланған волейболдан (әйелдер) Шымкент қаласының Жоғары оқу орындары арасында мемлекет қайраткері, этнограф ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібековты еске алу турнирін Республикалық Универсиадаға әзірлену уақытымен қатар келуіне байланысты жаңа оқу жылында өткізіледі.

6.9 ЖАСТАР БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ бағытында 2024-2025 оқу жылында жоспарланған 34 іс-шара болса, 74 шара орындалды, Жоспардан тыс 40 іс-шара өткізілді.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика – математика	4	7	3
2	Жаратылыстану	4	10	6
3	Филология	6	15	9
4	Тарих және педагогика	13	13	0
5	Өнер және білім	2	4	2
6	Дене шынықтыру және спорт	5	25	20

7	Жалпы ОҚПУ бойынша	34	74	40
---	--------------------	----	----	----

09.10.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде «Жаңа қадам» арнау кеші өтті. Атаулы шара биыл университетке жаңадан қабылданған 1 курс студенттеріне арналды. «Жаңа қадам» студенттерге арнау кешіне Қазақстанның эстрада жұлдызы Ғазизхан Шекербек қатысып, арнаулы кештің шырайын ашты.

«Жаңа қадам» арнау кеші өтті <https://www.instagram.com/p/DA8J0IJNB16/>

20.10.2024ж. Университетіміздің «Ақ Баян» сән театры тағы да бас жүлдеге ие болды. «Ақ Баян» сән театрының көркемдік жетекшісі халықаралық деңгейдегі дизайнер, ҚР дизайнерлер одағының мүшесі, Евразия дизайнерлер мүшесі Марат Ерімбетов. Сән театры Түрік елі құрылғанына 101 жыл толуына орай Стамбұлда өткен XVII халықаралық «Jibek joly» фестивалінде де 250 қатысушының ішінен озып шығып, бас жүлдені иемденді. https://www.instagram.com/p/DBwDtGENYd6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

18.11.2024 ж. Жоғарғы оқу орындарының дәстүріне айналған «АЛТЫН АРАЛЫҚ – СЕНІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІҢ» атты 3 курс студенттеріне арналған салтанатты кеш ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DChqqliNb11/>

16.04.2025 ж. "Жалын" студенттік ұйымының ұйымдастыруымен "Шамдар сыры" атты лирикалық кеш өтті. Кештің мақсаты — студенттердің шығармашылық ой-өрісін дамыту, әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және рухани құндылықтарға баулу болды. Шара барысында жастар өз авторлық өлеңдерін оқып, танымал ақындардың туындыларын тебірене жеткізді. Жылы жарықпен көмкерілген сахнада сырлы әуендер мен жүрек тербер жырлар үйлесім тауып, кешке ерекше әсер сыйлады. Кешке қатысқан студенттер поэзияның құдіреті мен ішкі жан дүниеге әсер етер күші туралы терең ой түйіп, шығармашылық шабытпен тарасты. **29.04.2025ж.** Zhanibekov University-де Жайдарман әзіл-сықақ ойындарының сайысы өтті. Жастардың күлкі жәрменкесіне әр факультеттен құралған ойыншылар қатысты. Атап айтқанда, Торпеда (ТарПед), J - DRIVE (Жарфак), ADIDAS (спортфак), F-4 (филфак).

 Ойынды Шымкент жастар құрамасы КВН командасының капитаны, университеттің Жайдарман КТК үйірме жетекшісі Тағай Нұралиев жүргізді. Нәтижесінде:

1-орын: J-DRIVE; 2-орын: F-4; 3-Торпеда;  Үздік ойыншы: Төлбай Естай (F-4 командасы); «Көрермен көзайымы» болған ойыншы – Маржан Сәуірбай (ADIDAS командасы). <https://www.instagram.com/zhanibekovuniversity/reel/DJEseOdvfvT/?hl=ru>

20.05.2025ж. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының Хореография және арт-менеджмент кафедрасы ұйымдастыруымен «Білімді қыздар – ұлттың ұйытқысы» атты Халықаралық студенттік ақындар айтысы өтті. Ұлттық рух пен өнерді дәріптеген бұл шара – жас дарындардың шабытын шарықтатқан айтулы дода болды. Айтыс алаңында суырыпсалмалық өнерімен дараланған жастар өзара сөз сайысына түсіп, ұлт өнерінің биіктігін тағы бір дәлелдеді.

Айтысқа қатысқан «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының Айтыс үйірмесі білім алушысы, жас айтыскер ақын Даниал Болысбек ерекше өнер көрсетіп, қазылар алқасының шешімімен жүлделі I орынды жеңіп алды.

Айтыстағы бұл жеңісі – тек жеке жетістік ғана емес, университет қабырғасындағы өнер мен тәрбие жұмысының нәтижелі жемісі болды. Жас ақынды университеттің Басқарма төрағасы – ректор міндетін атқарушы Гүлжан Сүгірбаева қабылдап, жеңісімен арнайы құттықтады. <https://www.instagram.com/zhanibekovuniversity/p/DJ39HsjjJr0/?hl=ru>

6.10 АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСЫ.

ЖОО-да атқарылған жұмыстарды ақпарат көздері арқылы насихаттау мен жастардың өз ойларын дұрыс көпшілікке жеткізе білу, жалпы көпшілікті тәрбиелік маңызы жоғары игілікті істерге тартуда ақпараттық насихаттық жұмыстардың орны ерекше. Бұл бағытта кез келген тәрбиелік жұмыстарды әлеуметтендіру мақсатына сай жұмыстар факультеттер мен тәрбие құрылымына қатысты бөлімдер арқылы үнемі, әрі тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Мысалы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Медиа орталығы мәліметтеріне сай Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті 2024-2025 оқу жылында 1 қыркүйек – 31 мамыр аралығында **450** жарияланым (публикация) жарияланды.

Соның ішінде университеттің ресми әлеуметтік желі (facebook, instagram, telegram, tiktok, youtube) парақшаларындағы саны:

Мәтіндік посттар – 335

Бейнероликтер – 115

Афиша – 33

Құттықтау постері – 12

Ректордың атынан шыққан мәтіндік посттар саны – 49

Құттықтаулар - 12

Жергілікті ТВ – 81 сюжет, сұхбат

Республикалық ТВ – 24 сюжет

Жергілікті газет, журнал – 25 мақала

Республикалық газет, журнал – 23 мақала жарияланды

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	2	3	1
2	Жаратылыстану	4	5	1
3	Филология	5	7	2
4	Тарих және педагогика	19	19	0
5	Өнер және білім	2	5	3
6	Дене шынықтыру және спорт	4	5	1
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	36	44	8

16.09.2024 ж. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-де Шымкент қалалық ҚХА жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың қатысуымен «АЭС: өзекті мәселелерді шешу жолы» атты жиын өтті.

https://www.instagram.com/reel/C_-1DqBtVJx/?igsh=MW9zZDI5d2ZqaWdyeA==

16.11.2024ж. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің құрылғанына 80 жыл толды. Сұрапыл соғыс жылдары негізі қаланған оқу ордасының ашылуына Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Омаров сынды ұлтымыздың көптеген даңқты перзенттері үлкен қолдау көрсеткен.

Мерейтойдың ашылуына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, халықаралық ынтымақтастағы бірнеше әріптестеріміз қатысып, жоғары білім берудің бағдарын заман талабына сай нақтылады. Университет түлегінен алаштың аяулы қыздарына арналған Орынша Қарабалина, Асылы Осман, Оразкүл Асанғазы, Ақұштап Бақтыгереева құттықтау сөзін арнады. Іс-шараға Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректордың уақытша міндетін атқарушы Гүлжан Сүгірбаева қатысып, «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының Бейнелеу өнер үйірмесінің «Күзгі тау етегінде» пейзаж картинасын тарту етті.

https://www.instagram.com/p/DCb6LQvt0CD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

27.11.2024ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының «Фотоөнер» үйірмесінің маманы Береке Сейітжаппар Алматы қаласында іссапармен болып, фотограф Оңғарбек Алхаровпен кездесті.

Оңғарбек Алхаров — өнертану ғылымының магистрі, Қазақстан Республикасының көркем академиясы академигі, Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА оқытушысы. Тәжірибе алмасу мақсатында өткен жүздесуде фотоөнерге қатысты бағалы деректер, жаңа технология жетістіктерін медиа саласында қолдану тетіктері айтылды. Университет фототілшісі өзі қаныққан ақпараттарды салада қолданып қана қоймай, студенттерге фотоөнер үйірмесі арқылы үйретеді.

https://www.instagram.com/reel/DC3qBKJlkNb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

28.03.2025ж. «Таң Нұры» телебағдарламасының тікелей эфирінде «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығы жанындағы музыкалық аспаптар жасау үйірмесінің жетекшісі Самат Өтеболатов қонақта болып, мазмұнды сұхбат берді. Бағдарлама барысында ол ұлттық аспап жасаудың қыр-сыры, оның жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны мен маңыздылығы туралы кеңінен әңгімеледі. Шеберлікті өнермен ұштастырған сәтте, Самат Өтеболатов шеберімен бірге күй орындап, көрерменге рухани әсері зор, ерекше атмосфера сыйлады. Көне күйлердің күмбірі мен қолөнер сырлары тоғысқан бұл сұхбат көрермен көңілінен ерекше орын алды. https://www.instagram.com/reel/DHvOA05IqrN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

1.04.2025ж. Жоспардан тыс, сыртқы ұсыныстар бойынша Отырар телеарнасына орталық басшысы Айтжанова Г.Т. «Кибербуллинг» әлеуметтік желідегі қысым мен қорлау жайында түсінік беріп, алдын алу жөнінде сұхбат берді. «Кибербуллинг»

https://www.instagram.com/reel/DH5aHmVtwP7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

05.05.2025ж. «Таң Нұры» телебағдарламасының тікелей эфирінде «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығы жанындағы домбыра үйірмесінің жетекшісі Нышан Әлиби Рахманбердіұлы қонақ болып, халқымыздың баға жетпес қазынасы – домбыра өнері туралы мазмұнды сұхбат берді.

Сұхбат барысында үйірме жұмысының мақсат-міндеттері, ұлттық өнерді жас ұрпақтың бойына сіңіру жолдары мен қазіргі қоғамдағы домбыраның тәрбиелік, мәдени маңызы кеңінен сөз болды. Жетекші орталықтағы дарынды шәкірттердің жетістіктері мен шығармашылық ізденістері туралы баяндап, домбыра үнімен үндескен рухани тәрбие көзінің өзектілігін тілге тиек етті. <https://www.instagram.com/ontustiktv/reel/DJRO0fzo6ZF/>

26.05.2025 ж. ZHANIBEKOV UNIVERSITY-ДЕ ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ АШЫЛДЫ Zhanibekov University-де жазғы оқу лагері басталды. «EduCampShum» лагері оқушылардың демалысын тиімді ұйымдастыру бағытында Шымкент қалалық білім басқармасымен бірлесіп ашылуда. Он күндік аясындағы демалыс 3 ауысымда өткізіледі. Әр күн жеке бағытқа арналып, квесттер, тренингтер, мотивациялық кездесулер жоспарланған. Сондай-ақ, Zhanibekov University туралы, оқу орнының студенттерге ұсынатын мүмкіндіктері мен жетістіктері, мамандықтар туралы біледі. Нәтижесінде оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығы артып, мектептер мен университет арасындағы байланыс күшейеді деп күтілуде. Бүгін жазғы лагерьдің ашылу салтанатына Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Баршагүл Исабек қатысып, оқушыларды университет жетістіктерімен таныстырды. Арнайы концерттік бағдарлама назарға ұсынылды. Факультет декандары мен демалушыларға кәсіби бағдар беретін мамандар ақпараттандыру жұмысын жүргізді. Жазғы лагерьге қала бойынша барлығы 336 оқушы қамтылмақ. <https://www.instagram.com/p/DKHF2hFCGqf/?igsh=bGJ5Z2owbG1saidi>

«Мұра» ұлттық шығармашылық орталығы үйірмелеріне 213- дан астам студенттер қатысатын қабілетін арттыруда.

№	Үйірменің аты	Студент саны	Жетекшілері
---	---------------	--------------	-------------

1	Тігін үйірмесі	10	Еримбетов Марат Нәльжигитович
2	Дефиле үйірмесі	39	Дуисебекова Лайла Сайлаубековна
3	Айтыс үйірмесі	6	Әнәпия Нұрғали Мұратұлы
4	Домбыра үйірмесі	10	Исаев Чингис Бориевич Нышан Әлиби Рахманбердіұлы
5	Би үйірмесі	9	Таукеев Қуат Анатольевич Ергебекова Лаззат Мухтарқызы
6	Аспаптар жасау үйірмесі	34	Утеболатов Самат Кенесович
7	Эстрада үйірмесі	15	Шалабай Қадияша Өмірзаққызы
8	Фотоөнер үйірмесі	6	Сейтжаппар Береке Қойшыбайұлы
9	Мобилография үйірмесі	14	Сейдахмет Бағдат Орынбасарович
10	Бейнелеу өнер үйірмесі	13	Сыдыков Мейірбек Уразбаевич
11	Қолөнер үйірмесі	15	Нургелдиева Динара Калдыбаевна Жолбарисова Арайлым Бексейтовна
12	Театр үйірмесі	10	С. Алтаев
13	Вокал үйірмесі	5	Жандарбай Ерлан Жұмаділдәұлы Сейлбекова Уралхан Каналбаевна
14	Жайдарман КТК үйірмесі	27	Нұралиев Тағай Әбілқайырұлы
Барлығы		213	

Білім алушылардың үйірме және түрлі қоғамдық жұмыстары

Кафедраға тиесілі жалпы студент саны	Оның ішінде			
	Спорт секцияларына қатысатындар	Шығармашылық үйірмелерге қатысатындар	Мүдделестер клубында айналысатындар	Қорытынды саны
Қазақ тілі мен әдебиеті 566	30	45	10	85
Орыс тілі мен әдебиеті 304	30	30	15	75
Шетел тілі; екі шетел тілі 1330	45	47	22	114
Шетел тілдері және аударма 255	36	33	13	82
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы ББ бағдарламасы бойынша-195	3	10	8	21
Музыкалық білім ББ бағдарламасы бойынша-205	17	50	12	79
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері ББ бағдарламасы бойынша-387	15	55	20	90
Математика мұғалімін даярлау-165	1	2	-	3
Физика мұғалімін даярлау-90	-	-	-	0
Информатика мұғалімін даярлау-123	2	6	-	8
6B01515- Информатика инновациялық білім беру 11	1	-	-	1
Математика-физика мұғалімін даярлау-176	2	1	-	3
Математика-информатика мұғалімін даярлау-68	-	1	3	4
Физика-информатика мұғалімін даярлау-82	3	1	-	4
Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау 74	28	12	2	42
Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау 1231	812	26	3	841
Биология кафедрасы бойынша.320	10	12	10	32
География кафедрасы бойынша:	4	7	1	12

193				
Химия кафедрасы бойынша: 283	10	50	23	83
Арнайы педагогика кафедрасы 232 студент	2	13	4	19
Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы 554 студент	3	1	-	4
Әлем тарихы және дінтану кафедрасы 189 студент	7	3	-	10
Педагогика кафедрасы 70 студент	-	-	5	5
Психология кафедрасы 62 студент	14	7	7	28
Жалпы саны	1075	412	158	1645

Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, университеттік конкурстардың жеңімпаздары туралы мәліметтер (байқаулар, жарыстар, олимпиадалар)

р/с	Факультет бойынша	Халық аралық	Респуб-ликалық	Облыс-тық	Қалалы-қ	Универ-ситетті-к	Қорытын-ды саны
1	Филология	8	9	1	2		20
2	Физика-математика	2	8	5	11	5	31
3	Тарих және педагогика	17	10	-	-	2	29
4	Дене шынықтыру және спорт	65	128	120	78	36	427
5	Жаратылыстану	2	11	-	-	-	13
6	Өнер және білім	3	1	1	4	0	9
	Жалпы саны	97	167	127	95	43	529

6.11 ҚОРЫТЫНДЫ, ҰСЫНЫСТАР

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 2024-2025 оқу жылының жылдық есебі Тәрбие және әлеуметтік салада атқарылған жұмыстары салалық министрлікке қарасты департаменттердің тапсырмаларын орындау, мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен біріккен тәрбиелік жұмыстарға ОҚПУ студенттерінің көптеп қатыстырылуы есебінен жоспардан артық орындалды.

Тәрбие жұмыстарының жоспардан артық орындалғанына қарамастан олардың арасында өте сапалы орындалғандары да, кейбір одан да сапалы өткізуді қажет еткен жұмыстарда кездесті. Жалпы алғанда «қанағаттанарлық» деңгейде деп бағалауға келеді. Тәрбиелік іс-шаралардың саны мен сапасының арта түсуі ұжымның бірлескен ортақ жұмыстарының нәтижесінде мүмкін болып отыр. Жалпы алғанда тәрбиелік және әлеуметтік салалар бойынша күрделі кемшіліктер мен олқылықтарға орын берілмеді. Ол жұмыстардың нәтижелігіне басшылықтың қолдауы, ЖОО құрылымдық өзгерістерге сай тәрбие бағытында аталған саланың жауапкершілігіне тікелей қатысты Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің құрылуы және осы құрылымның ОПҚ мен жастардың білімі мен мәдениеттілік деңгейлерін көтеруді өзара ұштастыру, тәрбиеге қатысты барлық құрылымдардың жұмысын дұрыс ұйымдастыра алу бағытындағы жұмыстар мүмкіндік берді деп санаймыз. Дегенмен жетістіктер мен қатар кейбір кемшін және қауіпті тұстар да байқалды. Төменде жалпы атқарылған тәрбиелік жұмыстардың жиынтық талдамасы негізінде алдағы уақыттарда шешімін табуы тиіс мәселелер бойынша ұсыныстар беріледі.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Тәрбие бағытындағы жұмыстарын жетілдіру бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі бойынша шешімдер мен ұсыныстар:

1. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 2024-2025 оқу жылындағы Тәрбие бағытындағы жұмыстар туралы жылдық есебі «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

2. Университетте болашақта әрбір студенттің әлеуметтік жиынтық iGPA баллын енгізу мен есептеу туралы ақпараттық мағұлматтарды топ жетекшілері тарапынан түсіндіру мен платонусқа енгізу жұмыстарын ілгерілету.

3. Мәдениет бөлімі, Жастармен жұмыс бөлімі және «Мұра» ұлттық шығармашылық орталығының жұмысын жандандыру мақсатында үйірмелерді қажетті заманауи құрал-жабдықтар және музыкалық аппаратурамен қамтамасыз ету. Жаңа үйірмелер ашу мүмкіндіктерін қарастыру (Саз балшықтан бұйымдар жасау үйірмесін ашу мүмкіндігі бар).

4. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынысына сай әрбір 1000 білім алушыны 1 психолог маманмен қамтамасыз ету.

5. Іс-шаралардың барлық білім алушыларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін онлайн көрмелер мен виртуалды концерттер сияқты мәдени іс-шаралардың жаңа форматтарын енгізу.

6. «Жәнібеков жастарының» бірегейлігін арттыру және жастардың бірлігін нығайту мақсатында арнайы мерч өнімдерін әзірлеу (футболкалар, свитерлер, сөмкелер, белгілер және т.б.). Бұл мерч білім алушылардың студенттік өмірге деген қызығушылығын арттырып, университет ішінде рухани байланыс пен патриотизмді күшейтеді.

SWOT-талдау

ОҚПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
2025 жылдың 12–16 мамыр аралығында университетте Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі (IQAA) сыртқы сарапшылар тобының қатысуымен институционалдық және бағдарламалық аккредиттеуден өтті.

Аталған аккредиттеу нәтижесінде университетіміз институционалдық аккредиттеуден сәтті өтіп, 24 білім беру бағдарламасы 2 БББ бакалавриат, 2 БББ докторантура 5 жыл мерзімге аккредиттеліп, тиісті сертификаттарға ие болды. Бұл жетістік университеттің білім беру сапасы, академиялық көрсеткіштері мен ішкі сапа менеджменті жүйесінің жоғары деңгейде екенін дәлелдейді. Аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламалары жайлы ақпарат 2 кестеде көрсетілген.

IQAA сарапшылары оқу орнының стратегиялық даму бағытына, оқытушылар құрамының әлеуетіне, инфрақұрылымына және студенттерге жасалған жағдайларға жоғары баға берді.

Университет ұжымы бұл жетістікті сапалы білім мен үздіксіз жетілдіру бағытындағы бірлескен еңбектің нәтижесі деп бағалайды.

ББ атауы	
1	6B01101 - Педагогика және психология
2	6B01201 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
3	6B01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау
4	6B01401 - Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау
5	6B01402 - Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау
6	6B01403 - Музыка мұғалімін даярлау
7	6B01404 - Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау
8	6B01602 – Тарих-Дінтану мұғалімін даярлау
9	6B01603 – Тарих және қоғамтану ІР
10	6B01709 - Қазақ тілі мен әдебиеті ІР
11	6B01708 - Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті ІР
12	6B01703 - Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау
13	6B01704 - Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау
14	6B01801 - Әлеуметтік педагогтарды даярлау
15	6B01902 – Арнайы педагогика ІР
16	6B01405 - Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау
17	6B01513 - Математика ІР
18	6B01502 - Физика мұғалімін даярлау
19	6B01515 - Информатика ІР
20	6B01504 - Химия мұғалімін даярлау
21	6B01516 - Биология ІР
22	6B01506 - География мұғалімін даярлау
23	8D01502 - Физика педагогін даярлау
24	8D01504 - Химия педагогін даярлау

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ “Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі” мемлекеттік емес мекемесімен (БСКТА) институционалдық аккредитациясы, бакалавриаттың 23 ББ, магистратураның 17 ББ, докторантураның 8 ББ бойынша постаккредитациялық мониторинг жүргізілді.

ББ атауы		ПАМ есебі	ПАМ жоспары
Бакалавр			
1	6B01101 – Педагогика және психология	+	+
2	6B01201 – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы	+	+
3	6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау	+	+
4	6B01406- Кәсіптік оқыту мұғалімін даярлау	+	+
5	6B01401 – Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау,	+	+
6	6B01402 – Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау,	+	+
7	6B01403 – Музыка мұғалімін даярлау,		
8	6B01404- Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау		

9	6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау,	+	+
10	6B01702 – Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау,	+	+
11	6B01704 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	+	+
12	6B01705-Орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	+	+
13	6B01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін – өзі тану	+	+
14	6B01901- Арнайы педагогика мамандарын даярлау (Логопед)		
15	6B01601-Тарих мұғалімін даярлау	+	+
16	6B01703-Шет тілі мұғалімін даярлау: екі шет тілі	+	+
17	6B01501 – Математика мұғалімін даярлау	+	+
18	6B01502 – Физика мұғалімін даярлау,	+	+
19	6B01503 – Информатика мұғалімін даярлау	+	+
20	6B01504-Химия мұғалімін даярлау	+	+
21	6B01505 – Биология мұғалімін даярлау	+	+
22	6B01506 – География мұғалімін даярлау	+	+
23	6B01405-Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау	+	+
	Магистратура		
1	7M01201- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	+	+
2	7M01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	+	+
3	7M01901-Арнайы педагогика	+	+
4	7M01701- Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	+	+
5	7M01702 - Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	+	+
6	7M01703 - Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау	+	+
7	7M01402- Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау	+	+
8	7M01403- Музыкалық білім педагогін даярлау	+	+
9	7M01404- Көркем еңбек және сызу педагогін даярлау	+	+
10	7M01501 – Математика педагогін даярлау	+	+
11	7M01502- Физика педагогін даярлау	+	+
12	7M01503- Информатика педагогін даярлау	+	+
13	7M01504- Химия педагогін даярлау	+	+
14	7M01505- Биология педагогін даярлау	+	+
15	7M01601- Тарих педагогін даярлау	+	+
16	7M01406-Кәсіптік оқыту педагогін даярлау	+	+
17	7M01506-География педагогін даярлау	+	+
	Докторантура		
1	8D01502- Физика педагогін даярлау	+	+
2	8D01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау	+	+
3	8D01601- Тарих педагогін даярлау	+	+
4	8D01702 - Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	+	+
5	8D01501 – Математика педагогін даярлау	+	+
6	8D01503 – Информатика педагогін даярлау	+	+
7	8D01505 – Биология педагогін даярлау	+	+
8	8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау	+	+

ҰЛТТЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР

Білім беру сапасын қамтамасыз ету тәуелсіз агенттігінің (НАОКО) Бас институционалдық рейтингі – IQAA-Ranking рейтингінде педагогикалық университеттер арасынан 2-орынға ие болды.

Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі (IQAA) «Қазақстанның жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының 2025 жылғы ұлттық рейтингі» нәтижесінде Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті педагогикалық жоғары оқу орындары арасында 2-орынды иеленді. Аталған рейтинг еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарының академиялық көрсеткіштері, ғылыми-зерттеу жұмыстары, интернационалдандыру деңгейі және жұмыс берушілер арасындағы беделі сияқты бірқатар маңызды критерийлер бойынша жүргізілді.

Бұл жетістік – университет ұжымының сапалы білім беру, ғылыми-зерттеу мен халықаралық әріптестікті дамыту бағытында жүргізген жүйелі жұмысының нәтижесі.

10.4. УНИВЕРСИТЕТТИҢ ОПҚ-НЫҢ КРІ ЖҮЙЕСІ

Аккредитация және мониторинг бөлімі 2024 жылдың маусым айында ОҚПУ профессор-оқытушыларының 2023-2024 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштердің орындалуы және оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттер рейтингісінің қорытындылары анықталды. Жалпы саны 360 ОПҚ-ның 290 ОПҚ еңбектерін енгізіп, 70 ОПҚ ендірімеген.

Ғылыми кеңеске ақпарат, баяндама және есептер әзірленді. Рейтингі жоғары алғашқы 10 оқытушы-профессорлар анықталып, 1, 2 және 3-орындарды иеленген факультет декандары мен кафедра меңгерушілерін, алғашқы 10 оқытушы-профессорлары алғыс хатпен марапатталды және дайындалған рейтинг нәтижесі бойынша 40 оқытушы-профессорлардың 2024-2025 оқу жылының жалақыларына қосымша (санатына байланысты) үстеме жалақы қосылды.

2024-2025 оқу жылына оқытушы-профессорлардан «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (КРІ жүйесі)» 2024 жылдың қыркүйек айында комиссияға 32 ұсыныс түсіп қаралды, 12 ұсыныс мақұлданып көрсеткіштерге қосылды. «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (КРІ жүйесі)» жаңа Ережесінің қазақ және орыс тілдерінде үлгілері дайындалып, 117 көрсеткіштері қазақ және орыс тілдерінде ААЖ-ға енгізілді. КРІ жүйесінің жаңа версиясы <https://okmpu.edu.kz> сайтына 2025 жылының қаңтар айында енгізілді.

«Оқытушы-профессорлар құрамының КРІ» көрсеткіштері үш бағытта анықталады: академиялық-23 түрлі көрсеткіштер; ғылыми-61 түрлі көрсеткіштер; тәрбие және жастар саясаты-23 түрлі көрсеткіштер.

«Кафедра меңгерушілерінің жұмысын бағалайтын КРІ» көрсеткіштері-10.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің қызметін бағалау туралы» ережесінің 6.2.7 тармағына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (КРІ жүйесі)» орындалуына мониторинг жүргізу барысында туындайтын даулы мәселелерге байланысты және жалпы рейтингті қорытындылауға, сонымен бірге 2025-2026 оқу жылының «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарына (КРІ жүйесі)» өзгерістерді енгізу үшін ішкі рейтинг жұмыс комиссиясы құрылу үшін Басқарма төрағасы-ректордың атына қызметтік хат дайындалды.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің қызметін бағалау туралы» ережесінің 6.2.8 тармағына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының (КРІ жүйесі)» көрсеткіштерін 2024-2025 оқу жылы аралығында тексеру және растау үшін жұмыс тобын құру үшін Басқарма төрағасы-ректордың у.м.а. атына қызметтік хат дайындалды. «Оқытушы-профессорлар құрамының индикативтік жоспарының» (КРІ жүйесі) жұмыс жасау кестесі құрылып, оқытушы-профессорлар құрамына, кафедралар меңгерушілері мен факультеттердің декандарына хабарланды.

1. КРІ жүйесіне Оқытушы-профессорлар құрамы еңбектерін енгізу – 2024-2025 оқу жылы аралығында.

2. Растаушылардың бағалау мерзімі-2024-2025 оқу жылы аралығында.

3. Шағымдарды қарастыру мерзімі–01.08-05.08. 2025 ж.

4. Қорытынды есеп – 06.08.2025 ж.

10.5. МОНИТОРИНГ

Университеттің білім беру үдерісінде сыртқы тұтынушылар, ОПҚ мен студенттердің ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануына бағалаулар жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында 03.12.2024-17.12.2024 аралығында **"Оқытушы студенттердің көзімен"** сауалнамасын талдау атты «Platonus» жүйесінде электронды сауалнамасы өткізілді.

Сауалнамаға жалпы университет бойынша 7382 білім алушы қатысты бұл 95% құрады. Оқытушылардың жалпы қанағаттану деңгейі жоғары-барлық критерийлер бойынша орташа баға 4,53 құрайды.

Ең жоғары бағаларды физика-математика факультетінің (4,64) және спорт факультетінің (4,63) оқытушылары алды, бұл олардың жоғары кәсіби дайындығы мен студенттермен өзара әрекеттесу тиімділігін көрсетеді.

Мақсаты: Оқу процесін басқару үшін ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейін өлшеу.

Білім алушыларға электронды сауалнамада 9 сұрақ қойылып, нәтижесі көрсетілген. Сауалнаманың негізгі сұрақтары 5 балдық өлшем бойынша бағаланды. сұрақтың.

Жалпы ЖОО бойынша 27 оқытушының жұмысы барлық кәсіби көрсеткіштер бойынша 4,90 балдан жоғары бағаланды.

Жалпы ЖОО бойынша 25 оқытушының жұмысы барлық кәсіби көрсеткіштер бойынша 4,50 балдан төмен бағаланды

Факультеттер бойынша жалпы балл

Факультет	1	2	3	4	5	6	7	8	9	Орташа балл
Физика-математика	4,6	4,6	4,6	4,7	4,7	4,6	4,6	4,6	4,5	4,64
Дене шынықтыру және спорт	4,6	4,6	4,6	4,7	4,6	4,7	4,7	4,6	4,5	4,63
Өнер және білім беру	4,6	4,6	4,6	4,7	4,6	4,6	4,6	4,6	4,5	4,60
Тарих және педагогика	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,5	4,56
Жаратылыстану	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,6	4,5	4,56
Филологиялық	4,5	4,5	4,5	4,6	4,6	4,5	4,5	4,5	4,3	4,50
Жалпы көрсеткіш	4,5	4,5	4,5	4,6	4,6	4,6	4,6	4,5	4,4	4,53

Зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

Филология факультеті ең төменгі жалпы көрсеткішке ие (4,50), бұл оқыту әдістемесін жетілдіру немесе оқушылармен өзара әрекеттесуді жақсарту қажеттілігін көрсетуі мүмкін. Оқытушылар пәнді меңгергені және ұқыптылығы үшін ең жоғары баға алды (4,6–4,7). Өлсіз жер-практикалық сабақтардың тиімділігін қамтамасыз ету және студенттерді болашақ мамандыққа бағдарлау (4,4–4,5). Бұл тәжірибеге бағытталған оқытуды күшейту қажеттілігін көрсетеді.

Ұсыныстар: практикалық сабақтардың тиімділігін және болашақ мамандықпен байланысын арттыру. Материалдың қолжетімділігін жақсарту үшін заманауи оқыту технологияларын енгізу. Оқушылармен, әсіресе филология факультетінде жеке жұмысқа назар аудару.

Университет факультеттерінің оқу жылының орташа балдары салыстырмалы түрде көрсетілген. Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде факультеттердің орташа балдары өткен жылға қарағанда төмендеген.

Декандар мен кафедра меңгерушілері ОПҚ жұмысын студенттердің бағалауының негізгі көрсеткіштеріне назар аударсын.

Кафедра меңгерушілері кафедра отырыстарында "Оқытушы студенттер көзімен" социологиялық сауалнамасы бойынша мәліметтерді талқылайды. Талқылау қорытындылары бойынша кафедралардың шешімдері 2023 жылғы ақпандағы кафедра отырысының хаттамаларында көрсетілсін.

"Студенттердің ЖОО-дағы білім беру процесіне қызмет ету сапасына қанағаттануы" сауалнамасы

Максатты аудитория 7874. Максатты аудиторияның 7567 немесе 96% - ы сұхбат алды. Сауалнама жүргізу кезеңі: 13.12.2024-31.12.2024 . Мамандықтар бойынша жалпы деректер студенттердің қолдау көрсетуге қанағаттануының және ЖОО-да жеке тұлғаны дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасаудың оң динамикасын көрсетеді: акпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуін, топ кураторымен өзара қарым-қатынасты, сабақтан тыс іс-шаралардың тиімділігін, СӨС-ке ықпал ететін жағдайларды, деканаттардың студенттермен, ЦОС-пен студенттермен жұмысын бағалауды, педагогикалық студенттерді әлеуметтік қолдау нысандары туралы акпараттандырудың тиімділігі, Студенттік топтардың моральдық-психологиялық ахуалын бағалау – барлық көрсеткіштер бойынша 5 балдық шкала бойынша 4,7 балдан жоғары.

Зерттеу құралдарының сипаттамасы: университет Platonus жүйесінде электрондық форматындағы студенттердің жауаптарының жеке формасы Жалпы талдау: Ең жоғары қанағаттану: Медициналық пункт (4,63) — бұл ең жоғары көрсеткіш, бұл студенттердің қанағаттанушылығының жақсы деңгейін көрсетеді. Қоғамдық және мәдени өмірдің жалпы сапасы (4,8) — бұл өте жоғары нәтиже, бұл университеттегі Мәдени іс-шаралар мен әлеуметтік өмірді оң қабылдауды көрсетеді. Жақсартуға арналған аймақтар: Интернетке қол жетімділік және компьютерлердің болуы (4,28) — бұл ең төменгі баға, бұл студенттерге технологиялық ресурстармен қамтамасыз етуді жақсарту қажеттілігін көрсетуі мүмкін. Асханалардағы тамақтану сапасы (4,44) — сонымен қатар салыстырмалы түрде төмен баға, мәзірдің сапасын немесе әртүрлілігін жақсарту қажет болуы мүмкін. Қанағаттанудың орташа деңгейі: Бағалар 4,44-тен 4,57-ге дейін өзгереді, бұл жалпы университет өмірінің көптеген аспектілері бойынша студенттердің қанағаттануының жоғары деңгейін көрсетеді.

Ұсыныстар: Оң жақтары: медициналық көмек, мәдени өмір және қызмет көрсету орталығының жұмысы жақсы бағаланады. Ықтимал жақсартулар: Интернетке қол жетімділік пен компьютерлік техниканың жақсаруына, сондай-ақ асханалардағы тамақтану сапасына назар аударған жөн.

"Жұмыс берушілердің ОҚПУ түлектерінің дайындық деңгейіне қанағаттануы" сауалнамасы әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша. Мақсаты жоғары оқу орны дайындайтын мамандардың сапасы мен кәсіби сәйкестігін талдау бойынша жұмыс берушілерге объективті баға беру. Мақсаттарға сәйкес зерттеудің негізгі міндеттері қалыптастырылды: Студент-практиканттардың қабілеттерін бағалау. ЖОО түлектерінің кәсіби біліктілік деңгейін бағалау, студенттердің практикалық дағдыларын бағалау, ЖОО бекіткен практика әдіскерлерінің жұмысын бағалау, студент-практиканттармен жұмыс істеудегі қиындықтардың болуы және оларды бағалау, педагогикалық практикада мамандықтарға сұраныс. Болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жақсарту бойынша жұмыс берушілердің ұсыныстары.

Кадрларды даярлауды жақсарту бойынша ұсыныстар Зерттеу құралдарының сипаттамасы: Google электрондық форматындағы респонденттердің жеке жауап формасы. Сауалнама үлгісі: 115 респондент-жұмыс беруші.

Сараптамалық сауалнаманың қорытындылары мен ұсынымдары:

Жұмыс берушілермен екіжақты қарым-қатынас нысандарын кеңейту: дөңгелек үстелдер, ОҚПУ түлектері қауымдастығының жұмысы

ЖОО түлектерінің кәсіби құзыреттіліктерін бағалау: кәсіптік қызметте технологияларды меңгеру, кәсіп бойынша іргелі білім деңгейі, кәсіптік қызметте қолданылатын компьютерлік құралдарды меңгеру-тиісінше 58,2% - дан сауалнама жұмыс берушілерін қанағаттандырады.

Жұмыс берушілер түлектердің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі критерийлері деп атады: дайындық сапасы - 85,1, ЖОО мәртебесі(Мемлекеттік) - тиісінше 25,4%. Сауалнама жұмыс берушілерінің 92,5% - ы мамандық түлектерін даярлаудың мазмұны мен сапасы мәселелері бойынша ЖОО-мен тұрақты байланыста болады.

Кафедра жұмыс берушілердің оқу үдерістеріне ЖЭС-ті түзету және жаңарту, педагогикалық және зерттеу тәжірибелерінің сапасы мен мазмұны, оқу құралдарын рецензиялау, мек-ке қатысу мәселелері бойынша кеңес беруге қатысуын кеңейтуі керек.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ түлектерін жұмысқа орналастыруды әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша есеп.

Аккредиттеу бөлімі түлектер арасында сауалнама жүргізді. Зерттеу мақсаты: түлектердің білім беру қызметтері нарығының сұраныстарына кәсіби дайындық деңгейін талдау. Зерттеудің міндеттері: ЖОО-да алынған кәсіби білімнің еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестігі, кәсіби қызметке дайындығы, кәсіби қызметке дайын болмау себептері, түлектердің педагогикалық жұмысқа дайындығы, ЖОО түлектеріне жұмыс берушілердің сұраныстарының болуы. Зерттеу құралдарының сипаттамасы: Google электрондық форматындағы респонденттердің жеке жауап формасы

Социологиялық зерттеу қорытындылары мен ұсынымдары: ЖОО түлектерінің 74% - ы ЖОО-да алған кәсіби білімдерінің еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестігін атап өтеді. Мамандық түлектері ЖОО-да алған практикалық және зерттеу дағдылары жұмысқа орналасу кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп санайды. Түлектердің респонденттері ОҚМПУ-да алған даярлық (мамандық) бағыты бойынша өздерінің кәсіби қызметіне толық қанағаттанады. Мамандық түлектерінің 100,0% - ы жұмысқа орналасуда ақпараттық сүйемелдеудің және ЖОО-ның қолдауының бар екендігін атап өтеді.

"Білім алушының оқу нәтижелеріне қанағаттануы"сауалнамасы

Әлеуметтік сауалнама қорытындылары бойынша есеп "ЖОО-ның 3,4 курс білім алушыларын білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін бағалау" Сауалнаманың мақсаты мен міндеттері: 3, 4 курс студенттерінің білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелеріне қанағаттануын, мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға дайындығын талдау. Талдаудың негізгі бірліктері: Сауалнама үлгісі: 1247 толтырылған сауалнама.

Мамандықтар бойынша жалпы деректер ЖОО-ның 3,4 курс студенттерінің білім беру бағдарламаларына оқыту нәтижелеріне қанағаттануының оң динамикасын көрсетеді: элективті пәндер бойынша алған білімдерінің сапасы, мамандық пәндері (таңдау бойынша) бойынша алған білімдерінің жаңалығы мен өзектілігі, мамандық бойынша алған теориялық білімдерінің көлемі, мамандық бойынша практикалық іскерліктер мен кәсіптік дағдылар, тізбеге сәйкестігі және кафедра ұсынатын таңдау пәндерін оқыту сапасы, қазіргі заманғы еңбек нарығының сұраныстары, кафедра ұсынатын элективті пәндер мазмұнының (таңдау бойынша) еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі – барлық көрсеткіштер бойынша 5 баллдық шкала бойынша 4,7 балдан жоғары. ЖОО-ның 3,4 курс студенттерінің білім беру бағдарламаларына жалпы университет бойынша оқу нәтижелеріне қанағаттануының жалпы орташа балы-4,77 балл (95,4%). ОҚМПУ бойынша факультеттердің негізгі рейтингі білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелерінің 4 курс студенттерінің қанағаттануы: Жаратылыстану ғылымдары-4,85 Филологиялық-4,85 Дене шынықтыру және спорт-4,80 Өнер және білім беру – 4,78 Физика-математика – 4,70 Тарих және педагогика– 4,68.

ЖОО-да білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелері бойынша респонденттер бөлетін қанағаттанудың негізгі көрсеткіштері: Мамандық бойынша алынған теориялық білім көлеміне қанағаттану – 4,80 балл Кафедра ұсынатын элективті пәндер мазмұнының (таңдау бойынша) еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі-4,80 балл Мамандықтың элективті пәндері бойынша алған білімдерінің жаңалығы мен өзектілігі (таңдау бойынша) – 4,79 балл Элективті (таңдау бойынша) пәндерді оқыту сапасы-4,78 балл Кафедра ұсынатын таңдау бойынша пәндерді оқыту тізбесі мен сапасының қазіргі еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестігі - 4,78 балл Мамандығы бойынша практикалық дағдылар мен кәсіби дағдыларға қанағаттану - 4,77 балл. Элективті пәндер бойынша алынған білім сапасы (таңдау бойынша) – 4,75 балл Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс істеуге дайындық- 4,73 балл.

Социологиялық зерттеу қорытындылары мен ұсынымдары: ЖОО-да білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелері бойынша 3,4 курс студенттері 5 балдық шкала бойынша 4,7 балдан жоғары бөлетін қанағаттанудың негізгі көрсеткіштері.

ЖОО кафедраларына білім беру бағдарламаларының мазмұнын сапа мен жаңашылдық бағытына қайта қарау ұсынылады.

Практикалық дағдылар мен дағдылар ЖОО білім алушыларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға дайындығын анықтайды, сондықтан өндірістік практика бағдарламасын дуальды оқыту элементтерін оқу процесіне тереңдету керек.

«Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа көзқарасы»

Зерттеу мақсаты: білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру; Оқу-білім беру үдерісінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау.

Зерттеудің объектісі: 1-4 курс білім алушылары және магистранттар мен докторанттар. 3604 респондент.

Сауалнама технологиясы: «гугл тест» жүйесі негізінде жүргізілді.

Сауалнама құрылымы: 11 сұрақтан тұрады.

Сауалнама түрі: жабық сұрақты (дайын жауап нұсқаларымен), анонимді.

Сауалнама жүргізу мерзімі: 2025 жылдың 18 ақпан 14 наурыз аралығында.

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлық жайлы ойын білу мақсатында *«ЖОО-да сыбайлас жемқорлық бар деп ойлайсыз ба?»* деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 8,4% (302) «ия» деген жауапты белгілесе, 17,5% (630) «кейде» деген жауапты көрсетті, ал 68,6% «жоқ» (2472) деген жауап берген, 5,5% (200) «жауап беруге киналамын» деген жауап берді.

«Сіз біздің ЖОО-да сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болдыңыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 2,9% (105) «ия» десе, 4,6% кейде, ал 88,5% «жоқ» деп көрсеткен, 2,9% (105) «Жауап беруге киналамын» деген жауапты тандаған.

«Университеттегі сыбайлас жемқорлық фактісінің бастамашы кім деп ойлайсыз?» деген сұраққа білім алушылардың 5,9% (213) «ЖОО әкімшілігі» деген жауапты тандаса, 15,4% (555) «Студенттер/талапкерлер», 3,1% (110) «Студенттердің/талапкерлердің ата-аналары», 11,4% (412) «оқытушылар», 1,2% (44) «оқу-көмекші персонал», 47,5% (1712) «жауап беруге киналамын», 15,5 (558) «өзге тұлғалар» деген жауап нұсқасын тандаған.

«Университетте өткізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы білесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің 74,4% (2680) ия десе, ал 25,6% жоқ деген жауапты тандаған.

«Білім алушылар (топ старостасы) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашысы болып табылады ма?» деген сұраққа респонденттердің 6,7% (241) ия деген жауап нұсқасын тандаса, 12,5% (449) кейде деген нұсқаны тандаған, 75,3% (2715) жоқ деген жауап нұсқасын, ал 5,5% (199) жауап беруге киналамын деген нұсқасын тандаған.

«Пән оқытушысы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашысы бола алады ма?» деген кезекті сұраққа білім алушылардың пікірі келесідей болды: 12,5% (449) ия, 16% (578) кейде десе, 63,4% (2285) жоқ, 8,1% (292) жауап беруге киналамын деген нұсқаларды тандаған.

«Сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашы университет қызметшісі бола алады ма?» деген кезекті сұраққа білім алушылардың пікірі келесідей болды: 11% (398) ия, 14,6% (527) кейде десе, 63,7% (2294) жоқ, ал 10,7% жауап беруге киналамын деген нұсқаларды тандаған.

«Білім алушыны сыбайлас жемқорлық қатынастарға түсуге итермелейтін себеп оқытушының ашық нара алуы болып табылады ма?» деген сұраққа респонденттердің 20% (735) ия деген жауап нұсқасын тандаса, 13,6% кейде (489) деген нұсқаны тандаған, 53,6% (1931) жоқ деген жауап нұсқасын, ал 12,5% (449) жауап беруге киналамын деген нұсқасын тандаған.

«Қанағаттанарлықсыз немесе рейтинг бойынша 4 балдан төмен балл алудан қорқу білім алушыларды сыбайлас жемқорлық қатынастарына түсуге итермелейді деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа білім алушылардың 24,4% (881) ия деп жауап берсе, 20,3% (732) кейде деген жауапты тандаған, 46,8% (1687) жоқ деп көрсетті. Ал 8,4% (304) жауап беруге қиналамын деген нұсқаны көрсеткен.


Сауалнамаға қатысқандардың жартысы, яғни 56,5% (2036) «Сіз ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы комплаенс офицерге хабарлауға дайынсыз ба?» деген сұраққа комплаенс офицерге хабарлауға дайын екенін айтқан. Ал, 28,3% (1020) хабарлағысы келмейтінін мойындаған. Сондай-ақ, 15,2% (548) жауап беруге қиналатындығын атап өткен.

Жоғары оқу орнындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында респонденттерге «ЖОО қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тиімді ме?» деген сұрағына 63,4% толық қанағаттандырады десе, 30,6% жартылай қанағаттандырады деген, ал 6% (216) қанағаттандырмайтындығын айтқан.

Университеттегі сыбайлас жемқорлықты төмендететін факторлардың маңыздылығын респонденттер келесідей көрсеткен:

- университетте әкімшілік бақылауды күшейту; (47,7% 1718)
- сыбайлас жемқорлыққа жататын әрекеттер тізбесін енгізу және оны студенттер мен оқытушыларға жеткізу; (37,1% 1336)
- сенім телефонын құру, ақпараттандыру; (24,9% 896)
- оқытушылардың енбекақысын ұлғайту; (15,9% 574)
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қатаңдату; (26,3% 947)
- емтихандар мен сынақтарды қабылдау рәсімдерінің жариялылығын қамтамасыз ету (16,8% 604)

3 604 ойыс



ЖОО әкімшілігін бақылау күшейту
 студенттер/ талғамдар (студент/ абитуриент)
 студенттер/ талғамдар (студент/ абитуриент)
 оқытушылар (оқытушылар)
 құқық қорғау органдары (құқық қорғау органдары)
 жауап берушінің лауазымына байланысты
 өзге тұлғалар/ тұлғалар

Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыныстар:

1. Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың басым көпшілігінің ойынша (83,7%) өздері оқып жатқан білім ордасында сыбайлас жемқорлық жоқ. Өздері саналы түрде, өздігінен сыбайлас жемқорлыққа бармайтынын (79%) және оқытушылар тарапынан да бұған жол бермейтінін (64,5%) айтқан. Егер сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне куә болса, комплаенс-офицерге хабарлайтынын (50,2%) мойындаған. Респонденттердің пікірінше университет шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан іс-шаралар тиімді (40,8%), университетте әкімшілік бақылауды күшейтіп (23,1%), құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті қатаңдату (25,4%) арқылы сыбайлас жемқорлық фактілерін төмендетуге болады.

2. Жоғары оқу орнының жастар ұйымы, комплаенс-офицер білім алушыларды әлеуметтік желілер арқылы сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік құбылыс, заңға қайшы әрекет, экономикалық құбылыс ретіндегі мәні туралы хабардар етуі қажет.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын құру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл тек пассивті сипатта ғана болмауы тиіс: Мен сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатыспаймын және қабылдамаймын, сонымен қатар белсенді түрде біздің қоғамдағы кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерімен күресемін деген ойды әрбір оқытушының санасына құю қажет.

4. Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын ынталандыру.

5. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің объективті мүмкіндіктері: жолдары мен нысандары туралы хабардар ету.

7. Әр білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті орнату қажет.

10.6. SWOT—ТАЛДАУ

S (strength) – күшті жақтары	W (weakness) – әлсіз жақтары
Танылған аккредиттеу органдарының тізіміне енген агенттіктерде университеттің білім беру бағдарламаларын аккредиттеу; Аккредиттеу бойынша еуропалық стандарттар мен нұсқаулардың талаптарына сай аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу; Білім беру бағдарламалары мен дайындық бағыты бойынша ЖОО-ның арасында ұлттық және халықаралық рейтингтерге университеттің жыл сайын қатысуы;	Әрбір құрылым мен бөлім басшылары өз үдерістерін жақсарту үшін мониторингтік зерттеулердің нәтижесін пайдаланбауы; Мониторинг жүргізу барысында Платонус ААҚ сауалнама модулінің есептердің барлық нұсқауларын бермеуі.
O (opportunity) – мүмкіндіктері	T (threat) – қауіп-қатерлер
Рейтингке қатысушы ЖОО арасындағы көшбасшылар үштігіне ену мақсатымен Республикалық және Халықаралық деңгейде университет статусы мен имиджін көтеру; Халықаралық рейтингтерден орын алу арқылы университетте білім алатын шетел азаматтарының қатарын көбейту;	Қаражат мәселесінің қиындай түсуіне байланысты әртүрлі рейтингтерге қатыспауы; Ғылыми дәрежелі оқытушы-профессорлардың рейтинг көрсеткішінің төмен болуы; Сауалнамаға ОПК мен білім алушылардың толық қатыспауы;

10.7. ҚОРЫТЫНДЫ

1. 2024-2025 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің кадрлар әлеуеті потенциалы 784 қызметкер құрады. Оның ішінде 428 оқытушы-профессорлар құрамы, штат бойынша 392. Ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылардың штат бойынша көрсеткіші 51,64 пайыз болды.

2. 2024-2025 оқу жылында ЖОО арасындағы “Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы” атағына п.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор - Кудышева Айнаш Амангельдыевна; х.ғ.к., доцент, “Химия” кафедрасының профессоры-Шертаева Наилә Турдығалиевна ие болды;

3. 2024-2025 оқу жылында «Болашақ» бағдарламасы шеңберіндегі 500 ғалым жобасы аясында «Болашақ» халықаралық стипендиясына іріктеу конкурсының нәтижесі бойынша 9 оқытушы-профессор оқуға жіберілді.

4. 2024-2025 оқу жылында Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті педагогикалық білім беру сапасын күшейту мақсатында Дүниежүзілік Банктің «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде келесі инновациялық білім беру бағдарламалары енгізілді. Бакалавриатқа: 6B01513 Математика, 6B01515 Информатика, 6B01516 Биология, 6B01603 Тарих және қоғамтану, 6B01902 Арнайы педагогика, 6B01708 Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 6B01709 Қазақ тілі мен әдебиеті. Магистратураға: 7M01509 Цифрлық педагогика

5. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 81 білім алушы шетелдің жоғары оқу орындарында білім алып, өзара тәжірибе алмасты. оның ішінде университеттің 38 білім алушысы Польша, Чехия, Түркия, Өзбекстан, елдерінің университеттерінде білім алса, 19 магистрант пен 24 докторант шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консульдығының қолдауымен Стамбул қаласындағы Ибн Халдун университетінде білім алушылар мен қызметкерлерге арналған «Жазғы мектеп-2025» бағдарламасы ұйымдастырылып, 5 білім алушы мен 1 қызметкер жіберілді.

6. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы 36 білім алушы Қазақстанның әр түкпірінен, атап айтқанда, Алматы, Атырау, Көкшетау, Өскемен, Тараз, Павлодар қалаларынан келген студенттер университетте бір семестр бойы білім алса, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 52 білім алушысы Алматы, Павлодар, Ақтау, Тараз, Қызылорда, Түркістан қалаларында білім алып, тәжірибе алмасып келді.

7. ОПҚ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 34 ОПҚ шетелдік ЖОО-ларда (Польша, Қырғызстан, Өзбекстан) дәрістер оқып, тәжірибе алмасты және халықаралық гранттық жобалар конкурсына 2 жоба жіберіліп, қаржыландыру көлемі 8 080 АҚШ доллары құрайтын 1 жоба жеңіп алынды.

8. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ОПҚ жалпы жылдық айналымы – 64 оқытушы, оның ішінде 37 ОПҚ отандық ЖОО-ларда дәріс оқыса, 27 ОПҚ отандық ЖОО-лардан тартылды.

9. Халықаралық ынтымақтастық қатынастарын нығайту мақсатында 14 шетелдік және 6 отандық ЖОО-лармен келісімшарттарға қол қойылды.

10. Солтүстік (Арктикалық) федералды университетпен (Ресей) қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша 7М01702-Орыс тілі мен әдебиеті педагогын даярлау білім беру бағдарламасына 3 магистрант қабылданып, білім алуда. Сондай-ақ, Анкара университетімен (Түркия) «7М01901-Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасы реестрге тіркеліп, келіссөздер жүргізілді.

11. Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша бірлескен «6В01512 Физика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

12. Түркия мемлекетінің Гази университетімен бакалавриат бойынша қос диплом «6В01707 Шетел тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы жасалынып келісуге жіберілді.

13. Кафедра пәндерінің оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі жоғары деңгейде жүзеге асырылып, үш тілде элективті пәндер каталогы жасақталды. Студенттердің өзіндік жұмыстары әртүрлі форматта ұйымдастырылып, олардың академиялық және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталды. Ашық сабақтарда заманауи интерактивті әдістер кеңінен қолданылып, инновациялық педагогикалық технологиялар (stem, флипид класс, акт, кейс-стади және т.б.) сәтті ендірілді.

14. ЖАОК әзірлеу, дуальды оқыту элементтерін ендіру, электронды оқу басылымдарын дайындау бағыттарында нақты жұмыстар жүргізіліп, оқу процесінің сапасын арттыруда он өзгерістер байқалды. Оқу үдерісін ұйымдастыруда әдістемелік семинарлар, ашық сабақтар, практикалық бағыттағы зерттеулер жүйелі жүзеге асты.

15. 2024 жылы 1084 бітірушінің 976-ы жұмыспен қамтылды, оның ішінде мамандық бойынша жұмысқа орналасқандары – 649 (66%). Жалпы түлектердің 90 пайызы жұмысқа орналасты.

16. 2024-2025 оқу жылында кәсіптік практика «СМЖ ОҚПУ Е 7.05-2023 Білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру мен өткізу ережесі» талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

17. 2024-2025 оқу жылында кәсіптік практиканы өткізуге арналған 169 мекемемен 254 келісім шарт жасалды, оның ішінде 81 мекемемен 3 жылға екі жақты келісім шарт, 88 мекемемен үш жақты келісім шарт тіркелді.

18. 2024-2025 оқу жылында 5477 студент (2-4 курстар) Шымкент қаласындағы практика базаларында кәсіптік практикадан өтті.

19. 2024-2025 оқу жылында 4 курс 1750 студенттің 5,4 пайызға жуығы сұраныс хат негізінде (94 келісім шарт) педагогикалық практикадан өтуге жіберілді.

20. Магистранттар мен докторанттардың өндірістік, педагогикалық, зерттеу практикаларынан өту талаптарға сай орындалды.

21. Тәрбие және әлеуметтік салада атқарылған жұмыстары салалық министрлікке қарасты департаменттердің тапсырмаларын орындау, мемлекеттік және қоғамдық

мекемелермен біріккен тәрбиелік жұмыстарға ОҚПУ студенттерінің көптеп қатыстырылуы есебінен жоспардан артық орындалды.

22. Өнер және білім факультетінде 2024 күнтізбе оқу жылында 57 оқытушы-профессор жұмыс атқарды, факультет бойынша ОПК ғылыми дәрежелігі 42,1 % құрайды. Жоспар бойынша 13 ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді. 2024 күнтізбе оқу жылында Өнер және білім факультетінде Халықаралық рецензияланған журналдарда – 3, ҚР БжҒМ Комитеті ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда – 7, басқа журналдарда – 37, халықаралық, республикалық конференциялар жинақтарында – 57 мақала жарық көрді. Барлығы – 104 мақала.

23. Филология факультетінде 2024-2025 оқу жылында 92 оқытушы-профессор жұмыс атқарды, факультет бойынша ОПК ғылыми дәрежелігі 53,2 % құрайды. Факультет бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары 8 бағытта жүргізілді. Жоспар бойынша 43 ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді. ҚР ҒжБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобалар саны 5.

24. 2024-2025 оқу жылында филология факультетінде Монография – 5, Халықаралық рецензияланған журналдарда – 14, ҚР БжҒМ Комитеті ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда – 26, басқа журналдарда – 63, халықаралық, республикалық конференциялар жинақтарында – 295 мақала жарық көрді. Барлығы – 393 мақала.

25. Физика-математика факультеті бойынша Scopus базасындағы журналдарда – 18, ҚР БжҒМ Комитеті ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда – 15, «ІІМ» журналы -1, халықаралық, республикалық конференциялар жинақтарында – 70, басқа да журналдарда -28 мақала жарық көрді. Барлығы – 132 мақала. Семинар отырысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде өткізілді. 2024-2025 оқу жылында бірнеше рет факультетте шетелдік ғалымдардың қатысуымен ғылыми семинар, тәжірибе алмасу семинары өткізілді. Факультетте алты бірдей гранттық қаржыландырылған жоба жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» бұйрығымен 8D-Информатика педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 1 докторлық диссертация сәтті қорғалды (Белесова Д.Т., 2024 жылғы 05 қарашадағы № 1011) және п.ғ.к., Ибашова А.Б. қауымдастырылған профессор (2025 жылғы 13 наурыздағы № 379 бұйрығы) және Ж.Бейсеков ОҚПУ профессоры атағын алды. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылының бірінші жартысында кафедрамыздың профессоры Иманбаев Н.С. 06 маусым 2024 ж. Министр С. Нұрбектің No287 бұйрығымен Ұлттық Ғылыми Кеңестің апелляциялық комиссиясының құрамына мүше болып қайта тағайындалды. 2024-2026 ж.ж. аралығына Алматы қ. Математика және математикалық модельдеу институтынан ұтып алған AP23485279 ғылыми жобаға институттың бас ғылыми қызметкері қызметінде жетекшілік жасауда. Түркістан қ. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Математика кафедрасында 27 желтоқсан 2024 ж. Магистратураға Министрліктің бұйрығымен МАК төрағасы комиссиясын орындады.

26. Жаратылыстану факультетінде 2024 – 2025 оқу жылында 69 оқытушы-профессор жұмыс атқарды, соның ішінде: ғылым докторлары мен профессорлар – 4 (5,8%), ғылым кандидаттары, PhD мен доценттер – 40 (57,9%), дәрежесіз оқытушылар – 25 (36,2%). Факультет бойынша ОПК-ның ғылыми дәрежелігі – 41 (59,4%). Факультет бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары 6 бағытта жүргізілді. Жоспар бойынша 7 ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді. Факультет бойынша 2024 – 2025 оқу жылындағы жас ғалымдар саны 10. ҚР ҒжБМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобалар саны 3. Халықаралық рецензияланған журналдарда – 29, ҚР БжҒМ Комитеті ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда – 25, басқа журналдарда – 31, халықаралық, республикалық конференциялар жинақтарында – 117 мақала жарық көрді. Барлығы – 203 мақала. «Ғылыми тағылымдамалар» санаты бойынша Болашақ Халықаралық стипендиясы – 4.

27. Тарих және педагогика факультетінде 2024 – 2025 оқу жылында 105 оқытушы-профессор жұмыс атқарды, соның ішінде: ғылым докторлары мен профессорлар – 4 (3,8%), ғылым кандидаттары мен доценттер – 49 (46,6%), PhD – 9 (8,5%), ғылыми дәрежесі жоқ оқытушылар – 43 (40,9%). Факультет бойынша ОПК-ның ғылыми дәрежелігі – 62 (59%). Жоспар бойынша әр кафедраның ғылыми зерттеу бағыттарына сай бекітілген тақырыптар

бойынша 32 ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді. Жас ғалымдар саны 23. ҚР БЖҒМ ҒК гранттық қаржыландыру бойынша жобалар саны-3. Жалпы соммасы-163 713 424 тенге. Стартап жобалар-1. Соммасы 500000 тенге. Барлығы-164 213 424 теңгені құрайды. Факультетте жалпы 290 мақала жарияланды. Оның ішінде: Халықаралық рецензияланған журналдарда – 11, ҚР БЖҒМ Комитеті ұсынған тізім бойынша отандық басылымдарда – 26, «ІІМ» журналында – 4, басқа журналдарда – 86, Халықаралық және республикалық конференциялар жинақтарында – 163 мақала жарық көрді. Авторлық туындылар (авторлық куәлік) саны – 21.

28. Дене шынықтыру және спорт факультеті: Спортшылардың спорттық шығармашылық жетістіктерін студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының жетістіктері деп қаралса, сондай – ақ оқытушылардың қызметтік белсенділігін бағалауға арналған индикаторлармен критериилерді құрастыру.

10.8. ҰСЫНЫСТАР:

1. Барлық құрылымдық бөлімдер мен факультеттерде 2024-2025 оқу жылындағы Ғылыми кеңес шешімдері мен Басқарма отырысы тапсырмаларының орындалу барысына толыққанды талдау жасалып, кемшіліктерді түзету бойынша жұмыстар жүргізілуі тиіс.

2. Ғылыми кеңес шешімдері мен Басқарма отырысы тапсырмаларының мерзімінде, сапалы орындалуы қамтамасыз етілуі қажет.

3. Оқу процесін жаңғырту мақсатында кафедра аудиторияларын заманауи техникалық құралдармен (интерактивтік тақта, проектор, визуализация құралдары) жабдықтау;

4. Университет қабырғасында өтетін педагогикалық практиканы оқу-әдістемелік кабинеттермен, мультимедиялық құралдармен қамтамасыз ету;

5. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына білім алушыларды қатыстыру үлесін арттыру;

6. ОПҚ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына және халықаралық ғылыми тағлымдамаға қатыстыру жұмыстарын күшейту;

7. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен оқытушы-профессорларды шақыру жұмыстарын жандандыру;

8. «Күміс университет» жобасы бойынша жұмыстарды жандандыру;

9. диссертациялық кеңес санын арттыру.

10. Деканаттар тарапынан ақылы негізде білім алушы студенттердің оқу белсенділіктерінің төмен болу себептері талданып, үлгерімді арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілуін ұсынамыз.

11. Университеттің Академиялық саясатының оқу процесіне қатысты талаптары әрбір оқу тобында деканаттар тарапынан түсіндірілуін ұсынамыз.

12. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына білім алушыларды қатыстыру үлесін арттыру, ОПҚ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына және халықаралық ғылыми тағлымдамаға қатыстыру жұмыстарын күшейту мақсатында университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржы бөлуді ұсынамыз.

13. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен оқытушы-профессорларды шақыру жұмыстарын жандандыру және университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржы бөлуді ұсынамыз.

14. Университеттің стратегиялық серіктестерімен байланыстарды нығайтуда, бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жұмыстарын ілгерілетуде, ағылшын тілінде оқытатын ОПҚ үлесін арттыруда кафедра менгерушілерінің жауапкершілігін арттыруды ұсынамыз.

15. Емтихан сессиясы кезінде өз қалауы бойынша аудиторияны ауыстыру, емтихан түрін ауыстыру, емтиханның уақытын ауыстыру кездесуіне байланысты, осы жағдайларды болдырмау мақсатында кафедра менгерушілері кафедра мүшелерімен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз.

16. Диплом жобалары мен жұмыстарының тақырыптарын бекіту барысында білім саласындағы өзекті мәселелерді кеңінен қарастыру.
17. Диплом жобалары мен жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне енгізу актілерін арттыру.
18. Әдістеме бойынша жазылған магистранттардың диссертацияларында оқыту әдістемесінің тиімділігін зерттеу эксперименттерінде мониторингін көрсету.
19. Диплом жобалары мен жұмыстарындағы және диссертациялардағы зерттеу нәтижелерін ғылыми конференцияларда мақала ретінде шығару.
20. Педагогикалық практика барысында студенттерге психологиялық көмек көрсетуді қарастыру.
21. Тәрбие бағытындағы жұмыстар туралы жылдық есебі «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
22. Университетте болашақта әрбір студенттің әлеуметтік жиынтық iGPA баллын енгізу мен есептеу туралы ақпараттық мағұлматтарды топ жетекшілері тарапынан түсіндіру мен платонуска енгізу жұмыстарын ілгерілету.
23. Іс-шаралардың барлық білім алушыларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін онлайн көрмелер мен виртуалды концерттер сияқты мәдени іс-шаралардың жаңа форматтарын енгізу.
24. Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ студенттерінің контингентін жоғарылату мақсатында факультет декандары, кафедра меңгерушілері мен профессор-оқытушылардың кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу жүйесін жандандыру.
25. Білім беру көрмелеріне қатысу, «Ашық есік» күндерін тұрақты өткізу және әлеуметтік желіде белсенділікті арттыру.
26. «IPR SMART» әлемдік цифрлық кітапханасын сатып алу кітапхананың 2025 жылға арналған даму жоспарына енгізу.